

1 2008
784 к

МТГ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ТҮФҮРЫН

Әмеди ХАСЕНОВ

ТІЛ
БЛІМІ



МЕМЛЕКЕТТИК ТІЛ - ТҮФҮРЫН

Әмеди ХАСЕНОВ

**ТІЛ
БІЛІМІ**

**“Ер-Дәүләт”
Астана
2007**

ББК 81.2

X 23

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ**

**АҚПАРАТ ЖӘНЕ МУРАГАТ КОМИТЕТИНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

Хасенов Ә.

X 23

Тіл білімі. – Астана: Ер-Дәulet, 2007. - 128 бет

ISBN 9965-436-43-6

Көрнекті ғалым Әмеди Хасеновтың бұл кітабында тілдің негізгі жүйесі мен құрылымдық мәселелері қарастырылған. Қазақ тілінің негізгі қағидалары мен тұжырымдары дүние жүзіндегі бірсыныра тілдердің ерекшеліктерімен салыстырыла зерттелген. Тілдің стилистикалық, диалектілік, тарихи, лексикалық т. б. зандаудықтары жан-жақты қамтылған.

Кітап студенттерге, оқытушыларға, мамандарға арналған.

4602020400

**X ----- хабарландырылған – 2007
00(05)-07**

ББК 81.2

ISBN 9965-436-43-6

© Хасенов Ә. 2007
© “Ер-Дәulet”, 2007

ТІЛДІҢ ЛЕКСИКА ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰРАМЫ

Тіл ерекшеліктері түрлі-түрлі түрғыдан, әсіресе тілдің түрлі единицалары түрғысынан зерттелініп, тексеріледі. Тілдегі түрлі единица ұғымына кіретіндер: тілдің дыбыстық және мағыналық жақтары, сөздер мен морфемалар, сөз тіркестері мен сөйлемдер. Бұлар – тілдің жалпы жүйесінің негізгі элементтері, бөлшектері. Былайша айтқанда, бұлар – «тіл жүйесінің жүйелері».

Тіл деңгейі (уровень) бір-бірімен тығыз байланыста болатыны мәлім. Мәселен, әрбір морфема фонемадан құралады. Олай болса, фонема мен морфема – тіл деңгейлерінің екі жағы: бірі – тілдің фонемалық жағы. Бұл – тілдің «ең кіші» деңгейі. Екіншісі – тілдің морфемалық жағы. Бұл – тілдің «жоғары» деңгейі.

Морфемалардан лексема құралады. Ал лексемалар тіркесі синтаксистік конструкцияларды құрайды. Бұдан келіп тіл деңгейінің тағы да екі түрі: лексика және сөз тіркесі, яғни синтаксис атты түрлері келіп шығады. Қысқасы, кез келген текст фонемаға, морфемаға, лексемаға, синтаксистік конструкцияларға жіктеледі (бөлінеді). Бұлардың ішіндегі ең қысқа единицалардың бірі – сөз; ал сөз мағынасын ажырататын единица – фонемалар. Пікірімізді тағы да бір нақтыласақ, бұдан тілдің фонемалық (фонетикалық) деңгейі, тілдің сөз деңгейі деген ұғымдар, сондай-ақ, фонологиялық – лексика – морфология – синтаксис деңгейі дегендер келіп шығады. Бұлар, тұтасынан алғанда, тіл құрылымы мен жүйесін құрайды.

Тілдегі сала-салага бөлініп, қат-қабат болып келетін сөз топтары ұлттық әдебиттілжүйесіндегі лексикалық семантикасы мен құрылымы жағынан болсын, грамматикалық семантикасы мен түрпат (форма) жүйесі жағынан болсын, орфографиялық (жазбаща) және орфоэпиялық (аудиозда) нормалары жағынан болсын, бірынғай ізге түскен, жүйелі занға бағынған тұтас, сом тұлға сияқты әрі сом сом тұлғаның бөлек-бөлек мүшелері сияқты қызмет атқарады.

Тілдің бір жүйесі – сөздік құрамының ірі-ірі бөлшек-бөлшек мүшелері саналатын лексикалық единицалар, демек, сөздер түр-түрпattары жағынан баска-басқа болып көрінгенімен, оқшау-оқшау бытыранды нәрселер емес, бір-біріне қатысты, өзара бір-біріне жақын я ұқсас грамматикалық сипаттары бар, жүйе-жүйеге сараланатын топ-топ сөздер есебінде қызмет етеді.

Тілдің лексикасы – белгілі бір жүйелер жиынтығы дедік. Тілдің фонетикалық және грамматикалық жүйелері мен құрамына қарағанда, тілдің лексикалық құрамы әлдеқайда курделі де көлемді, өзгеріске бейімделгіш келеді, үнемі дерлік даму, жетілу, баю, толығу процесінде болады.

Тіл-тілдің лексикалық ерекшеліктерін жан-жакты және өзара байланысты түрде қарастырылады. Мәселен, тіл білімінің үлкен саласы лексикологиялық негізгі объектісі – сөз десек, тілдегі сөз тағдыры мен қыр-сырының өзін алуан түрлі жағынан: сөз мағынасы, сөз мағынасының ақиқат шындыққа қатысты, сөз жасау амал-тәсілдері, сөздердің басқа бір топтарымен байланысы, сөз топтарына қатысы, сөз мағыналарының контекстуалдық шектестігі мен шенденестігі, семантика-фразеологиялық байланыстары, сөздердің сөйлеу контекстіне, стилистикалық сипаттарына қарай байланысы т.б. айқындалап, саралау керек болады.

Мәселен, қазақ тіліндегі бір ғана бой сөзі жүз шакты тұрақты тіркеске – фразеологиялық единицаға тірек болады екен: *аза бойы қаза болды*, *бой алдырыды*, *бой бақты*, *бой бермейді*, *бойга ас баттайды*, *бойына бірдеме бітті*, *бойга дарытпады*, *бойын аулақ салды*, *бой жазады*, *бой жасады*, *бой жетті*, *бой сұытты*, *бой тартты*, *бой тасалады*, *бой жасырды*, *бой түзеді*, *бойы балқыды*, *бойы босады*, *бойына сіңді*, *бойы самарқау тартты*, *бой тұмар*, *бой таса*, *тал бойы*, *тұла бойы* т.б.

Сөз тағдыры да адам тағдыры сияқты, қызық-қызық жэйттерді бастан кешіруі мүмкін. Белгілі бір сөз қазіргі қалыптасқан мағынасына бірталай асулардан асып келіп жетуі ықтимал. Мысалға орыс тіліндегі рубль сөзін алайық: орыс тіліндегі рубль сөзі үндінің рупийінен алынған деген жорамал бар. Үнділіктерше, рупий – «мал» деген сөз. Бір кездерде, ақша шыққанға дейін, ақша қызметін мал

атқарған. Айырбасқа мал, аң терілері, астық, қысқасы, заттың өзі жүрген.

Десе де, орыс тарихшылары «рубль» сөзін «рубить» (ұсақтап, майдалау, бөлшектеу) етістігімен байланыстырады. Оның себебі мынада: ежелгі Русъта акша единицасы қызметін *гривна* – салмағы 200 грамдай күміс кесегі атқарған. Мәсслен, сондай бір күміс кесекке 20 тиін терісін сатып алуға болады еken. Половецтер князь Игорьды тұтқыннан босату үшін екі мың күміс кесегін сұрапты. Сөйтіп, қазіргі рубльдің арғы атасы – ертедегі гривна (күміс кесек). Шетелдік басқыншылар да орыс княздіктері мен шаруаларына күміс кесектен салық салатын болған. Мұндай жәйт келе-келе күмісті ұсақтап, бөлшектеуге «рубить», яғни кесек күмісті «майдалап-майдалап» барып қана салықтан құтылуға мәжбүр еткен. Орыс жазбаларында «рубль» сөзі XIII ғасырдан бастап кездеседі. Феодалдық құрылым кезінде әр княздік өз ақшасын шығарыпты. Новгородта, Тверьде, Рязань мен Псковта монета жасайтын шеберханалар болыпты. Москва күмісі Новгород күмісінен екі есе кіші еken. Келе-келе, Иван Грозный тұсында, монета салмағы мен түр-түсі бір қалыңқа келтіріліпті де, бір сом – жұз тиын баламасы ретінде қабылданыпты. Ал айырбас үшін бақыр монеталарды шығарған – I Петр («Известия», 28.04.1983).

Тіл-тілдің қазіргі сөз байлығы – ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, бірден-бірге ауысып, бүтінгі дәуірге дейін келіп жеткен мол қазына, асыл мұра. Әр халық лексикасы – сол халықтың басынан кешкен ұзақ сонар тарихының, саяси-әлеуметтік өмірінің түрмис-салты, күнкөріс тіршілігінің тілде қалдырған ізі. Тілдегі сөздер – халықтың барлық білген білімі мен білігі; ойы мен идеясы, дүние-таннымы көрінісі. Халық лексикасында қүйініш-сүйініш сезімдері мен эмоциясы да сақталынған. Халық: «Сөз байлығы – елде, кен байлығы – жерде» деп текстен-тек айтпаса керек (А. Ысқаков).

Тіл-тілдің лексикасы үнемі даму процесінде болады; көне заманнан бермен қарай қолданылып келе жатқан байырғы сөздер бұрынғы үйреншікті мағыналарына қосымша, үстеме мағыналар қосып алып, қолданылу өрісін кеңейте түседі; жаңа міндет атқарып, жаңа мағына білдіріп, әдеби

тіл сөздігіне қайтадан еніп, актив лексикада қолданылып жүрген көне сөздер, қарапайым сөздер, жергілікті сөздер, кәсіби, кітаби сөздер де аз емес; орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген интернационалдық сөздер мен терминдер КСРО халықтары тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің, сөздік құрамын мейлінше толықтырып, байыта түсуде.

Тіл-тілдің осындай сан алуан қыр-сыры мол сөз байлығы лингвистиканың үлкен саласы лексикологияда қарастырылып, зерттелінеді. Лексикология – тілдің лексикасы туралы ілім. Тілдің лексикасы дегеніміз – бір тілдің барлық сөздерінің жиынтығы, яғни тілдің сөздік құрамы.

Мұнымен катар лингвистикада лексика термині тағы да бірнеше мағынада колданылады: Лексика – тілдегі сөздердің жасалуы мен шығу тегі, негізіне қарай топтасқан сөздердің барлық жиынтығы; лексика – тілдің сөздік құрамының белгілі бір стилистикалық қабаттарында қолданылатын сөздер тобы; лексика – белгілі бір әдеби бағытқа тән сөздер жиынтығы; нақты бір жазушының немесе көркем шығарманың сөздік құрамы (романтикалық стильдегі лексика; Абай тілі лексикасы; «Абай жолы» романы лексикасы т.б.).

Тіл-тілдің лексикасы замандар бойы жасалынып, байып, толығып отырады. Шығу тегі мен негізіне, басқа да тілдермен қарым-қатынасына, өзінің ішкі даму зандалықтарына қарай тілдің сөз байлығы неше түрлі салалар мен арналардан құралады.

Дәлінкірей түссек, тіл-тілдің лексикасы ең алдымен сол тілдің ежелден бермен қарай даму процесінде келе жатқан байырғы сөздерінен, өзімен туыстас басқа да тілдерге тән ортақтас лексикадан, әр тілдің өз даму зандалықтары мен ішкі мүмкіндіктері арқылы сан жағынан да, сапа жағынан да молығып, толығады. Бұған қоса сол тілдің неологизмдері мен термин және терминология, кірме сөздері, аймақтық және әлеуметтік лексикасы, түрлі жаргондары мен арголары т.б. бір тілдің сөздік құрамы, бүкіл сөз байлығының жиынтығы, яғни лексикасы деген ұғымға кіреді.

Қолданылу аясы мен шеңберіне қарай тіл-тілдің лексикасы ауызекі сөйлеу тілі лексикасы, түрмистық

лексика, кітаби-жазбаша лексика, ғылыми лексика, қоғамдық-публицистикалық, өндірістік-техникалық, ресми-іс қағаздары, аймақтық, әлеуметтік лексика т.б. деп те көптеген түрге бөлінеді.

Белгілі бір стильдік қабаттары мен қолданылу ерекшеліктеріне қарай тіл-тілдің лексикасы бейтараң, жалынлама, қаралайым, эмоционалды, экзотикалық, фамильярлық, интернационалдық, көтеріңкі, вульгарлық деп те, тілдің актив және пассив лексикасы деп те бөлінеді.

§ 1. Лексикологияның негізгі объектісі – сөз

Сөз – біреу мен біреу қарым-қатынас жасағанда қолданылатын ең негізгі единицасы. Созсіз пікір алысу мүмкін емес. Түсінісу, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы сөз арқылы болады. Сөз – тіл дыбыстарынан құралатын негізгі единица. Олай болса, сөз – лингвистиканың ең басты объектісінің бірі. Өйткені тілді зерттейтін тіл білімінің өзі де өз қағидалары мен заңдарын, тіл ерекшеліктері туралы қорытындылары мен тұжырымдарын сөз негізінде жасайды. Бұл – сөздің тіл-тілдегі ұлы күштің бірі скендігінің айғағы.

Сайып келгенде, сөз – адамның туған тілі, адамды дүниеге келтірген, кіндік кесіп, қаны тамған жері, туған өлкесі туралы сезімі. Сөз – адамның арғы ата-бабасының ғасырлар бойғы үні. Оған бір айғағ: ұрпақтан-ұрпаққа терең тарихты жеткізетін – сөз. Тарих бетбұрысында бар үмітің – сөз. Адамның адамшылығын танытатын нәрсе – сөз.

Сөз күші мен құдіреті жөнінде айтылған афоризмдер мен нақылдар өте көп. Олар сөз мағынасы мен ерекшелігін жан-жакты, әр қырынан айқындал, аша түседі: Сөз – өмірдің ұлы қаруы (В.Г.Короленко); Сөз – ойдың көрінісі: ой бұлдыр болса, сөз де бұлдыр (В.Г.Белинский); Сөз өнері – өнер атаулының ең қының және күрделісі (Оноре де Бальзак); Сөз өнерінің сұлулығынаң халықтың жан сұлулығы көрінеді (К.Д.Ушинский); Сөз – адамның аса құдіретті құралдарының бірі (А. Конн); Сөз дегеніміз, былайша айтқанда, сырт киім; ой – киімнің астында жасырылған дене (Ф.М.Достоевский); Ас – түзбен дәмді, су – мұзбен дәмді, ал адамзат салиқалы, саналы сөзімен дәмді (Әлішер

Науан); Сөз – барлық фактілердің, барлық ойдың киімі; Ойы нәрсіздің тілі де нәрсіз (М.Горький); Сөз – ұлы нәрсе. Ұлы дейтін себебіміз: сөзбен адамды достастыруға да болады, жауластыруға да болады... Адамдарды бір-бірінен алшақтататын сөзден сақтан. Құнды сөз құнарлы ойдан шығады (Л.Н.Толстой); Кей сөздердің асыл шақпақ тасқа шаққандай бол әсем сөйлем ішінде ұшқындалп, от төгіп тұратын шағы бар (М. Әусев); Сөз – халықтың қымбаттан қымбат кені (С. Мұқанов); Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғарғы қасиеті. Мұралардың ең қымбаттысы – сөз. Сөз күн шалмас көңілді шалады, күн жылдытпас сүйк көңілді жылдытады; асылы, адам да, нәрсе де тозады, жоғалады. Ал сөз мәнгі жасайды (F.Мұстафин).

*Таза мінсіз асыл тас
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас
Жел толқыса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқыса шығады*
(Асан қайғы)

Осы келтірген үзінділерді қысқаша тұжырымдасақ, сөздің негізгі қасиеттері мен басты ерекшеліктері мыналар: сөз – адамның құдіретті қаруы, ұлы нәрсе; сөз – ой көрінісі; сөз – барлық ойдың киімі; құнды сөз құнарлы ойдан шығады; асыл сөз ой түбінде жатады; сөз – өнер атаулының ең қыны, күрделісі; сөз – халықтың жан сұлулығы; адамзат салалы, салиқалы сөзімен дәмді; сөз – асыл шақпақ тас; сөз – халықтың қымбат кені.

Лингвистердің көпшілігі сөзді бывайша анықтайды: «сөз – лексикалық единица»; «сөз – тілдің негізгі единицасы». Кең тұрғыдан алсақ, сөз – тілдің әрі фонетикалық, әрі морфологиялық, әрі лексика-семантикалық единицасы. Дәлінкірей түссек, кез келген сөз – екі жақты единица: сөздің дыбысталу жағы (материалдық жағы) және мағыналық жағы болады. Сөздің мақсаты – бірдемені атап; зат, құбылыс, сын-

сипат, іс-эрекет т.б. бейнелеп, адам санасына сәулелендіру. Екінші сөзben айтқанда, сөз мағынасы дегеніміз – ақиқат өмірдегі заттар мен құбылыстардың тілдесі сүзесі. Соз ұғыммен байланысты. Алұғымдазаттар мен құбылыстардың ең негізгі және ең басты белгілері камтылады. Сөз – табиғи айналаны қоршаған заттар мен құбылыстарды білдіретін таңба.

Лингвистикада әр автор сөзді әртүрлі қырынан сипаттауға тырысады. Мәселен, Н.М.Шапский мен Д.Н.Шмелевше, сөзге тән кейбір негізгі белгілер мыналар: сөздің дыбыстық жағынан қалыптасқан болуы; сөздің дербес семантикасы; лексика-грамматикалық қалыпта түсі; сөздің дыбысталуы мен мағынасының тұрақтылығы; сөзден жаңа сөз туындағы алатындағы болуы; сөздің тұгастығы мен біркелкілігі; басқа сөздермен тіркеске түссе алатыны; дербес, жеке түрде тұра алатын томага-тұйықтылыны; номинативтілігі; тұрақты тізбектер құрамында қолданыла алуы т.б.

В.Н.Перетрухин сөздің басты-басты 7 түрлі белгісін атайды. Бірінші. Сөз – тілдің дыбыстық заңдары бойынша жасалған дыбыстық құрылым бірлігі. Мәселен, қазақ тілінде дыбыстарды *мнин*, *пннми*, *тннми* түрінде тізбектеу қазақ сөздерін жасау, қазақ дыбыстарын тіркестіру нормасына кайши. Сондай-ақ, орыс тілінде *блола*, *нмола*, *пмола* деген қалыптен тізбектеуге болмайды. Өйткені орыс тілінде сөз алдында бм, нм, пм сияқты фонема тіркестері дауыстылардан бұрын келмейді екен.

Екінші. Тілдегі сөз тілдің грамматикалық заңдарына сәйкес жасалынады. Сондықтан да сөз әрдайым белгілі бір грамматикалық формада тұрады.

Үшінші. Сөз – тіл деңгейінің, тіл жүйесінің мағыналы единицасы. Сөз – сөздің дыбысталуы мен мағынасының бірлігі. Тіл-тілде мағынасыз, мағынадан айрылған сөз дегендер болмайды. Мәселен, банана – санана – анана десек, қазақ тілінде осындағы жеке фонеманың бәрі бар. Сырттай қарағанда, осылайша айтуға болатын сияқты. Бірақ фонемаларды бұлайша тіркестіргенде мағыналы сөз шыкпайды. Сондықтан сөзді сөз деп атау үшін, оның әрі дыбысталуы, әрі мағыналық бірлігі болуы қажет.

Төртінші. Сөзде күрылымы жағынан тұйықталған, басқадай еш нәрсені киліктірмейтін ерекшелік пен қасиет болуға тиіс. Дәлірек айтсақ, бір сөз ортасына ғрамматикалық тұрғыдан басқаша түрде құрастырылған екінші бір сөзді сыналап киліктіруге болмайды.

Бесінші. Сөздің сөз тіркестерінен, сөйлемдерден айырмашылығы – белгілі бір лексика-ғрамматикалық топтарға, яғни белгілі бір сөз топтарына қатысты болып келетіндігі.

Алтыншы. Сөз қарым-қатынас жасау процесінде, сөйленген кезде ғана жасала салынбайды. Сөз сөйлеу (речь) процесінде біртұтас күрылымдық-семантикалық единица ретінде – сөз тіркесі мен сөйлем құрамында дайын материал ретінде қолданылады.

Жетінші. Сөз – сөйлеудің, пікір білдірудің, қарым-қатынас жасаудың қүрылыш материалы. Сөз өзінің негізгі қызметі – коммуникативтік функциясын сөз тіркестері мен сөйлемдер ішінде ғана атқарады. Сөз белгілі бір заттың не құбылыстың таңбасы ретінде қолданылады. Сөз біркелкі құбылыстар мен топтардың атауы ретінде нақда болады. Ондай заттар мен құбылыстар жалпы, ортақ белгілері арқылы бір атауға біріктіріледі. Дегенмен, белгілі бір затты атағанда, оның бірден көзге түсер белгісіне де назар аударылуы мүмкін: кокек, тоқылдақ, атомоход, самолет т.б. Сондай-ақ, бір зат немесе құбылыс әр тілде әр түрлі атала береді: адам – человек – тап, жақсы – хорошо – gut, әке – отец – father т.б.

Сөз және ұғымның қарым-қатынасы, атаулардың табиғаты жөнінде

Сөз – лингвистикалық, ұғым – логикалық категория. В.И.Ленин: «Ұғым – мидың ең жоғарғы жемісі», – дейді. Сөз бен ұғым арасында бслгілі бір қарым-қатынас болады. Бірақ ұғым мен сөз – екеуі бір нәрсе емес. Ұғым сөз негізінде туып, өмір сүреді. Сөз белгілі бір ұғымды білдіреді. Дегенмен, бұл жәйт сөз атауларының бөріне бірдей тән емес. Мәселен, шылау сөздер мен одағайларда белгілі бір мағына

болады. Бірақ олар ұғымды білдірмейді. Сөз алуан түрлі эмоциялық ренге ие бола алады. Ал ұғымда эмоциялық бояу болмайды.

Ұғым зат пен құбылыстың ең жалпы, ең қажетті жақтарын білдіреді. Ұғым – жалпы адамзатқа тән категория. Осыған орай, тіл-тілде бір ұғымды білдіретін сөздер түрлі-түрлі атала береді: жер – орысша земля, ағылшынша – *Land*, французша – *terre* т.б. Көн мағыналы бұл сөздің семантикасы да түрлі-түрлі болып келеді екен. Мәсслен, земля өзінің номинативті мағынасынан басқа – твердая поверхность, ағылшынша *Land* – әрі мәлекест, әрі ұлт, немісше *Land* – әрі ел (страна), французша *terre* – әрі меншік (владение), испанша *tiere* – әрі бір елдің, мемлекеттің халқы деген мағыналарды білдіреді.

Сондай-ақ, қазақша *baba* (ата-баба) сөзі грузинше *meshie* мағынасын білдіреді. Орыстың дедушка деген бір сөзі орнына швед тілінде екі сөз қолданылады екен: *far-far* – әкемнің әкесі; *morfar* – шешемнің әкесі. Сондай-ақ, орысша бабушка мағынасында шведше *mormor* (шешемнің шешесі) және *farmor* (әкемнің шешесі) сөздері қолданылады.

Қазақша – қайнаған су, орысша – кипяток ұғымы немісше – *heisses Wasser*, *rochendes Siedenis Wasser* тіркестері, французша – *Lau chaude*, *Lau bonil Lante* тіркестері арқылы білдіріледі екен.

Тіл-тілге сөз атаулары, ягни сөз негізін калаған алғашкы бір бейнелер (образ) бір-бірге ұмытылып, сол сөз келе келе тілдегі нақты бір таңба ретінде ғана сақталынып қалуы мүмкін. Мәселен, қазақша сүйк торғайды орыстар снегирь деп атағанда, алғашында оның бір-ақ белгісін – қар жауысымен ұшып келетінін еске алса керек; ал сербтер мұны – зимовка, немістер шоқалактан, секіріп жүретініне қарап – *Gimpel* деп, француздар малмен бірге еріп ұшып жүретіндігінен латыншалап, *Le bonurenil* (пастушок) деп те, түр-түсіне қарап *pivoine* деп те атайды екен. Сондай-ақ, славяндар медведь атағанда, бал жайтінін, ал литвальктар бүйралығын – *floris, lorys* – ескерген сияқты.

Сол сияқты, қазақша – қаракат, орысша – смородина бұл жемістің исіне байланысты, полякша – өзен жағасында өседі (*porzecrī* – по речке) дегеннен, немісше – Ионнан жемісі, французша – бүйра жеміс (*Krausel – beere*) мағынасынан аталса керек.

Тіл-тілдегі бұл сияқты көнтеген мысал – К. Маркстің: белгілі бір зат атауы мен сол зат табиғатында ешқандай ортақтық, байланыс болмайды («Капитал», I том, I кітап, М., 1955, 107-бет) деген пікірінің тағы да бір айқын дәлелі.

Тілдегі сөздер мен олардың атаулары жалпы болмаса, адамзат бір-біріне әрі ұқсас, әрі мындаған түрлі өзіндік ерекшелігі бар адам, тау, ағаш, өзен, жеміс сияқты ұғымдарға жеке-жеке ат-атау іздеген болар еді; ондайда тілде мындаған-миллиондаған сөз пайда болған болар еді; соншама көп сөзді сол тіл халқы оқілдерінің жадында сақтауы да қын болар еді. Олай болса, адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасай алмаған, бір-бірімен пікір алысып, түсінісі алмаған болар еді, – тілі қоғам мүшелерінің мұддесін атқарудан қалар еді.

Тілдегі сөздер жалпы бола отырып, өмірдегі, айналадағы сан алуан құбылысты белгілейді, солардың атауы регінде қызмет етеді: затты, сапаны, белгіні, іс-әрекетті т.б. білдіреді. Осындай ірі-ірі белгілеріне қарай тілдегі сөздерді, әдетте, ірі-ірі үш топка (немесе типке) бөледі: атауыш сөздер, көмекші сөздер, аралық сөздер. Атауыш сөздерге зат есім, сын есім, етістік, үстен сияқты топтарға қатыстылар жатқызылады да, бұлар әрі дербес, әрі толық мағыналы сөздер дсп тс аталынады.

Екінші тобы – тілде жеке түрғанда дербес мағынасы жоқ, атауыш сөздердің жетегінде жүріп, грамматикалық мағына білдіретін көмекші сөздер. Бұлар – сөз бен сөзді, сөз тіркестерін, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып, дәнекерлеушілер: жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер, көмекші есімдер, көмекші етістіктер, предлогтар, артикльдер. Дегенмен мұндай көмекші сөздер контексте субстантивтеніп барып, сөйлем мүшесі ретінде қолданылса, дербес, атауыш сөздер ретінде қаралады: «шейін» – септеулік шылау; «мыс» – демеулік; Сенің *бірағың-ақ* таусылмайды еken; «сондықтан» – себеп-салдар жалғаулығы; менің үртіс атануымның өзі де *сондықтан*; твоё постоянное но меня раздражает; в немецком языке артикль der может склоняться т.б.

Үшінші тобы – аралық немесе орынбасар сөздер. Бұл топқа, әдетте, есімдіктер, сан есімдер, одағайлар жатқызылады. Бұлар – заттың я құбылыстың тікелей атауы

емес, атаулардың орынбасары ғана. Мәселен, *мұғалім* дей отырып, бұл сөзді ол есімдігімен ауыстыра аламыз; керісінше, ол дей отырып, оның кім екенін (*мұғалім бе, агроном ба*) керекті зат есім арқылы нақтылаймыз.

Академик В.В.Виноградов сөздің лексикалық мағыналарын сөздің тұра немесе номинативті (зат есім, сын есім, стістік т.б.) мағынасы, сөздің фразологиялық байлаулы мағынасы (судай жана, су жаңа, судай тасу, аузының сүй күру, салы суға кетіп жүр т.б.), сөздің синтаксистік шартты мағынасы (тұлкі – қу, ала аяқ, алдамышы, сүм; есек – топас, нақрұс; аю – қолапайсыз, еңбексіз, ебедейсіз, икемсіз, дөрекі т.б.) деп те үшке бөледі.

§ 2. Лексиканың қорлану жолдары

Кез келген тілдің лексикасының негізі – сол тілдің негізгі сөздік қоры, яғни ежелден келе жатқан байырғы лексикасы. Баяғы-бағзы заманнан келе жатқан лексика – халық тарихының тілдегі көрінісі. Өйткені халық тарихы – халықтың әлеуметтік өмірі мен барлық тіршілігінің, күн-көріс тәсілдерінің, әдет-ғұрып, салт-санасының, ескен ортасы мен басқа елдермен қарым-қатынасының тілде замандар бойы сақталып та, қолданылып та келе жатқан аса құнды асыл мұрасы, сарқылмас қазынасының негізгі көзі.

Байырғы лексика дегенинің ұғымы кең: бұған халық тіліндегі түбір сөздер, одан неше түрлі амал-тәсіл арқылы туындаған түбірлес сөздердің бәрі кіреді. Байырғы лексикаға тілдегі заттар мен күллі табиғат құбылысы атаулары, физиология, биология, геология, география, археология, антропология т.б. қатысты сөздер, еңбек, кәсіп, тіршілік құралдары мен сын-сапа, іс-әрекет атаулары т.б. жатады.

Сол жағынан алғанда, тілдегі байырғы түбірлер аса көп болмауы да мүмкін. Бірақ тілдің ішкі даму заңдылықтары мен мүмкіндіктері арқылы байырғы лексика тілге қажетті барлық мұқтаждықты ойдағыдай атқара алады. Мәселен, казақ тілінде жиырма шақты ғана түбір, негізгі есімдік бар (мен, сен, ол, біз, кім, не, қай, қашан, қанша, кейір, т.б.). Осы негізгі есімдіктердің өзі-ақ түрлі-түрлі тіркеске түсіп, ондаған, жүздеген, тіпті мындаған зат есім, сын есім,

тіпті етістік, үстеулер орнына жүре алады да, қазақ тілінің коммуникативті, экспрессивті-эмоционалды қызметтерін ойдағыдай атқаруына үлес қосады.

Сондай-ақ, жалпы түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің, сан есімдері байырғы лексикасы жиырма-ақ сөзден кұралады: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жұз, мың. Осы жиырма сөз он бір, жұз бір, мың бір, он тоғыз, мың тоқсан тоғыз, сегіз мың сегіз жұз сексен сегіз деген тәрізді орын ауыстыра, қайталана тіркесіп, тілде не түрлі шексіз сандық, заттық ұғым білдіруге жеткілікті.

Бір тілдің байырғы лексикасы сол тілмен генеалогиялық тұрғыдан туыстас басқа да тілдер лексикасымен ортақтас болып келеді. Мәселен, қазақ тілінің қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, өзбек, әзіrbайжан, түркімен, қарашай, балкар т.б. төркіндес екені белгілі. Олай болса, бұл тілдердің байырғы лексикасы да бір-біріне ортақ, торкіндес. Мұндай туыстас тілдер лексикасында әр тілдің өзінің дыбыстық жүйесі мен заңдылықтарына қарай фонетикалық өзгешеліктер, сөз қолданыстарында кейбір сөздердің семантикалық ерекшеліктері, грамматикалық жүйесіне байланысты сөздердің өзгеру, түрлену айырмашылықтары болуы әбден заңды құбылыс.

Түркі тілдерімен, соның ішінде қазақ тілімен, ғасырлар бойы қоян-қолтық қарым-қатынасқа түсіп, қанаттас, шекаралас жатқан тілдің бірі – генеалогиялық тұрғыдан басқа топқа жататын монғол тілі. Түркі және монғол тілдеріне ортақ лексика өте көп. Бірақ қазірде оларды кім-кімнен, қайсысы-қайсысынан алды деп айтуда киын.

Тілдің лексикасы үнемі даму, баю процесінде болады. Тіл өз дамуының заңдылықтары мен ішкі мүмкіндіктері арқылы лексикасын сан жағынан да, сапа жағынан да қорландырып, жаңа сөздермен толығып отырады.

Тілдің сөздік құрамы, негізінен, үш түрлі амал-тәсіл арқылы молайды: бірінші – лексиканың семантикалық тәсіл арқылы қорлануы; екінші – лексиканың морфологиялық тәсіл арқылы қорлануы; үшінші – лексиканың синтаксистік тәсіл арқылы қорлануы.

1. Лексиканың семантикалық жақтан қорлануы. Тіл лексикасы ең алдымен сапа жағынан байып, дамиды.

Нақтылай түссең, байырғы бір сөз келе-келе бірнеше мағынаға ие болып кетуі, тіпті кейде жеке-жеке дербес сөзге айналып кетуі мүмкін (ғылым – білім – ілім, өкімет – үкімет, мәлімет – мағлұмат, уақиға – оқиға т.б.). Бұрын тар мағынада – бірер мағынада ғана қолданылып келген кейбір сөздер өріс-аясын кеңейтіп, түрлі-түрлі тіркесте мұлдем кең мағына туғызуы мүмкін (бай ауыл, бай өлкө, бай мәкеме, социалистік жарыс, тап күресі, қогамдық дәulet т.б.), сөз мағынасын алмастыру амал-тәсілдері арқылы (метафора, метанимия, синекдоха, эвфемизм т.б.) бір сөз әлденеше экспрессивті-эмоционалды, стилистикалық ренктерге ие болуы мүмкін.

Тіл лексикасын сан жағынан да, сапа жағынан да қорландырушы арнаның бірі – синонимдер, антонимдер, фразеологиялық оралымдар болса, екінші бір бұлагы – полисемия мен омонимия. Мәселен, қоршау деген зат есімнің, бір-біріне жақын бірнеше мағынасы бар: қоршау – ағаштан, кірніштен, темірден, қамыстан т.б. заттан жасалған бекініс, бөгет, корған, жау әскерлерінің айнала қоршауға алған шенберінде, жаудың қалың ортасында қалып қою, қоршаушы айнала, саяси құрылыш жүйесі (капиталистік қоршау), орта, қамау (қоршауын бұзып, дүркірій жөнелді т.б.).

Сондай-ақ, зат есім қоршау сөзі мен етістіктің тұйық формасы қоршау – бір-бірімен грамматикалық омоним. Етістік қоршау сөзі де – полисемия: жауды, қаланды немесе басқа бірдемелерді айнала қоршау; тасалау, бүркемелеу, көлегейлеу, көзге көрсетпеу; айнала алқа-қотан отыру, ортага алу; затты денемен жабу, тосқауылдау; ауыспалы мағынада: қаптау, айнала төну, шырмау т.б.

Қос – әрі полисемия, әрі омоним: уақытша тұру үшін қамыстан, киізден, брезенттен т.б. нәрседен жасалған күрке, жаппа, үйшік, мекен, тұрғын баспана егін салуға және басқа бір іске шығарылған жылқы тобы, бір үйір жылқы, екі, егіз, пар, бірден-бірге біріктір, ұстемеле, жама, көбейт т.б.

Тарихи даму процесінде сөз мағынасының не кеңейіп (полисемия), не тарылып (моносемия) отыруы – заңды құбылыс. Мәселен, бір кезеңдерде орыс тілінде земляника деп бейіт (мұрде) төмпешігін атаған, кейбір губернияларда доброволец деп қашқын солдаттарды (солдат-беглец)

атапты, *сказка* сөзінің бастапқы мағынасы – ауызша не жазбаша түрде әйтке үлкен бір деректі мағлұмат жеткізу (айту), *ошеломление* сөзінің алғашқы мағынасы – жауынгерді шлемесіз (калқанды бас киімсіз) қалдыру болса, қазірде – таңқалдыру, есінен кетпестей ету.

Сондай-ақ, қазірде кора сынырушы мағынасындағы *дворник* – ертеде монастырь шаруашылығын басқарушы, патшаларға қызмет етуші, түрлі қәсіппен айналысушы адам, мейманханалар ұсташы қожа. Орыс тілінде *дворник* сөзінің мағынасы XIX ғасырда тарылған, бастапқы семантикалары ұмытылған. Сол сияқты, орыстың *спутник* сөзінің ертедегі мағынасы – «жолдас» («товарищ»); 1957 жылы 4 қазанда жердің жасанды серігі ұшырылып еді, – спутник мағынасы кенеңе түсті. Сондай-ақ, ежелгі орыс тілінде «күзетші», «қарауылшы» мағыналы *вратарь* сөзі кейіннен тілдің актив лексикасына қайтадан енді.

В.И. Кодухов та сөз мағынасының көңсө және тарылу, сөз мағынасының қызмет бірлігі бойынша ауысу процестерін, сөз мағынасын алмастырып қолданудың барлық түрлерін, омонимияны, конверсияны (сөздің бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауысуын осылайша атайды) лексиканың семантикалық тәсіл арқылы қорлану жолдарына жатқызады. В.И. Кодухов, сондай-ақ, лексиканы байытудың үш жолы бар, олар: семантикалық және морфологиялық тәсілдер және кірме сөздер деп есептейді.

2. Лексиканың морфологиялық тәсіл арқылы қорлануы. А. Ысқақовша, қазақ тілінің сөз тудыру жүйесі үлкен-үлкен екі саладан тұрады: бірі – морфологиялық тәсіл; екіншісі – синтаксистік тәсіл. Морфологиялық тәсіл – тұғыр я туынды сөзге қосымшалар (дұрысы – сөз тудырушы жүрнақтар) қосу арқылы жаңа сөз тудыру амалы: біл-ім, біл-ім-ді-лік, біл-гір, біл-ік, біл-ме-с-тік, біл-гір-сымақ, біл-гіш-сымақ, біл-ім-паз, ай-тыс, сой-ыс, жән-сіз т.б. Жүрнақтар синонимдес (ұшқыш, мақтаншак), омонимдес (атшы-атшы, ауна-қ-шы, ты-қыр-шы т.б.) болып келе береді.

В.И. Кодуховша, орыс тілінде, морфологиялық тәсіл бойынша сөз жасаудың төрт түрлі жолы бар: бірінші – суффикстік тәсіл (белый – белить, белизна, белок, жена – женский, жених, женщина, женатый т.б.). Екінші – префиксстік тәсіл (переписать, записать, написать, правнук,

подтекст, послезавтра, заход, выход, отход, расход, приход, переход т.б.). Үшінші – суффикстік-префиксстік тәсіл (приморье, подоконник, застольный, безрукий, поновому, втайне т.б.). Төртінші – аффикссіз немесе фонетика-морфологиялық тәсіл (тихий –тишь, ходить – ход, сеять – сев т.б.). В.И.Кодухов бұлармен бірге сөздерді біріктіру, қысқарту (аббревиатура) амалдарын да морфологиялық тәсіл қатарына қосады.

Қазақ тілінде префикс жоқ екені белгілі. Қазақ тіліне араб-иран тілдерінен келген екі префикс арқылы (-бей, -на) бірнеше жаңа сөз жасалады: *бейбақ*, *бейкунә*, *бейқам*, *бейшара* (*бишара*), *беймаза* (*бимаза*), *бейбітшілік*, *накұрыс*, *негайбыл*, *нақақ* т.б. Тіл-тілде морфологиялық тәсіл – лексиканы сан жағынан байытудың аса өнімді тәсілі.

3. Лексиканың синтаксистік тәсіл арқылы қорлануы. Синтаксистік тәсіл дегеніміз – сөздерді біріктіру, қосарлау, тіркестіру арқылы сөз тудыру амалы. Қазақ тілінде, негізінен, екі түбір (не негіз) салаласа да, сабактаса да біріктіріледі: Ақтау, Ортау, Талдыбұлақ, Жезқазған, қарақат, ағайын (аға-іні), әкел(алып кел), апар(алып бар) т.б. Сөздерді біріктірудің бір жолы – сөздердің кейбір бөліктерін қысқарты біріктіру (аббревиатура): ҚазГУ, студсовет, профком, обком, КСРО т.б. Орыс тілінде сөзді біріктіруші дәнекер де болады (атом-о-ход, сам-о-лет, лед-о-кол т.б.); ал неміс тілінде үш-төрт, тіпті бірнеше сөз біріктіріле береді.

Неологизмдер. Несологизмдер дегеніміз – тілдегі жаңа ұғымды (зат, құбылыс) білдіріп, жаңадан пайда болған сөздер.

Экономика мен мәдениет, техника мен ғылым саласындағы жаңа сөздер, жаңа атаулар, жаңадан жасалған сөз тіркестері өте көп: космос, космодром, космонавт, спутник – жердің жасанды серігі, телевизор – теледидар, радиокабылдағыш, түпнұсқа, жүлде, төрсі, туынды (оригинальный), көркемнерпаздар үйірмесі, ірі пәнелді үй, планета аралық корабль т.б.

Газды ойлап тапқан голланд физигі Ван-Гельмонттың айтуынша, өзі тапқан пәлендей қатты емес, сұйық та емес затка ат іздегендеге, гректің *chaos* («хаос») және немістің *Geist* («рух») сөздері есіне түсіпті. Ғалым жаңа затқа ат

ойлай отырып, жана сөз де жасағанын байқамай да қалса керсек.

Орыс тілінде кейбір жана сөздер – изация, – ист морфемасын қосу арқылы жасалып жүр: лгализация, активизация, паспортизация; машинист, значкист, очеркист т.б.: қазақ тіліндес – ман морфемасы арқылы бірсыныра неологизм пайда болған: көрермен, оқырман т.б.

Кейбір ақын-жазушылар көркем туындыларында өздерінше «жаңа сөз бер соз тіркестерін» жасап алушылық кездеседі; ондай сөздердің негізі ауызекі сөйлеу тілі нұсқаларынан алынады: бслескен (белсенді), бақшыл (бакқұмар), балаш (балакай), желке байлау (желкелсу), быт-сыт үрейге батыру (үрэй тудыру) т.б. Бірақ мұндай «туындының» көпшілігі өміршеш бола бермейді.

Сөздерді неологизм қатарына жатқызу – өте шартты нәрсе. Өйткені бір кезде жаңадан пайда болған сөз дегеніміз өзінің «жаналығы мен жастығын» тез-ақ ұмыттырып кетеді.

Мәселен, бір кездерде қазақ тілінде *жәшейке*, *қосмы*, *осоавиахизм*, т.б. неологизм еді, қазірде бұлар архаизмге айналып кетті.

Ал 1957 жылғы 4 қазанда тұған жердің жасанды серігі – искусственный спутник земли, 1961 жылғы 12 сәуірде тұған *космонавт* дәл сол күні дерлік қана неологизм болды да, көптеген тіл лексикасының актив қорына тез-ақ еніп алды.

Қазақ диалектологтарының айтуынша, неологизмдер аймақтық лексика саласында да көп болған. Мәселен, орыстың *коромысло* сөзінің баламасы ретінде колданылатын сөздер Қазақстанның әр территориясында әр түрлі тұлғада кездеседі еken: *әпкіш* – *әкпіш* – *иін агаши* – *құрамыс* – *су агаши* – *мойын агаши*.

Бұдан басқа кейінгі дәуірлерде пайда болған *багыттама* – *беталыс*, *корсетпе* – *инструкция*, *жар газеті* – *қабырға газеті*, *еңбеккүп қыю* – *еңбеккүн есептейу* сияқты сөз тіркестері бар.

Сондай-ақ, қатерлеу (хабарлау), жұндіхана (жұн қабылдайтын орын), күн алу (рұқсат алу), еңбекке шашу

(еңбекке ақша, астық бөлу), астық төгу (астық тапсыру), шіркет (живсыре агенті), қол шегу (қол қою), кинохана (кинотеатр), кеселхана (аурухана), көрсестпе (выставка), мәдени шертек (қызыл отау), базар күні (демалыс күні), сүзеулік (бульдозер), баян жазу (шығарма) т.б. – бір кездегі аймақтық лексика неологизмдері. Қазірде мұндайлар неологизм деп есептемейді. Олар әдеби тіл вариантымен алмастырылған.

Терминдер. Термин – латынның *terminus* деген сөзі. Қазақша мағынасы – бірдеменің шегі, шекара, шекаралық белгі. Терминдер – тілде ғылым мен техника, мәдениеттің әр саласына қатысты белгілі бір ұғымды дәл білдіретін арнаулы сөздер. Терминдер – нақты бір ұғым атауы. Терминдердің лексиканың басқа түрлерінен басты айырмашылығы: көп мағыналы емес, бір-ақ нақты мағыналы болып келеді; оларда эмоционалды бояу, экспрессивті-стилистикалық қызмет болмайды.

Терминдер, негізінен, ғылым-білімнің бір саласына – бір терминологияға тән болып келеді. Сонымен бірге кейбір термин ғылымның бірнеше саласында қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, ғылыми терминология, ғылыми-техникалық, публицистикалық, техникалық, саяси, халықаралық т.б. терминология сияқты тіркестер және соларға сай арнаулы атаулар – терминдер қолданылады.

Жеке бір ғылымның өзіне тән негізгі терминдері мен терминологиясы болады. Мәселен, жұннак, сөз түбірі, үндестік заңы, зат есім, сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, бастауыш, баяндауыш, бағыныңқы сөйлем, басыңқы сөйлем, оңашаланған айқындауыш т.б. – қазақ тіл білімі терминдері.

Жігерсіздік (безволие), жасықтық (молодушье), селкостық (равнодушье), жасқаншактық (робость), ұяндық (застенчивость), ұялшақтық (стеснительность) т.б. – психология терминдері.

Қабат (слой), қабатша (прослойка), қыртыс (кора), қабыршық (корка), қатпар (складка), пласт қалындығы (мощность пласта) т.б. – геология терминдері.

Қазынды (ископаемый), пайдалы қазындылар (полезные ископаемые), қазба (выработка), тік казба, көмекші қазба, жатық қазба, еңкіш қазба т.б. – тау-кен терминдері.

Кұрама конструкция (комбинированная конструкция), құрамды, құранды конструкция т.б. – техника терминдері.

Құн, қосымша құн, өндірілген күштер, нұсқау, демократия, қайта күру, жариялылық, революция, плюрализм т.б. – қоғамдық ғылымдар терминдері.

Терминдердің көпшілігі халықаралық интернационалдық болып келеді. Олардың дені – латын, грек тілдерінен алынғандар. Сондай-ақ орыс тілі негізінде жасалған көптеген кеңестік термин қалыптасқан. Ондайлар орыс тілі арқылы көптеген шет тілдеріне аудысқан (колхоз, совхоз, совдеп, МТС т.б.).

Терминдермен тығыз байланысты арнаның бірі – интернационалдық лексика. Бұл көптегентілде бір мағынада қолданылатын, бірақ фонетикалық, морфологиялық түрғыдан өзін қабылдаған тіл нормасына сәйкестендірілген сөздер. Мұндай лексика дені – ғылым мен техникаға қатысты терминдер (логика, лингвистика, телеграф, микроскоп т.б.); қоғамдық-саяси терминдер (партия, социализм, коммунизм, революция, республика т.б.); экономикаға қатысты терминдер (импорт, экспорт, банк, кредит, процент т.б.) әдебиет пен искусстваға қатысты терминдер (жанр, драма, комедия, опера, балет, стиль...) т.б.

Кірме сөздер - тіл-тілдің лексикасын байытудың аса өнімді жолы; халықтар мен олардың тілдері қарым-қатынасының айқын көрінісі; мемлекет пен мемлекет, халық пен халық арасындағы экономикалық саяси, мәдени байланыстардың иәтижесі. Осындай қарым-қатынастар арқылы бір тілден екінші тілге көптеген сөз аудысады. Бір тілдің сөздері екінші не үшінші, төртінші бір тілге тікелей де, жанамалап, сатылап та, екінші бір аралық тіл арқылы да, сондай-ақ аудызша да, жазба нұсқалар арқылы да аудыса береді. Қазіргі дүние жүзінде кірме сөздері жоқ тіл жоқ десе де болады.

Мәселен, француз тілінің этимологиялық сөздігіне 4635 түбірлі сөз енгізіліпті. Этимологиялық түрғыдан талдай келгенде, соның 2028-і – латын тілінікі, 925-і – грек, 604 – кейбір герман тілдерінікі, 96-ы – кельт, 154-і – ағылшын, 285-і – итальян, 119-ы – испан, 10-ы – португал, 146-ы –

араб, 36-ы – ежелгі еврей, 4-і – венгер, 25-і – славян, 34-і – түркі, алтауы – африка тілдері, 99-ы – Азияның әр түрлі халықтары, 62-і – американ ұндістері, екеуі Австралия мен полинезия тілдерінің сөздері екен.

Марио Пей өзінің «Тіл тарихы» (Лондон, 1966) атты кітабында мынандай деректер келтіреді: парсы лексикасының көбі – басқа тілдердің; қалғандарын роман, түркі, грек, славян тілдерінен алған: армиян лексикасының 23 проценті ғана - өзінің байырғы сөздері; қалғандары парсы, грек, араб, сирия т.б. тілдерден келген; түрік тілінің 551 сөзін зерттегендеге, 251-і – түріктің байырғы сөзі; 235-і – араб сөзі; 51-і – парсы, 14-і роман тілдерінен кірген сөздер болып шыққан.

Н. К. Дмитривтің айтуынша, болгар сөздігі мен тілшін қалыптасып, жасалуына түрік тілінің атқарған қызметі роман тілдері элементтерінің ағылшын тілін қалыптастырудың атқарған қызметінен кем емес. Бірақ бұл жерде ескерер бір жайт – түрік тілі дегендес, тек осман түріктері тілі ғана деп үқпаған жөн.

Дүние жүзіндегі тіл атаулы сөз корын байыта түсуге үлес қосқан жеке тілдер де бар. Мәселен, ертерек кезде ертеректегі грек және латын тілдері осындай иглікті қызмет атқарды. Кейінректе француз және неміс тілдері дүние жүзі тілдері сөздік корын толықтыра түсуге әжептәуір үлес қости. Қазірде ағылшын және орыс тілдері көптеген тіл лексикасын молықтыра түсуде. Сондай-ақ орыс тілі КСРО халықтары тілдеріне советизмдер мен интернационалдық терминдерді енгізуде үлкен рөл атқарып отыр. Орыс тілі арқылы шет тілдеріне (ағылшын, француз, испан т.б. тілдерге) көптеген сөз ауысты.

Әдетте, кірме сөздердің көпшілігі әсіресе интернационалдық лексика, бір тілден екінші тілге аударылмай қабылданады – ондайларды аударып та қажеті жоқ. Ф.Энгельстің айтуынша, жалпы жүртка танылып, қабылданған ғылыми-техникалық терминдер аударуға көнбейді, аударуға көнер болса – шет тілі текстес кірме сөздердің қажеті де болмаған болар еді (Қараңыз; Маркс К., Энгельс Ф. Шығ., 2 –басылымы, 19-том, 1961. 332-бет).

Кірме сөздер байырғы бір тілдің өзінде бұрын жок, бетен тіл арқылы келген жана ұғым-атауды білдіру үшін қабылданады. Әдетте, кірме сөздер өзін қабылдаған тілдің фонетикалық заңдарына бағынып, грамматикалық нормаларына сәйкестеліп, сөз жасау формаларына икемделгіш келеді. Мәселен, орыстың волость сөзі қазақша болыс түрінде дыбысталынатын болды; болысқа – болысты сияқты байырғы қазақ сөздеріндегі септелетін, тәуелденетін, көптелетін, жіктелетін (флексияланатын) болды; болыстық (кенсе) тәрізді сөзден сөз жасаушы қазақ аффикстерін (жұрнағын) қосып алып, қазақ лексикасын байыта түсуге септігін тигізді.

Қазақ тіліне парсы тілі элементтері араб мәдениетінін гүлденуінен әлдекайда бұрын кіріс бастаған. Л. Рұстемов араб, иран тілдерінен келген кірме сөздердің қазақ тіліне ену мерзімін екі кезеңге бөліп қарайды: бірінші кезең – XV ғасырға дейінгі шақ, екінші кезең XV ғасырдан Ұлы Казанға дейінгі уақытты қамтиды. Л. Рұстемовше, қазақ тілі сөздік құрамындағы араб, парсы сөздері 17 процент шамасында болады еken. Олардың дыбыстық тұлғасы қазақ тілі заңдылықтарына бағынып, тіліміздегі төл сөздер катарына баяғыда қосылып, әбден кіріп кеткен. Қазіргі жастар мынау – араб, мынау – парсы сөзі дегенді білмейді. Ондайды білетіндер – лингвистер ғана. Сонымен бірге қазақ тіліне араб, парсы элементтері тікелей қоян-қолтық араласу нәтижесінде емес, туысқан көрші халықтар арқылы сатылап енген: дәптер, дүние, қалам, қағаз, мектеп, пән, аруак, аят, ораза, құдай т.б.

Лингвистикалық түрғыдан қарағанда, араб, парсы сөздерінің қазақ тілі ғана емес, жалпы түркі тілдері лексикасын молайтудағы рөлін, эволюциясын, әсерін, сөздерінің семантикалық жақтан дамуын, орфографиялық, орфоэфиялық, грамматикалық жақтан өзгерісін т.б. жағдайларын ғылыми түрғыдан білу – қажетті нәрсе.

Мәселен, хана – парсы тілінде үй деген сөз. Хана қазақ тілінде түбір, түбірлес сөздерде аффикс (жұрнак) сықпатты болып кеткен; бірсызыра сөзге жалғанып, жаңа сөз жасайды, жаңа ұғым туғызады; шайхана, қымызхана, жатақхана,

кітапхана, масахана, асхана, баспахана, аурұхана, айуанхана (веренда деген мағынады) т.б.

Нама – парсы тілінде хат деген сөз. Қазақ тіліне әбден сініскеннен кейін бұл сөз тама – тема – деме сияқты дыбыстық өзгеріске түсін. Осы дәнеер, яғни қазақша аффикске айналған сөз арқылы толып жатқан жана сөз жасалған: сипаттама, дәлелдеме, жолдама, мінездеме, анықтама, баяндама, жарнама т.б.

Шам – парсыша кеп деген сөз. Бұл қазақ тіліндегі ақшам, намазшам (ақ – кеш, намаз - кеш) сияқты сөздердің, екінші компонентіне айналып кеткен аффикс есепті.

Араб, парсы текстес ономалардың, әсіресе кісі аттарының, о баста белгілі бір мағынасы бар екені мәлім. Бірақ оларды қабылдаған тіл қазірде ондайлардың алғашқы семантикасын қарастырып жатпайды – біргұтас ретінде, дайын қалпында колдана береді. Арғы семантикасына көз жүгіртсек: Фирдоуси – парсыша ұжмақ. Низами – арабша назм (бірқалыпты сез – мерная речь). Науай - өзбекше мелодикалы, үнді, Хафиз – арабша құранды жатқа білуші, Хайям – арабша шатыр жасаушы. Саятнова – арабша ән патшасы, музыка иесі т.б.

Араб, парсы текстес көптеген онома алғашқы мағынасы мен дыбысталу қалпын қазақ тілі заңына әбден бағындырып, әбден сінісіп, төл есімдей болып кетті: Айбарша, Айгүл, Анар, Әуез, Базар, Бақберген, Гүлнар, Dana, Досбол, Ерболат, Жандос, Жақып, Иманжан, Кұлаш, Мейрам, Зергүл, Қамқа, Назыкеш, Үміт, Шынар, Ырысжан т.б.

Н. Ондасыновша, парсы текстес сөздер мен элементтер арқылы қазақ тілінде көптеген жана сөздер жасалған: абжылан, айлакор, жалақор, пәлеқор, балгер, дәүкес, дүрдеараз, дімкес, әулекі, гүлжазира, жәдігөй, кембағал т.б.

Қазақ тілінде монгол тілдерінен де бірсыптыра сөз енсе керек. F. Мұсабаевша, қазақ тіліне монгол тілінен сөз ауысу XI – XIV ғасырлардан басталса керек. Өйткені қазақ рулары ежелден монгол тайпаларымен қоян-қолтық аралас-құралас өмір кешкен, іргелес отырған. Соның салдарынан бірсыптыра монгол және қазақ сөзін салыстырып қарастырса, көптеген

сөздің кейбір дыбыстық өзгешелігі болмаса, білдіретін мағыналары бірдей болып шығады: *абдіре* – *абдыра*, *алтын* – *алтін*, *баян* – *баян*, *аймақ* – *аймаг*, *дулыға* – *дуулға*, *байсал* – *байқал*, *жол* – *зол*, *дөнежін* – *дөнежин*, *жасақ* – *жасағ*, *қой* – *конин*, *бура* – *бұғура* т.б.

F. Мұсабаев қазақ тіліне орыс тілінен Қазаннан бұрын енген сөздерді үш кезеңге бөледі: бірінші кезең – XVII ғасырға дейінгі дәуір. Бұл кезеңде орыстармен іргелес отырған маңдарда ғана аздаған ауыс-түйіс болған, бірақ елеулі сипат ала алмаған. Екінші кезең – XVII ғасыр мен XIX ғасырдың екінші жартысындағы аралық (соқа, генерал, майор, әйнек т.б.). Үшінші кезең – XIX ғасырдың екінші жартысынан Қазанға дейінгі кезең; бұл – қазақ халқының Ресейге түгелдей қосылышпен біткен дәуірі. Ал Ұлы Қазан төңкерісінен бермен қарайғы дәуір – қазақ лексикасын орыс тілінен тікелей және орыс тілі арқылы басқа да көптеген тілден енген сөздер арқылы өнімді түрде байыту кезеңі.

Орыс тіліне түркі тілдерінен (соның ішінде қазақ тілдерінен) әр кез, әр дәуірде ауысқан лексика алуан түрлі: алтын, арбыз, аршын, атаман, баклажан, балбес, барабан, балық, барыс, борсық, башка, боран, деньги (тенге), жұзім, қазына, қабан, қақпан, кірпіш, қаракөл, қалшак, қымыз, сазан, сандық, алмұрт, алиша, кишиши, курага, тұт (жібек) өрік, күрма (финик), шабдал (шептала), тау-сағыз, лошадь (алша ат), кендір т.б.

Орыс тіліне парсы тілінен бадъя, бирюза, биссер, калска, изъян, кандалы, кинжал, гректен – изумруд, қытайдан – чай сөздері түркі тілдері арқылы кіріпті.

Түркі сөздері әр кезде әр түрлі жағдайларға байланысты славянтілдерінің бірсынырасына, соның ішінде словак тіліне енген M. Одранның айтуынша, хронологиялық түрғыдан түркі тілдерінен славян тілдеріне өткен кірме сөздерді бес кезеңге болуте болады: Бірінші – гунавар кезеңі. Бұл славяндар мен түріктердің қарым-қатынасының басталуы ләуірі. Славяндар мен түріктердің бір-бірімен алғашқы кездесуі IV ғасырларда Ресей жерінде басталыпты. Бұл кезеңнен словак тілінде кейбір халықтар мен топонимдер

ізі қалса керек. Екінші – печенг – куман – монғол кезеңі. Бұл төрт ғасырға созылған. IX ғасырдың бірінші жартысында орыс даласының шығыс облыстарында печенегтер пайда болып, булгарлар мен хазарларды ығыстыра бастайды. Бұл кезеңнен славяндар тілінде хандар титулы мен билеушілер титулы, тайпалар мен рулар аттары сияқты жеке сөздер қалды. XI ғасырда Каспий жағалауы далаларында қошпендердің жана бір легі – половецтер пайда болады. Еуропалықтар оларды кумандар деп атап кетті. Еуропаға келген кумандар бірте-бірте аборигендермен – жергілікті ежелгі тұрғындармен араласып, сінісіп кетті. Ал XII ғасырда монғол шабуылы басталды. Бұл кезеңде славян тілдерінс татар, куман, кун (құн), нагайка (қамшы) сияқты түркі сөздері енді. Үшіншісі – османдық кезең. Бұл кезде, дәлірек айтқанда 1521 жылы түрік әскерлері Белградты басып алды. Славактар мен осман түріктері ұзақ уақыт – 1687 жылдарға дейін қарым-қатынаста болады. Осы кезде славян тілдеріне түркі тілдерінен көптеген сөз енді: сұлтан, сұлтанат, вилайет (уалаят), патша, бек, ава (господин мағынасында), офицер, кади (судья), шериат, кесим (дань), дефтер (тетрадь), ятаган, коран, Аллах, муфтий, ходжа, гарем т.б.

Славян тілдеріне түркі сөздері венгер тілі арқылы да енген: хомут, земля, шатер, пальто (кепен), таяу (түйе), телега, казан (котел) т.б.

Бір тілден екінші тілге сөз ауыстыру – әрі қоғамдық құбылыс, әрі тілдік процесс. Мәселен, орыс тіліне тіпті ертерек кезде, жалпы славян тілі дәуірінің өзінде, герман тілдерінен – бук, изба, карп, князь, король, купить, лук (пияз), скот, хлеб, холм т.б. сөздер, герман тобының бірі – скандинав тілдерінен – кнут, крюк, ларь, пудь, ябеда (өсек, жалақор), кейінректе голланд тілінен абрикос, апельсин, каюта, гавань, конвой, доцман, матрос, мачта, трап, флюгер, штурм т.б. сөздері енген.

Ағылшын тілінен орыс тіліне – бульдозер, грейдер, джаз, коктейль, пуловер, комбайн, сейф, снайпер, троллейбус, сервис, стенд, траулер т.б., француз тілінен – глобальный, демарш, комбинезон, маникюр, метро, табло, туризм, эксино т.б., неміс тілінен – аншлаг, эрзан т.б., испаннан –

силос, итальяннан – автострада, сальто т.б., чехтан – робот т.б. сөздер кірді.

Орыс тілінде де интернационализмдер көп. В.И. Дальдің сөздігінде 1820-1850 жылдар арасында орыс тіліне енген 750 сөз кіргізіліпті: ассоциация, вульгарный, гуманный, демагогия, пессимист, пресса, пролетариант, профессия, шублицист т.б. Тіпті XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында орыс тіліне көптеген қоғамдық-саяси лексика енді: аграрный, демонстрация, забастовка, радио, кино, фильм, конфераньсе, оккупант, свитер, такси т.б.

Шет тіл сөздері сатылап та кіре береді дедік. Мәселен, орыс тіліндегі **флирт** сөзі француздың *flirter* – қылмыцадап, бұраландау («кокетничать») сөзінен алғынған екен; ал француздар мұны ағылшының *to flirt* сөзінен алғышты.

Сондай-ақ орыс тілінде маршал сөзі француздың *maréchal* әрі маршал, әрі үста (кузнец) деген мағынаны білдірді. Маршал сөзінің тұркі төркіні – кейініректегі латынның *mariscalcus* десен сөзі. Мұның өзі жоғарғы исмістің *marah* – ат және құл («лошадь и слуга») сөздерінен шығыпты. Өйткені Франк мемлекеттерінде корольдың атшысын (слуга, смотревшая за лошадьми) *marahscale* деп атапты. Л. А. Булаховскийдің айтуыша, лак, лакировать дегендер орыс тілінс ХVIII ғасырларда неміс тілі арқылы аудықсан: ал оған дейін бұл сөз Индиядан бастап, шамасы Иран арқылы – Грецияға, одан Италияға аралап өткен. Сондай-ақ көшір, түрме сөздері қазақ тіліне орыс тілінен енген: ал орыс тіліне бұл сөздер - *kutsher*, *turm* – неміс тілінен келіпті.

Кірме сөзбен байланысты бір кұбылыс – калька. Калька француз тілінің *calque* сөзінен шықкан термин. Калька десніміз – бөтен жүрт сөзінің моделін морфемалап аудару; басқа бір тілдің ұлгісіне салынып жасалған сөздер мен тіркестер. Мәсслен, орыс тіліндегі **влияние** – француздың *in* – fly –enco сөзінің вольнодумец – *libre penseur* сөзінің, насскомое – латынның *incectum*, **небоскреб** – ағылшынның *sky-scraper* сөзінің калькасы.

Әдетте, калькаларды лексикалық (сөз жасаушы), семантикалық, фразеологиялық, синтаксистік деп төртке бөледі. Лексика калька тобына оз тілі сөзін шет тілі

қалыбына (моделіне) салып құрастыру амалын айтады: земледелие (жер өндіу) – латының agricultura сөзінің, местоименис (ссімдік) – pronemen сөзінің, полу свет – француздың demimonde сөзі моделі бойынша жасалған лексикалық калька.

Семантикалық калька бойынша, ана тілі сөзінің шет тілі сөзінің әсері арқылы жаңа, ауыспалы мағынаға ие болуы: орыстың **утонченный** – (талғағыш, нәзік, сәнді) сөзі француздың raffine сөзі әсерімен **изысканный, изысканный, изощренный** (таңдаулы, алғыр) мағыналарын үстемелеп алыпты.

Фразеологиялық калька дегеніміз – шет тілдік тұрақты тіркестерді бөлшектеп-бөлшектеп (әр компонентін жеке-жеке) сөзбе-сөз аудару: француз тілінің friend les mesures тіркесі – орысша принять меры түрінде, немістің im Janzen und Wollen тіркесі – целиком и полностью болып калькаланған.

Синтаксистік калькаға шет тілі қалыбына салынып жасалған синтаксистік конструкциялар жатқызылады. Мұндайлар жеке сөз тіркестері де, жеке сөйлемдер де, тіпті қысқа бір текстте болып келуі мүмкін.

§ 3. Тілдің актив және пассив лексикасы жөнінде

Әдетте, тілдің сөздік корын актив және пассив лексика деп, екіге бөлінеді. Бұлайша топтау, біріншіден, тіл стильдеріне қатысты болса, екіншіден, тілдеңің сөздердің қолданылу жиілігі не сиректігіне байланысты болып келеді.

Күнделікті әлеуметтік қажеттілігі мол, қарым-қатынас жасауда жиі қолданылатын байыргы сөздер, олардан өрбіген туынды сөздер, күрделі сөздер мен сөз тіркестері, көп мағынада жүмсалатын сөздер – полисемия, омонимдер, синонимдер, антонимдер, мақалдар мен мәтелдер құрамындағы лексика, кірме сөздер мен терминдер және неологизмдердің тілге әбден сінісіл кеткен түрлері т.б. тілдің актив лексикасына жатады.

Мұндайлар қарым-қатынас жасау, пікір алысу, өзара түсінісудің күнделікті құралдары ретінде тіл стильдерінің бәрінің де дерлік құрамында және сөйлеудің ауызекі де, жазбаша да турлерінде жиі кездеседі.

Сөйлеу процесінде сирек қолданылатын сөздер пассив лексика катарына жатқызылады. Пассив лексика создері жүртшылықтың бәріне бірдей түсінікті бола бермсүі де мүмкін; кейде ғылым мен техниканың арнаулы бір саласына ғана тән болуы ықтимал; кейде белгілі бір әлсүметтік топ, мамандық – кәсіп ислері арасында ғана, кейде белгілі бір аймақ түрғындарының тілінде ғана ұшырасуы мүмкін. Мәсслен, жаңадан пайда болған кездегі неологизмдер және архаизмдер мен тарихи сөздер, диалектизмдер, профессионализмдер, варваризмдер, арголар, әр түрлі жаргондар мен пиджиндер, креольдар лексикасы т.б. тілдің пассив лексикасы тобына кіреді. Бірақ көп жағдайда мынау – тілдің актив лексикасы деп, ал мынау – пассив лексикасы деп, сквеінін шекарасын дәл айқындау, қолмен қойғандай айта қою қыын.

Оны мынадай жәйттан-ақ аңғаруға болады: актер, дифтонг, лексика, фонема, жаңр, сюжет, грамматика, сөз тіркестері, сөйлем мүшесі деген сияқтылар – филологтар үшін актив лексика; мұндай сөздер мен сөз тіркестері және солардың ұғымдары – медиктер мен биологтар және басқа да мамандықтар өкілдері үшін пассив лексика; сондай-ақ медиктер мен биологтарға өз мамандықтары сөздері мен терминдері – актив лексика.

Тілдегі сөздердің жиі немесе сирек қолдануын статистикалық тәсіл арқылы айқындауға болады. Ол үшін алдымен сөздердің жиілігі зерттелінеді, соның негізінде тілдің жиілік сөздігі (частотный словарь) жасалынады. Жиілік сөздіктерінде лексиканың көбірек немесе сирегірек я болмаса мүлдем аз қолданылатын сөздер тобы анықталады. Мәселең, белгілі бір шығарма тексін зерттегендеге, ондағы екі мың сөздің 75-80 проценттейі жиірек қолданылатын актив лексикаға қатысты скені белгілі болған. Сондай-ақ, ағылшын тілі жиілік сөздігіне – 78 проценті, чех тілі жиілік сөздігінің – 75 проценті, «Пушкин тілі сөздігінің» 80 проценті актив лексика создері екен.

Пікіріміздің нақтылай түсейік: А.С.Пушкин шығармаларында барлығы 21 мыңдай сөз қолданылған екен; соның екі мыңы – актив лексика, қалған 19 мыңы – пассив лексика, былайынша айтқанда, нәлденей белсенді сөздер емес, яғни сирек қолданылатын сөздер көрінеді. Мәселен, Пушкин лексикасында благоуханный (аромат, хош иісті), безграницный, близорукий, божественно, боязливо, бородавка, брюзга, взвешивать, вздуть, воздвигать, воздерживаться т.б. сөздер бірер рет қана кездеседі екен. Бұл – мұндай сөздер Пушкин лексиконының пассив қатарына жатады деген сөз.

Керісінше, Пушкин сөздігіне бежать – 316 рет, белый – 154, берег – 270, благородный – 114, бледный – 147, большой – 245, бродить – 110, верный – 218, вероятно – 217, веселый – 196, взор – 322, взять – 473, видеть – 922 рет активті түрде кездесетін көрінеді.

Абай шығармаларында 6 мыңдай сөз қолданылыпты. Бұдан Абайдың сөздігі кедей екен деуге болмайды. Өйткені қандай үлкен жазушы болса да, өзі білген сөздерді орынды орынсыз жұмсамайды, тақырыбына, айтпақшы ойына қатысты бар сөздерді ғана қолданады. Шындығында, Абай қазақсөзіншығармаларында қолданылған сөздердің аясынан әлдеқайда көп білгсі. Бірак бұларды тегіс қолдана алмаған. Осы себептен де Абай қолданған сөздердің кейбіреулері аса жиі, кейбіреулері тіпті сирек кездеседі. Мәсселен, ақынның шығармаларында да етістігі – 1037 рет, де шылауы 796 рет, ал етістігі – 614, көр етістігі – 328 рет қайталанған. Соңдай-ақ, фразеологиялық (тұрақты) тіркестердің қолданылу шеңбері әрбір тірек (үйтқы) сөзінің ерекшеліктеріне қарай, я көп, я аз кездесіп отырады. Мәселен, ал етістігі – 55 түрлі тіркесте (бәйгі ал, қабыл ал, дем ал, ортаға ал, тіл ал...), кел етістігі – 35 түрлі тіркесте (кез келді, көңілге келді, қырынан келді, пар келді...), кет етістігі – 41 түрлі тіркесте (береке кетті, зәре кетті, ойға кетті...) жұмсалған; көз сөзі – 49 түрлі тіркесте (көз алартты, көз сүзді, көз жасы, ой козі...), күн сөзі 26 түрлі тіркесте (күн көріс, күні жоқ...) кездеседі. А.Ысқақов. (Караңыз: Абай тағылымы.А., «Жазушы», 1986, 323-бет).

Көнерген сөздер – пассив лексиканың бір түрі. Еұлар өзара тарихи сөздер және архаизмдер деп бөлінеді.

Тарихи сөздер (историзмдер) дегеніміз – өздері белгілеген заттары мен құбылыстардың қазіргі күнделікті өмірде қолданылудан шығып қалуы нәтижесінде пассив лексика құрамына ауысқан сөздер: ораза (тұту), сауын айту, зекет, жарапазан, ұрын бару, киіт кию, қорамсак, адырна, шидем (шекпен), зайғы (зая), нәубат (кезек), дұлыға, сәукеле т.б.: Сенің әкең Мамай ішінде Жамантаймен көңілдес болып жүріп, өкіл күйеу болғанда, екі жұз қой киіт киген.

– Өкіл күйеуі қалай?

– Өкіл күйеуі – шын күйеу емес, тамыр есепті.

– Онда «тамыр» деп неге атамайды?

– Тамырлық құрбылас кісілердің арасында болады.

Ал жасы үлкен кісімен жас кісі тамырласам десе, кейде осылайша өкіл күйеу боп аталады; Абайдың бұл келісі ұрын келу деп, жыртыс ала келу деп, есік көре келу, қол ұсташа деп аталатын. Ең алғашқы келіс – осы (М.Әузов).

Орыс тілінде боярин, купең, соха, кадет, буржуйка, губернатор, чон, ячейка т.б. – историзмдер.

Ескі әдер-тұрып, салт-санага, өткен замандардағы әкімшілік ел басқару, шаруашылық – күнкөріске қатысты сөздердің барлығы дерлік тарихи сөздерге айналып кетті: сынсу, босаға аттау, танысу (ескі мағынасында), пәйек-мәйек (меншікті шабындық жері), күпі, сапты аяқ, садақ, ауылнай, старшын, қазы, боштабай, болыс, дуан, ояз, елубасы, жұзбасы, жандарал, құл, күн, жалшы, малай, тоқал, бәйбіше, хан-ханзада, ат ұстар (ұл деген мағынада), қырық жеті (қызы) т.б.

Архаизм – гректің archaios деген сөзі. Мағынасы – «ежелгі», «ертеңі». Архаизмге жататын сөз топтары – тілде ертеректе, бұрынырақта күнделікті өмірде жиі қолданғанымен, қазіргі кезде басқа сөздермен (синонимдермен) алмастырылғандар. Архаизмдер орыс тілінде өте көп: чужестранец (казір иностранец), рачительный (заботливый), тщетный (напрасный), глас (голос), летун (летчик), аэроплан (самолет), геликоптер (вертолет) т.б.

Лингвистердің айтуынша, архаизмдерді лексикалық, семантикалық, лексика-фонетикалық, лексика – сөз жазушы

деп бөлүге болады. Мәселен, ертеректе қазіргі напрасно, тщетно синонимдері мағынасында қолданылған – вотще, сондай-ак, выя (шея – желке мағынасында), лицедей (актер) – лексикалық архаизмдер; живот («өмір» мағынасында), позор (көрсетілуге қойылған – «зрелище»), сущий («существующий») – семантикалық архаизмдер; гистория (история), глад (голод), зерцало (зеркало), пиит (поэт), пастырь (пастух) т.б. – лексика-фонетикалық архаизмдер.

Архаизмдердің экспрессивті-стилистика ерекшеліктері айрықша; олар ирония, сатира, пародия, кейіпкерлердің мінез-құлқын жасауда кең қолданылады.

Көнерген сөздер тарихи документтерде, көркем әдебиетте жиі кездеседі. Көнерген сөздер – өткен дәуір жайын дер кезіндегі жеткізу құралының бірі.

Қазақ тілінде диалектілік архаизм дегендер де бар. Диалектілік архаизмдерге әр жерде әр түрлі айтылып, кейінгі кездерде ескі ұғымдар мен әдет-ғұрыптардың т.б. бірте-бірте жойылуына байланысты сирек қолданылып, бірте-бірте ұмыт болып бара жаткан сөздер мен сөз тіркестері жатады. Мәселен, ағаш соқанын жойылуына байланысты қазақ говорларындағы оның жер тіс – ағаш – омаш – жер ағаш сияқты варианты да ұмытылуға айналған; егінді таспен бастыру әдісінің ескіруіне байланысты шаң тас – тулық тас атаулары да говор лексикасынан шығып қалды; қырман басындағы бидайды қызылдағанда, келіп сұраушыларға бидай беру сияқты әдettің ескіруіне байланысты әр жерде әр түрлі айтылып келген кеусен – кепсен – бүйрек сөздері де ескіріп, сирек қолданылатын сөздер қатарына қосылды; Қызылорданың Қазалы тұрғындарының тіліндегі дегмент (күміс белбеу), ұшатөс (сүбелі төс), нашар бала (кыз бала) т.б. сирек айтылатын көнерген сөздер тобына қосылды; Маңғыстау тұрғындары қолданған макы жібермеу (кате жібермеу), тән-тән болу (дал болу), тақыр-тұлым ақыртқтай (түк жок), дәлдір (күміс ақша) т.б., сондай-ак Шу бойы қазақтары қолданған тақана қылу (мазактау), нәзім қылу (мақтану), ұру – бару болу (түсінісу), қыбы қану (айызы қану) т.б. – казірде көнерген лексика құрамында (Ш.Сарыбаев, О.Нақысбеков..., 34-бет).

Қазіргі күнделікті өмірде тым сирек қолданылатын, мағыналары көмескіленіп бара жатқан, бірақ халықтың ертедегі тірлік – өмірінде жиі қолданылған көнтеген сөздер қазақ тілінде өте көп: аймауыт – темір сауыт деген мағынада; ақберен – жапырақ торлы сауыт; алдаспан – имек қылыш;abyz – білімді адам, білгір; ажа – үлкен, сыйлы адам; би, төре, ұлық т.б.

Көркем әдебиетте, публицистикалық мақалаларда да кездесетін, кезінде әдеби тілде жиі қолданылған, бірақ қазіргі кезде көркем әдебиетте белгілі бір оқиғаларға байланысты ғана қолданылатын тарихи ескірген сөздер де көп: болатком (болыстық атқару комитеті), төңкеріс, отарба, мінбер, баз, бекет, мәуіті т.б.

Бір кездерде тарихта үлкен рөл атқарған, бірақ қазіргі кезде жоғалып кеткен халық аттары көнергең атауларға айналды да, тек тарихи әдебиеттерде ғана кездеседі: хун, карлук, хазар, сақ, массагет, меркіт т.б. тайпалар одақтарын атауға болады.

Бір кездерде тілдің актив лексикасы құрамында күнделікті қолдануда болған сөздер белгілі бір жағдайларға байланысты пассив лексика қатарына ауысып кетеді дедік. Мәселен, қазақша жыл аттары (тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, кой, мешін, тауық, ит, доңыз), бертінге дейін ауызекі сойлеу тілінде, оның өзінде егде қарттар лексиконында ғана жиі қолданылып келді; ал қазақша ай аттары (наурыз, көкек, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қантар, ақпан).

...Қазақ халқы айлардың бірнеше жүйесін пайдаланған: зодиак (жұлдыз), тоғыс айлары, азаматтық айлар, араб айлары. Жалпы халыққа жақыны да, сондықтан көп қолданылғаны да азаматтық айлар – жыл басы наурыздан басталатын айлар.

Ал, жыл басы наурыз көктемті ай – хамалдан басталады: хамал, сәуір, зауза, саратан, әсет, сүмбіле, мизан, ақырып, қауыс, дәлу, хұт (ұт)... Сол сияқты, еліміздің барлық

жерінде қантардың бірі де жаңа жыл басы ретінде кеңінен атап өтіледі, бүкілхалықтық мереке. Қантар – қазақ календарындағы он бірінші ай. Оның аты тұннің ұзарып, күннің барынша қысқарып болған, қантарылған кезіне орай айтылған («С.К.», 8, 1.1990).

Тіл туралы Заң қабылданғанға дейін қазақша ай аттары «Тіл білімінің негіздері» оқулығында да (авторы – Кәкен Аханов) архаизм деп түсіндірілді: «Қазіргі басқаша аталатын заттар мен құбылыстардың бұрынғы көнерген атаулары архаизм деп аталады. Мысалы, «Қараша, желтоқсанмен – сол бір-екі ай, Қыстың басы бірі – ерте, біреуі - жай» (Абайдан) деген сөйлемдегі қараша – қазірде октябрь деп аталатын айдың бұрынғы, ескіше аты; архаизм (148-бет).

Ай аттары сияқты, тіл туралы Заң қабылданғаннан кейін және республикалық «Қазақ тілі» қоғамының құрылуына байланысты, осыдан жетпіс шакты жыл бұрын қазақ мәдениетінің алғашқы жаршылары мен жанашырлары Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтар актив лексика құрамында күнделікті қолданған жарғы (устав орнына), құрылтай (учредительный) сияқты сөздер «жаңарып, қайта туып» өздерінің байырғы мағынасына ие болды.

Диалектілік лексика – белгілі бір аймақ шенберінде қолданылатын тіл ерекшеліктері. Бұл топқа қатысты сөздер белігілі бір территория тұрғындарының тіліне байланысты болып келеді. Мәселен, Қазақстанның кей жерлерінде шақыру деудін орнына – чақыру, піскен – пысқан, мандай-манлай, барасыз-барасыңыз, барғалы отыр – барғайы отыр, сұра – сора, арба – араба, көніл – кеуіл, бірсыныра – бірапара, тауысу – тұгесу түрінде сөйлеушілік кездеседі. Бұл – диалектілердегі фонетикалық өзгешеліктер.

Диалектиздерге лексикалық өзгешеліктер, кейде варианttар мен дублеттер де болады: киіз үй – ағаш үй, акпар – үлкен, литірлік кесе, кейде жанан, әйдік – үлкен, зор, әкпіш – иін ағаш, көсеу – шымшуыр - өтәшкір, бадашы – сиыршы, сиыр бағатын адам, бада - өрістегі мал, байтаба – жүннен тоқылған шұлғау, башақ – қауынның ұрығы, бәдірең – қияр, бодан – үлкен пышак, быдым – семіз, жуан,

дәліз – ауыз үй, сенек, кіре беріс, дәйіс – ұятсыз, арсыз, кіл – ылғи, үнемі, қопал – осал, лепіс – ниет, мекер – айлакер, залым, пес – саран, пәңгі – есектің еркегі, сакаю – жазылу, тәуір болу, хамшикі - піспеген, жетілметген, шамба – шама, самат т.б.

Диалектизмдерде грамматикалық өзгешеліктер де болады: Жарқылдатып қаруды қалаға кіріп барулы; қол қусырып алдынан халқы күтіп алулы; халқына хабар салулы; Төреге өзі келулі, қол қусырып, жиен деп, көтеріп аттан алулы. Кележақ конақтарды қабылдауды Раушанға тапсырды (Ж.Тілеков). Адайлар әлде бүгін шатты гажап, әлде бір өліспеске ант қыла жақ; Сен – темір де, мен – көмір. Еріткейі келгемін... Бәріңіз бір-бір бедеу мініпсініз, ойын-кулкі, сәүлетпен жүріпсініз. Жібек сұлу дегеннің ауылы жақын. Бар еді, балам, қандай жұмысыныз? («Қызы Жібек»).

Көршілес отырған халық тілі әсері де диалектизмдер туғызады. Мәселен, Ташкент, Сырдария облыстарындағы қазақ мектептерінде көбінесе өзбек сөздері араластырылып қолданылады; мұнда, онда сиякты есімдіктер – бұз яқ, о яқ; бір, екі, үш, төрт сан есімдері – біттә, екіта, төртта; төменге тұс – пәске тұс; жан, қасы – қантал (сенің қасында жүрсейін – сенің қанталында жүрсейін); есік – қаны (есікті жап – қапыны жап); негіз – тиқар; пионерлер үйымы – пионерлер шөлкемі т.б.

Орыс тілінде де грамматикалық, лексика-фонетикалық, семантикалық, сөз тудыруши диалектизмдер өте көп. Мәселен, грамматикалық диалектизмдер катарына: мимо избы деу орнына – мимо избе, в степи – в степе, слабее – слабше сиякты қолданыстар жатқызылады; острый – вострый, паук – павук, пиджак – пинжал – спинджак, слушать – слухать т.б. – лексика-фонетикалық диалектизмдер; очень сөзі мағынасында – гораздо, внезапный орнына – наглый, утонуть орнына – залиться созін қолдану – семантикалық диалектизмдер; сондай-ақ бежать орнына – бечь, блюдце – блюдка, гусинья – гуска, дождик – дожжик деу – жана сөз тудыруға талпыну нәтижесі.

Сол сиякты орыс тілінде калға – ағаштан дәрекілеу жасалған чашка (ыдыс), калуга, калужина – батпак,

батып (түсіп) кетер балшық; лала, лаларь – езбе, сөзуар, қыдырымпаз, адасқақ; лыбиться – езу тарту т.б.

Неміс тілінде солтүстіктер – Sonnabend, Sahne, fegen десе, онтүстігіндегілер осы сөздерді тиісінше Samstag, Rahm, kehren дейді екен. Солтүстігінде ет бұзушы – ет сатушыны (мясник) – Schlachte десе, онтүстігінде – Metzger, шығысында fleischer дейтін көрінеді.

Ауызекі сөйлеу тіліне де, әдеби тілге де, диалектілік аймақтық лексикаға да тән аралық құбылыстың бірі – дублеттер дедік. Бұлар – тілде құрамы мен мағынасы жағынан жарыса (параллель) қолданылатын сөздер. Ондай құрамы мен мағынасы жағынан жақын сөздердің қатарына сөздің фонстикалық вариантытары (жарыспалы сөздер), сөз тудыруши жүрнақтар арқылы жасалған вариантытар морфологиялық, синтаксистік және стильдік параллелизмдер, орфографиялық, орфоэпиялық вариантытар жатады. Мәселен, қазақша манлай – манлай, диірмен – тиірмен, риза – ырза, ашық –ғашық, бәйгі – бәйгө, беймаза – бимаза, кәрия – қария, пенде –бенде, әжім – ажым, айқай – айғай, сондай-ақ орыс тілінде иначе – **иначе, творог – творог, одновременно – одновременно** тәрізді скінінгे байланысты акцентті дублеттер, ағылшынша madam – ma'am т.б. фонетикалық дублеттер деп аталады.

Қазақша тіл білімі – тіл туралы ғалым, білім-ілім, өкімет-үкімет, орысша языкознание-языковедение, волчиха-волчица, безвкусие-безвусица, петуший, петушкин, ағылшынша can't – cannot (кант - кяннот) – могу, не могу модальды етістіктері т.б. лексикалық дублеттер.

Сондай-ақ орысша порой-порою, чашка чаю – чашка чая вариантытары – морфологиялық дублеттер, понятный каждому – понятный для каждого, приверженность к науке – приверженность науке – синтаксистік дублеттер; горожанин – гражданин, голова – глав., сторона – страна – этимологиялық дублеттер; взяться за ум – схватиться за ум, быть на короткой ноге – быть на дружеской ноге, набить карман – набить мешок – фразеологиялық дублеттер.

Дублеттер мен диалектизмдер, кейде синонимдер бір-бірімен араласып-құраласып, ұштасып жатады; қант – шекер – секер – құмшекер; кораз - этеш; қала –шаар; қалбыр – елек – елгезер; леген – шылалышын – кірлен т.б.

Ш. Сарыбаев пен О. Нақысбековтың айтуынша, қазак тілінің аймақтық лексикасында вариант нesmese дублеттер қатарына жатқызылатын сөздер фонетикалық, лексикалық және грамматикалық болып үшке бөлінеді.

Фонетикалық дублеттер қатарына залым-зәлім, құдағи-құдағай, мәлімет-мағлұмат, сүйінші-шүйінші, шайқымазақ-сайқымазақ, жаутаңдау-жәутендеу т.б. жатады. Бұл дублеттердің әрбір сыңары бір-бірінен жеке дыбыстарының түрліше дыбысталып айтылуы арқылы бөлектенеді.

Лексикалық дублеттер әрбір сыңарының (компонентінің) дыбысталу жағынан бір-біріне ұқсамайтын болып келуі: этеш-қораз, атауыз-тістеуік, кемпірауыз; су ағаш – иін ағаш – күйенте; иіс су - этір – иіс май т.б.

Грамматикалық дублеттерге бір-бірінен қосымша арқылы ерекшелінетін сыңарлар жатады: барасыз-барасыныз, жаткан-жатырған т.б. Бұл топқа күрделі компоненттерінің бір сыңары бір-біріне ұқсап, екінші компоненті арқылы ерекшеленетін күрделі тіркестер жатады: барғым жоқ – барғым келмейді; баратын шығармын – барам шығар т.б.

Бұл келтірілген мысалдардан мынандай жәйтті аңғаруға болады: варианттық қатарға еніп отырған компоненттердің бірі – әдеби тіл сөзі, екіншісі диалектизм болуы мүмкін. Немесе екеуі де әдеби тілде қолданылып, екеуі де диалектілік сөз болуы ықтимал, бір сыңары – әдеби, екінші сыңары қарапайым сөз тобына жатуы мүмкін.

Таза ғана говорлық дублеттер де болады. Бұл топқа әр говорда әр түрлі вариантта қолданылатын дублеттер жатады: ілмек-шөтке-ырғақ (ілгек); ұрпақ-бузызы-күрпі (кебек); ақа-аша (айыр), әсілі-асылы; ләжі-лажы, есек-ешек-естек, домалау-думалау-жұмалау, серне-денгене-жора, атауыз-кемпірауыз-тістеуік, тәте-апа-әпше-әпке, шама-сәме-шәме-шамба-шәмбе, слек-слеме-елеуіш-елгезер-ұн қаққыш, көуірт-кеуірт-оттық-сіріңке-шырпы, күнбағыс-күнбағар-айбағар-күләйлән-пісте-шемішке-шекілдеуік т.б. (Ш. Сарыбаев, О.Нақысбеков. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. А., 1989, 28-31 беттер).

Кәсіби сөздер (профессионализмдер). Тілдің сөздік құрамының үлкен бір саласы – кәсіби сөздер, яғни

профессионализмдер. Мұндай сөздер білгілі бір мамандық, шаруашылық т.б. қатысты болып келеді, көп жағдайда терминдермен қабысып жатады. Мәселен, Қазақстанның кен-металлургия, көмір өнеркәсіпперінде лава, забой, штрек, шлак, скат, мартен пеші, проводник, кондуктор, стрелочник, шпал т.б. сөздер орыс тіліндегідей қолданылып жүр; лебедкашы (қыз), механикаланған, темір қикымдары, науа жолы, ұшпышты, штрекші, кірепшілер, т.б. осы сияқтылары казақ тілі қосымшалары қосылу арқылы калыптасты.

Улкен өзен-көлі жоқ жердің казақтары сазан, шортан, шабақ тәрізді балық ат-атаулардың біраз түрін ғана білетін болса, Каспий, Арал, Балқаш, Зайсан өңіріндегі балықшылар лексиконы аса бай. Бірақ олардың білетіндері – басқа жер тұрғындарына бимәлімдеу болғанымен, жалпы қазақ тілі лексикасына еншілес, ортақ байлық.

Жамбыл, Талдықорған облыстары жеріндегі – қызылشا, Шымкент жағындағы – мақта өсіруге, Қазақстанның онтүстігіндегі – жеміс-жидек, Қызылорда төңірегіндегі күріш, қауын-қарбыз балтап-кептіруге байланысты сөздер т.б. кәсіби немесе профессионалдық лексика катарына жатады.

Бір тілдің сөздік күрамындағы бір сөз бір кәсіп – мамандық өкілінің лексиконында – бір мағынада, скінші бір топ сөздік қорында – екінші бір мағынада, былайша айтқанда, белгілі бір сөз жалпыхалықтық тілдегі семантикасынан басқашарақ мағынада қолданыла беруі мүмкін. Мәселен, полиграфистер лексиконында полоса – терілген бет, шапка – бірнеше мақалаға ортақ ат, шахтерларда выдать на – гора – шахта астынан жер үстіне (жер бетіне) көмір беру, ал моряктарша камбуз – кемедегі кухня т.б. Мәселен, жүгері түрлері: дүмбіл, боз жүгері, пәшік, сота, шобық, шіңгіршек т.б; қауын аттары; әнгелек, жәмші, басыбалды, жегелек, күләбі, кемпір қауын, торлама, әміре қауын т.б.; мақта шаруашылығына байланысты: қоза, қозапая, шапак, шиіт, шігіт, гүлше, терімші (мақта теретін адам), балдақ, нағал, пәрік, шігіт майы (мақта майы) т.б.; қызылша шаруашылығына байланысты: қызылша,

қылша, түбір, өркен, тұбіртек, жом, көмбе, кәнеш т.б.; балыққа байланысты: бәкіре – мекіре (осетр), тісті, көкала, көсерке (судак), акбалық, акмарқа, марқа (жерех), қарагөз, көкмойын, қылауыз (вобла), ағауыз, айнакөз, актуша, қаяз (усач), жалтай, жыланбалық, көкбас (маринка), көглак, майбалық, мөнке, табан (карась), тақаз (сельдь) т.б. – кәсіби лексикаға қатысты сөздер. Бұлардың барлығы да ауызекі сөйлеу тілінде де, әдеби тіл стильдерінің барлық түрінде де актив лексика катарында қолданыла береді.

Орыс тілі лексикасында да профессионализмдер – белгілі бір қәсіп өкілінің сөз қолданыстары айтарлықтай орын алады. Мәселен, моряктар тілінде кок – повар (аспазшы) деген сөз; шахтерларда на – гора – үйіп-төгіп, таудай ғып көмір өндіру; аңшылар тілінде полено – қасқырдың құйрығы (хвост волка); бал арасын өсірушілерде матка, трутень, рабочая пчела сияқтылар қолданылады; женіл өнеркәсіп орындарында красильная, отбивная, стригальная деген тәрізді болып келетін 10 шакты машина атауы, неміс ағаш шеберлері лексиконында балтаның 6 түрлі ат-атауы, балғаның – 5, араның – 10 түрлі ат-атауы бар екен, орыстың ат бапкерлері (коневод), жылқының 40-тан астам түр-түсін (вороная, соловая), қазақтар жирен, қаракер, құла т.б. деп атайды.

Әлеуметтік лексика – көп жағдайда диалектизмдермен, профессионализмдермен байланысты болып келеді. Әлеуметтік лексикаға әр түрлі топка, мәселен, оқушылар мен студенттер, спортшылар, моряктар, солдаттар, қысқасы, кейбір жастар тобы, сондай-ақ колөнершілер, аңшылар, саудагерлер, ұры-қарылар т.б. қолданылатын сөздер, кейбір «құпия тілдер», варваризмдер, түрлі жаргондар мен арголар сөздері мен сөз қолданыстары жатады. Сол сияқты, орыс тілі саласында – оффендік қолданыстар, шет тілдерімен байланысты болып келетін циджиндер, креоль тілдерінс қатысты сөздер мен сөз тіркестері әлеуметтік лексика тобын құрайды.

Варваризмдер бұл – гректің *barbarismos* – дөрекі, бөтендік, шеттікі, біздікі емес деген мағыналы сөзінен алынған термин. Лингвистикада варваризм, негізінен, үш

түрлі мағынада қолданылады: варваризм – белгілі бір тілдің нормасына қайшы, ол тілдің заңы бойынша «теріс құрастырылған» сөз формалары мен тіркестер; варваризм – шетел әдет-ғұрыны, өмір-тұрмыс салты реалийларға қатысты кірме сөздер; варваризм – өзірші өзін қолданып отырган тілден «казаматтық құқық» ала алмай, тек кейбір әлеуметтік мұқтаждықтарын өтеу үшін «камалсыздан» пайдаланылатын шетел сөздері мен тіркестері.

Мәселен, авеню – французша кең көше; табльот – пансионат, курорттардағы ортақ стол; мадам – ханым, мидако – жапон императоры; денди – ағылшынша ерекше көзге түсерліктей киінген адам; хобби – қол боста айналысада сүйікті іс; фрау – немісше тұрмысқашықтан ханым (госпажа) т.б. Бұл сияқты сөздер орыс тіліне басқа тілдерден енген; мұндайлардың грамматикалық формалары орыс тіліне әлі сіңісіп кете қойған жоқ. Сондықтан мұндай формалар, яғни варваризмдер тек кірме қалпында қолданылады.

Варваризмдермен экзотикалық-шетелдік, басқа тілдік лексика байланысты болып келеді. Экзотикалық лексика – бөтен тіл иесінің ұлттық, жергілікті өзіндік ерекшелігін айқын танытатын құралдың бірі. Мәселен, орыс тілі үшін казақ тіліндегі қымыз, сарымсак, уық, кереге, тобылғы, айран, ірімшік, қазы, қарта, жал, жая, жамбас, бас тарту т.б. – экзотикалық лексика. Мұндай сөздер орыс шығармаларында дәл осылайша қолданылып, сілтемеде олырдың ұлттық мағынасында түсініктеме беріледі.

Сондай-ақ түркі текстес бай, бек, бешпет, гяур, делибаш, зурна, паранжы, пиала, чайхана, янычар т.б. сөздер – орыс тілі үшін экзотикалық лексика.

Жаргондар мен арголар – тілдің пассив лексикасының бір тобы. Екеуде француз тілінен алынған термин (jorogon, arogot). Мағынасы («құпия сез», «құпия тіл») дегенге келеді. Бұлар – кейбір әлеуметтік топ өкілдерінің «оз сөздері мен сөз тіркестерін» өздерінен басқа жұрт түсінбесін деген мақсатпен құрастырып алған жасанды, «құпия», шартты тіл. Арго мен жарго лексикасының бір-бірінен сәл-пәл ғана айырмашылығы бар: жаргондарда экспрессивті – эмоционалды ренқ, яғни қосалқы бояу, өндеп,

әшекейлей тұсу (коннотация), сондай-ақ кемсітіңкіреуші, жағымсыздандыра тұсу мағына (пепоративті мағына) басымдырақ болады.

Жаргондарды қолдаушылар, соған орай, жаргонның түртүрі де көп: буржуазия жаргоны, дворяндар жаргоны, әскери жаргон, кенес жаргоны, аралас жаргондар т.б. Осыларға сай, жаргондық тізбектер, жаргондық қолданыстар, жаргондық идиоматика, жаргондық сөздер, жаргондық лексика, жаргонизм сияқты сөз тіркестері қолданыла береді. Бұлардың ішінде аралас жаргондар ұғымы-креоль тілдері дегенгс, ал жаргонизм-ағылшындардың слэнгіне жақын.

Мәселен, орыс жаргондарында «голова» сөзі: котел, котелок, черепок, корзина, тыква, арбуз, глобус, кастрюля, коробочка деп қолданылып, «бас» мағынасын білдіреді. Сондай-ақ «руки» (кол) сөзі орнына хваталы, махалки, коромысла, грабли, клешна, плети сөздерін қолдана береді; «худой, тощий человек» («арық, әлжуаз адам») мағынасын доходяга, скелетина, мосол, вершалқа, плащ, спица, кол, жердь, шпицель, как велосипед (худой) сөздерімен алмастырады; «отлично, прекрасно» сөздері орнына законно, шикарно, шик-модерн, клево, кайф, лайф т.б. дей береді.

Аргоны қолданушы топтар да соған орай, аргонның түртүрі де көп: мектеп оқушылары аргосы, студенттер аргосы, спорттық арго, карта ойнаушылар аргосы, ұры-қарылар аргосы т.б.

Мәселен, мектеп оқушылары аргосында мына сияқты сөздер мынандай мағынада қолданылады еken: сачкнуть, полундра, тикай – қаш, қашыңдар (кейде сактаныңдар, келіп қалды), делц – аз-аздал, ептең-ептең, рога подшиваю – ұру керек, сілейту керек, канай отсюда – кет осы жерден т.б.

Студенттер аргосы: спихнуть – емтиханды әйткең өйтіп-бүйтіп тапсыру (сдать экзамен как-нибудь), похрянаем – тамақтанайық (покушаем), ахнем, бобнем – ішіп жіберейік (выпьем), кирнул – қағып тастанды (выпил), похилял – кетіп қалды (ушел), хвост, завалил, плановать – құлап қалды (құлатып жіберді); посадить на фонарь – алдау,

сөзінде тұрмай (обмануть, не сдержать свое слово), идти на шпорах – алдын ала дайындалған қағазы бойынша жауап беру (отвечать на шпоргальках), сачок – жалқау, предки – ата-ана (родители), хлеборезка – ауыз (рот), закрой хлеборезку – жап аузыңды, үндеме, үнінді шығарма, плавать контрошка – бақылау жұмысын оғып-бұғып жазу, біреулерден көшіріп алу, шеф – басқарушы (руководитель), препат – преподователь – (оқытушы), античка – античная литература, зарубежка – зарубежная литература, стипуха – стипендия т.б.

Ұрылар аргосы: гап – стоп – ұрлау (обворовать); цахrimы, хрясы – ақша (деньги); пахан – шеф, шайка бастығы; срываешься – қашу (убегать); редиска – жаман адам (не хороший человек); моргалы выколю – көзінді ағызып жіберем (глаза выколю); пасть порву – езуінді айырып жіберем; уркаган – қылмыскер (преступник) т.б.

Уркаган (қылмыскер) ертедегі Иранда гуркаған деп аталса керек. Кісендеулі гуркағандар жер астында зындан, каналдар қазатын көрінеді. Олар өмір бойы жер астында – қаранғыда жұмыс істегендіктен, соқыр болып қалады еken. Көпшілігі жер астында өледі. Бірлі-жарымы ғана – мыңның біреуі ғана жарық дүниеге қашып шығатын болса керек. Гуркағандар – ауыр қылмыстылар: кісі өлтіргендер, ірі ұрлық-қарлығы үшін ауыр жазаланғандар. Ертеден бергі гуркаған сөзі күні бүгінге дейін ұрылар термині болып қалыпты.

Ұрылар аргосын патшалы Ресей тұсында «блестящая музыка» деп те атапты. Ұрылар лексикасының «семантикасы» өздерінің шартты ұғымы бойынша ғана түсінілген: скамейка – ат (лошадь), колесо – етік (сапоги), мокрое дело – кісі өлтіру (убийство), венчанье – сот (суд), браслет – қолға салатын кісен, бұғаулық (наручники, ручные кандалы), царева дача немесе романовский хутор – тұрме т.б. Аргоның бұл түрінде кейбір кірме сөздер де колданылған: бабай (туркі сөзі) – старик, микрый (жана грек сөзі) – кіші, кішкентай, ларва (цыган сөзі) – жезекше т.б. Дегенмен қазіргі тілдірде ұрылар аргосы азая тұсуде, арголар функциясы тарыла тұсуде.

Кейбір арго профессионалдық сөздер – кәсіпке байланысты сөздермен ұштасып жатады. Соның бірі – шоферлар аргосы – мигалка – бұрыламын десенде жағыларатын лампа, дворники – машинаның әйнегін сүртіп отыратын щетка, резинка немиссе скаты – машина дөңгелегінің қорабы, барапка – машинаның рулі, вертеть барапку – машинаны жүргізу, жать на газ – газға басу, мотор чихает – мотор құрлдейді, мотор баражлит – мотор жәнді емес, тоқтап қалады т.б.

Антогонистік, бір-бірімен оліспей бітіспейтін құрылышты қоғамда арголар әлеуметтік диалектілерімен де ұштасып жатады. Мәселен, француз бузжуазиялық революциясы болар алдындағы кезеңдерде француз аристократтары қоғамның басқа мүшелерінен өз бойын аулақ салуға тырысты, олардан оқшауланғысы келіш бақты. Сөйтіп, француз аристократиясы өздерінің ерекше «салондық тілін» - жоғары тап аргосын жасауға әрекет етіп бақты. Мұндай аристократия Версаль төңірегіндегі топтар деп аталатын. Олардың салондық аргосы бойынша жалпы халықтың кейбір сөздері дөрекі, қолдануға колайлы емес деп танылды. Олардың орнына, шыншуйайтқа келгенде, қаралайымдылық пен табиғилықтан жүрдай болған сөздер мен тіркестер қолданылады: les orailles (құлақтар) орнына les portes de l'entendement (сөзбе-сөз: ссту қақпасы – ворота слуха), la chemise (еркектер көйлегі - сорочка) орнына, la compagne régretuelle des morts et des vivants (тірілер мен өлілердің мәнгілік серігі – вечная спутница живых и мертвых), j'estime le melon (мен қауынды жақсы көрем) - j'estime le melon (мен қауынды бағалаймын – я ценю дыню) деген тәрізді балдыр-батпақтарға үйір болған.

Салондық жаргон-арголарды қолдануға келгенде, өз заманында орыс аристократтары да француз әріптестерінен қалыспауда тырысқан екен. Н. В. Гоголь «Оли жандар» романында (1 том, 8 тарау) өз кезіндегі орыс дворяндарының салондық жаргондарын олтіре сықақ етеді. (Ю.С.Маслов).

Варваризм, арго, жаргондармен байланысты лексика тобының бірі – «тұздық» (былапыт, бокауыз) сөздер.

Ондайларды орысша – соленая речь, ағылшынша слэнг деп атайды.

Пиджин тілі лексикасы жөнінде. Пиджин – аралас тілдердің бір түрі. Пиджин - әр түрлі территориядан келген адамдардың түрлі тілде сөйлеуші халықтар арасында қарым-қатынас, пікірлесу үшін құрастырылған жасанды тіл.

Алғашқы шыққан кезінде мұндай жасанды тіл «пиджин» - «инглиш» деп аталынды. Ағылшыншасы – pidgin English. Бастапқыда іскер тіл – (деловой язык) мағынасында қолданылды; қолма-қол қатынас жасау – сөйлеу, нақты іске көшу, сөйтіп әрқайсысы әр тілде сөйлеуші халық өкілі бір-бірін түсіну мақсаты үшін жасалынды. Бұл әбден дерлік қарапайымданырылған тіл.

Пиджин-инглиш әуелгі кезде көптілде сөйлеуші Оңтүстік Қытай порттарында көмекші қатынас құралы ретінде пайда болды.

Пиджин-инглиштің лексикасы – ағылшын лексикасы. Бірақ пиджин-инглиште ағылшын лексикасы фонетикалық жағынан да, семантикалық жақтан да тұрпайымданырылған, мұлдем қарапайымданырылған болып келеді.

Мәселен, пиджин-инглиш тілінше news – paper (ныюспейпа) – газета мағыналы сөзден қарапайымданырылған nisi – рера (нуси - пепа) – кітап мағынасын, mary (мэри) – әйел дегенді, pidjon (пиджон) құс деген мағынаны білдіреді.

Ал пиджин-инглиштің грамматикасы – қытай тілі грамматикасы. Былайша айтқанда, сөз құрастырып, тіркестерінде қытай тілі грамматикасының үлгісі мен қалпына салып түзейді. Сөйтеп тұра, пиджин – сол пиджинше сөйлеушілердің ешқайсының да ана тілі сияқты қызмет атқара алмайды. Пиджин – сөйлеуші екі халық өкілдерінің екеуінің де ана тілі нормасына сай келмейтін дұбара, жасанды, әйтеуір бір қосалқылық қызмет атқаратын тіл.

XIX ғасыр орта кезінде Ресей мен Қытай шекарасы жағалауларында кяхтин пиджині деген де пайда болған. Мұны «орыс тілінің қытай наречиесі» («китайское наречие русского языка») деп те атаған. Кяхтин наречиесінің негізі – қытай мәнеріне салынған, әбден қарапайымданырылған орыс тілі. Бұл тілде – кяхтин пиджинінде сөздер

септелмейтін, жіктелмейтін. Қяхтин пиджинің шекарадағы қытай саудагерлері де, қытайша білмегендіктен, орыс алыпсатарлары да қолданатын. Қытайлар орыстен сөйлескенде – орыс тілі мәнеріне, орыстар қытай тілі мәнеріне (қалыбына) салып сөйлесетін.

Қяхтинша сөйлеу мына сияқты болып келеді екен:

1. Орыстар қытайларға қын соғатын дауысты сөзді тіркемесін бұрмаламай, анық, ашық айтуда тырысатын, оның өзінде сөзді буынға бөліп-бөліп айтатын: хо-ро-шо, мо-ло-ко т.б.

2. Дауыссыздар қатарласа тіркескен сөзге (немесе буынға) қосымша дауысты дыбыс қосып сөйлейтін: про-шу – по-ро-шу, два – дува, жарко – жа-реко, шампанское – шам-а-нанесеки т.б.

3. Ся-га біткен етістіктерді иза формасымен өзгеретін: бояться – боиза, дерутся – подериза, кейбір етістік алдынан по приставкасын қосатын: гулять – погули, ходить – походи т.б.

4. Кейбір «ұзак» деген сөзді ішкі формасы соған жақын мағыналы сөз тіркесімен ауыстырады екен: красноречие – языки меда, перчатка – рука сяпоги т.б.

5. Зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктер тек қана атау септікте, жекеше формада қолданылған: семена – semen (дән), дома – дом, лошадиный хвост – лошаки хвоса, вчерашний день – вчера день, медвежья шкура – медведи коже т.б.

6. Сын ссімнің салыстырмалы шырайы мен үстеулсрге лучше – лучше, шибко – шипики сезін қосып айтады: белее (агырак) – лучеше беленьки; белейший, самый белый – шипики беленьки т.б.

7. Реттік сан есімдер формасы жағынан есептік сан есімдер сияқты қолданылған: одна – (один, первый), дува, тери, четыре, пяти, шесети, ссма, восема, девяти, десяти т.б.

8. Етістік шақтарына было, еса (есть), буду сөздері қосылып айтылады: гулял, гуляли орнына – погули было, гуляю, гуляем орнына погули еса сияқты түрде сөйлеген.

9. Қытай мен орыстың диалогы мына сияқты болып келеді екен:

- Илисантера за тиба кака подумаи за моя пришел еса
- Александра, как полагаешь, зачем я пришел?
- Погули сса, господине Далай – В гости, господин Далай.

Бұл секілді пиджин орыс-норвеж арасында да қолданылыпты: Ол руска-норск пиджині деп аталған. Лексикасы – орыс, норвеж, неміс, ағылшын сөздерінің қосындысынан құралғандар.

Пиджиндер этника аралық қатынас құралы ретінде Жерорта теңізі порт қалаларында, Африка, Америка плантацияларында жұмыс істеген әр тілді халықтар арасында да, Ямайка, Гаити аралдарында т.б. жерлерде де пайда болған.

Пиджиндер лексикасының негізі – сауда-саттық қатынас және отарлау-отарланушы ерекшеліктеріне қарай іріктелген, негізінен, ағылшын, француз, португал, испан сөздері. Ал субстрат тілдері, яғни араласып-құраласқандар – жергілікті халық тілдері.

Креоль тілінің кейбір ерекшеліктері. Әлеуметтік лингвистика (социолингвистика) тұрғысынан сипаттағанда, ерекше формалы, яғни срекшелікке мол тілдің бірі – креоль тілі. Қазіргі кезде креоль тілінде дүние жүзінде 10 миллиондай адам сөйлеседі екен.

Креоль – аралас жаргондардың бір түрі. Креоль тілдері пиджинге ұксас. Бірақ қасастық жақтары да көп, айтарлықтай айырмашылықтары да бар. Ең негізгі ерекшеліктің бірі – пиджин тілі «әлеуметтік субстратқа» жатады. Мұның мәнісі: пиджинді қолданушылар – саудамен айналысатындар, қоныс аударып келгендер т.б. ғана. Пиджинің этникасы, яғни тұрақты сөйлеуші халық жоқ. Екінші сөзben айтқанда, пиджин – белгілі бір халықтың ана тілі емес.

Ал креоль тілі – этникалық субстрат тілі, белгілі бір жаңа этнос, яғни халық тілі. Мұндай жаңа этностар, яғни халық белгілі бір этностық процесс нәтижесінде, біраз этностың бір жерге шоғырлануы нәтижесінде т.б. себептегер негізінде пайда болуы мүмкін.

Қысқасы креоль – әжептәуір лексикасы, жеке дербес грамматикасы бар, баска да табиғи тілдер сияқты, өз дамуының ішкі зандары бойынша өркендей алатын тіл.

Креоль алғашында пиджин сияқты аяқ баса бастап, келекеле дербес халық тіліне айнала алды, тіпті этнос аралық катынас құралы дәрежесіне жете алады.

Қазір де креоль тілдерінде сөйлеушілер саны күннен-күнге арта түсуде десе де болады. Қазіргі кеңірек тараған креоль тілдері ағылшын тілдес, француз тілдес, испан тілдес, португал тілдес пиджиндермен дамыған. Көптеген терриорияға там-түмдап тарапған креольдарда құрылымы жағынан ұқсастар өте көп. Соған орай, қазірде «жалпы креоль грамматикасын» («общекреольская грамматика») жасау мәсслесі қолға алынуда.

§ 4. Тілдің стильтік қабаттарына байланысты лексика

Тілдің лексикасы тілдегі сөздердің қолданылу аясы – шеңберіне қарай да топтастырылады. Өйткені тілдің лексикасы – тілдің сөздік құрамының белгілі бір стилистикалық қабаттарының да, белгілі бір әдеби бағытқа тән сөздердің де жиынтығы. Қысқасы, тілдің лексикасы стиль ерекшеліктеріне де байланысты болып келеді. Сондықтан әр стильдің өз қызметіне қарай белгілі бір актив қоры, яғни өзіне тән дерлік – сол стильде ғана көбірек қолданылатын сөздері мен сөз тіркестері болады. Сөздің ондай топтарының әрқайсының өзіндік стилистикалық бояуы, мағынасы болады. Кейбір сөздер – «көтерінкі», «биік», кейі – эмоционалды, кейі – стильтің біреуіне ғана телінген болып келеді.

Дегенмен кез келген дерлік стильтеге тән лексиканың арғы негізі – ауызекі сөйлеу тілі лексикасы. Ауызекі сөйлеу лексикасына күнделікті қолданылатын кәдімгі үйреншікті, жүрттың бәрі айта беретін сөздер жатады. Ауызекі сөйлеу лексикасы – тіл-тілдің ежелгі сөздік қоры, әдеби тілдің бастауы, кайнар көзі мен сарқылмас бұлағы.

Тілдегі сөздер қолданылу аясы мен шенберіне және стилистикалық қабаттарына қарай бейтарап лексика, жалпылама қарапайым лексика, эмоционалды лексика, тұрмыстық лексика, кітаби-кенсе лексикасы, интернационалдық лексика, ғылыми лексика, қоғамдық-публицистикалық лексика, өндірісті-техникалық лексика, терминологиялық лексика, экзотикалық лексика, фамильярлық лексика, дөрекі (вульгарлық) лексика, көтерінкі лексика, поэтикалық лексика, актив және пассив лексика т.б. көптеген топтарға бөлінеді.

Бейтарап лексика – белгілі бір сөйлеу стиліне телінбеген сөздер тобы. Бейтарап сөздерде стилистикалық бояу деген болмайды. Олар стиль талғамайды. Өйткені бейтарап сөздердің өзіне ғана тән стиль деген болмайды. Сондықтан олар әр түрлі стильде қолданыла береді. Сөйтіп, ондайлар әр түрлі стильтердің басын қосып, оларды әдеби тілге біріктіре түседі десе де болады.

Казақ тілінде стильтің барлық түрінде дерлік қолданылатын мұндаидар, осындаидар, ол, сол, жаңа, істеу қажет сияқты сөздер бейтарап лексикага жатады. Бейтарап лексиканың бір ерекшелігі: стилистикалық синонимдері болады. Мәселен, жалаңаш – лыпасы жоқ, дәлелдеу – көзін жеткізу, өтірік айту – бөсіп кету, срі-зайыбы, байы – жұбайы, голый – нагой, доказательство – аргумент, лгать – врать, муж – супруг, поединок – единоборство т.б.

Бейтарап лексикаға жақын бір топ – жалпылама лексика. Жалпылама лексика да стильтің барлық түрінде қолданыла береді. Жалпылама лексика тобына кіретіндерде стилистикалық синонимдер болмайды: су – вода, қыс – зима, кітап – книга, ақ – белый, алыс – далекий, істеу керек – делать (надо), тамактану – покушать т.б.

Жалпылама лексиканы қарапайым лексика деп те атайды. Жалпылама немесе қарапайым лексика ауызекі сөйлеу тілінде де, жазба тілде де бірдей қолданылады. Олардың кейбірі, сырттай қарағанда, дөрекілеу сияқты көрінеді. Бірақ ондай лексиканың көбінде эмоционалдық-экспрессивті бояу болады; кейбірі ұлттық ерекшеліктері (реалий), экзотикалық мәнді болып келеді: қатын, кемпір,

отағасы, ақсақал, қара қожалақ, оспадар, жүгермек, жалмауыз, жалаң бұт, жалаң аяқ, сұмырай, сұық қол, сумақай, әпенде, суайт, сұғанақ т.б. Орыс тілінде лексиканың мұндай түрінде балбес, барахольщик, долбать, жратъ, левак, баба, бараҳлить, батенька, безалаберный, карапуз, ладно, лакомка, лихач т.б. жаткызып жүр. Лексиканың бұл түрі кейде варваризм, жаргон, арго, слэнгтермен астасып жатады.

Карапайым лексика фамильярлық лексикамен де қоян-қолтықта болады. Фамильярлық лексика – көбінесе ауызекі сөйлеу тіліне тән, кейде интимдік, кейде шолжан, тым еркін, бөспе мағыналы лексика: алдады, өтірік айтты – өтірікті соғып жіберді, бөсіп кетті – вратъ, сочинять; бірдемені қайта-қайта айтты, ығыр қылды, зәрезап болды, «апарып тастады» – трепать т.б.

Эмоционалды лексика – тілдің эмоционалды бояулары мен құралдарын пайдалана отырып жасалған лексика. Бұлар адамның ішкі-сыртқы сезімін, қуаныш-сүйінішін, ыза-кекті, ұрсу-зекіру, тұқырту т.б. жәйттерін білдіреді: құлыншағым, айдарлым, ақ мандайлым, шырайлым, айнам көз, қызыым, қарағым, бабусья, доченька т.б. Сондай-ақ, Алақай! Айхой! Ойдот деген! Ақымак, есуас, есалан, есерсок, мерзавец, подлец, негодяй..., браво. Черт побери!

Экзотикалық лексика – бір тілге кейбір басқа тілден енген кірме сөздер, белгілі бір халықтың өзіне ғана тән ерекшеліктерін білдіретін сөздер. Мәселен, орыстар үшін қазақтың ауыл, киіз үй, текемет, кереге, уық, құрт, ірімшік, бауырсақ, қымыз, саумал, сырмақ, жанан, тай қазан, кәмшат бөрік, тұлқі тымақ, қасқыр ішкі сияқты сөздері – экзотикалық лексика, сондай-ақ, орыс тіліне ұндіевропа тілдеріне ауысқан гурия, гяур, шальвары, уздень, чиихирь, т.б. экзотикалық лексика.

Тұрмыстық лексика – күнделікті жиі қолданылатын аса қажетті, сондай ақ халықтың тұрмыс жайы, салт-санда, әдет-тұрпына, өмір тіршілігіне қатысты сөздер. Бұлар, негізінен, күнделікті ауызекі сөйлеу тіліне тән жалпылама лексикамен астасып жатады. Тұрмыстық лексика – халық өмірінің айнасы есепті. Мәселен, қазақ тілінде үй-

баспаңа байланысты сөздер: жаппа, итарқа, кос, жаба салма, жеркепе, жертөлс, үй, үйшік, шаңырақ, кереге, уық, желбау, т.б.; құрал-сайман аттары: ат байлағыш, мама ағаш, бел ағаш, иін ағаш, камшы, ер-тоқым, өмілдірік, жүген, құрық т.б.; киім-кешек аттары: саптама етік, жайдақ етік, кәмшат бөрік, тұс киіз, тұлқі тымақ, касқыр ішік, қара құлын, жарғақ, бешпент, камзол, күпі, тон, сәукеле, білезік, жүзік, сырға т.б.; ыдыс-аяқ аттары: таба, табақ, жанан, мес, саба, оқтау, ожай, кәрлен, қазан, тостаған, астау, құбі т.б. жүздеген-мындаған сөз бар.

Кітаби-кенсе лексикасы – ғылыми әдебиетте, публицистикада, ресми-іс қағаздарында сөйлеудің кітаби стиліне байланысты лексика. Мәселен, орыс тілінде беделге сену, біреуге табыну, көз жұма көне беру, бас шұлғи, көз жұма құптай беру мағынасындағы – авторитарный, бірдемеге толық сәйкестену, сай келушілік мағынасындағы – адекватный, шет елге дипломат етіп тағайындау, жіберу, өкілеттік беру мағынасында – аккредитовать, бірдемені бірінші орынға шығару, қою, назар аударту, бадырайтып көрсету мағынасында – акцентировать, біреуді маңызды етіп, ұлы ғып көрсету, асыра мадактау, табындыру мағынасындағы – возвеличивать, сондай-ақ, эрудиция (асқан қабілестті), воззрение (көзқарас, жеke пікір), декоративный (құрғақ даурықпа), апробировать (бекіту, тәжірибеден, өткізу, дәлелдеу) т.б. кітаби лексика тобына жатқызылады. Бірақ кітаби лексика делінгеммен, мұндай сөздер ауызекі сөйлеу тілінде де кен қолданыла береді. Сондықтан да мына сөздер – мына лексикаға, анау сөздер анау лексикаға тән деп үзілді-кесілді тұжырым жасауға болмайды.

Кенсе лексикасы деп аталатындардың да өзіндік ерекшелігі жоқ емес. Мәселен, қазак тілінде: жоғарыда көрсетілген, төменде аталатын, астын сызу, белгі қою, атап корсету сияқты тізбектер кенсе лексикасына тән. Кенсе лексикасының стильдік күші, дәлдігі солғын болады, пәлендей әсерлігі жоқ. Солай бола тұра, олардың кейбірі көркем әдебиетке де, ғылыми-публицистикаға да сніп кетіп жүр. Эрине, бұл – дұрыс емес.

Кеңсе лексикасымен кейбіреулер орынды-орынсыз колдана беретін «дайын», «штамп», «кезекші» сөздер мен сөз тіркестері қабысып жатады: алайда, қорыта айтқанда, қысқасы, кете алған жоқ, бұл айтылғандар, ат салысу, шектелмеу, тұтас алғанда, жалпы алғанда, болып табылады, болып саналады, атап айту керек, атап көрсетті т.б.

СЕМАСИОЛОГИЯ

Семасиология – лексикологияның үлкен бір саласы. Грек (sema, semasia - белгі) және латын (logos - ілім) тілдері сөздерінен құралған бұл терминнің дәл мағынасы – белгі, белгілеу туралы ілім. Лингвистикада семасиология бірнеше мағынада қолданыла береді. Семасиология, бірер сөзбен айтсақ, мағына туралы ілім; семасиология – тіл білімінде тілдік единицалардың мағынасын (мазмұнын, ішкі жақтарын) тексеретін ілім; семасиология – тіл білімінде сөздер мен сөз тіркестері мағыналарын және ол мағыналардың өзгеру жолдарын, семантикалық зандарды зерттейтін сала. Сөз мағынасын сөздің семантикасы деп те атайды; семантика мен сөз мағына дегендер – бір-бірімен синоним.

Сөз мағынасының қыр-сыры өте көп. Белгілі бір сөз алдымен өзінің тура – номинативті мағынасында қолданылады; дәл сол сөз екінші бір тіркестерде, сөйлем ішінде ауыспалы, өзінің тура мағынасынан басқа мағынада да қолданылуы мүмкін; дәл сол бір сөз түрлі тіркестер күрамында бір емес, бірнеше мағынада қолданылуы мүмкін, яғни көп мағыналы болып келуі мүмкін. Сөздің қандай мағынада қодданылып тұрғанын дәл айқындайтын нәрсе – контекст (сөз тіркестері, сөйлем ішіндегі білдіріп тұрған мағынасы).

Мәселен, Айғаныс басын көтеріп, аузын жыбырлатты да, Ілиясқа кайта үнілді; сұы тайыз, өткел аузында баяу сөйлеген дауыстар шығады (F.Мұст.). Көмір суырдың қазған інінің аузына шығып қалыпты (F. Мұс). Ол марляға жабысып қатып қалған жараның аузын қолмен жұлып алды (Ә.Әб.).

Мұнда бірінші сөйлемдегі ауыз сөзі ғана өзінің тура мағынасында тұр; ал екінші, үшінші, төртінші сөйлемдерде бұл сөз ауыспалы мағынада (өткелден өтетін жер, іннің сыртына, жараның бетін, ұшын) тұр; бұл сөйлемдердегі ауыз сөзінің әр түрлі тіркестегі мағынасы бұл сөздің әрі көп мағыналы екенін көрсетеді.

§ 5. Полисемия

Сөздің көп мағыналығын полисемия (гректің көп мағына деген сөзі) деп атайды. Дәлденкірей түссеқ, бір сөздің әр түрлі контексте әр түрлі мағына беруін полисемия деп атайды. Мәселен, «Қазак тілінің түсіндірме сөздігінде» (I том) бас деген зат есімнің бірнеше мағынасы келтіріледі: 1) адам мен айуан дүниесінің көз, мұрын, ауыз, құлақ т.б. орналасқан мүшесі; 2) шөптің, ағаштың, түрлі өсімдіктің ең жоғарғы жағы, төбесі, ұшы; 3) таудың, қырдың, мұнараның т.б. төбесі, биік жері, ұшы, ең үсті; 4) өзеннің, бұлактың басталған жері, жоғарғы жағы; 5) таяқтың т.б. сондай нәрселердің жуандай, жұмырлау жағы (таяқтың басы); 6) балтанның, шоттың т.б. саймандардың жүзі бар жағы (айбалтанның басы); 7) бір нәрсенің айналасы, қасы (от басы, ток басы); 8) кісінің жеке дара өзі, адам (Басы аманның – малы түгел); 9) сан мөлшерін есептеу амалы, дана (қой саны – бір мың бас); 10) қызметі жоғары адам, басқару ісін жүргізуі; 11) негізгі, ұлken (Азаматтық қозғалыстың бас жауы - буржуазия); 12) бір нәрсенің бастамасы, алғашқы көзі (істің басы, қыстың басы); 13) басқарушы, жетекші (Бұл іске Мейрам бас болып келді) т.т.

Орыс тілінде де голова (бас) сөзі – полисемия: адамның дene мүшесінің бірінің аты; сан мөлшері, есептеу амалы (сто голов рогатого скота); қабілеттілік, ақылдылық, саналылық (у него голова работает хорошо); бастық, басқарушы, жетекші, қожа (всему делу голова); алдыңғы бөлімше, топ, бастаушы (голова колонны) т.б.

Сондай-ақ орыс тілінде стол – жиһаз аты; стол – тағам, тамак (стол накрыт богато); муж – ер, еркек, күиеу (он, как муж, очень заботлив); муж – азамат, ер адам (замечательный муж древности) т.б. Сол сияқты, болгар тілінде залез – күннің батуы; залез – абырайдан, беделден айырылу; французша vert – жасыл; vert – сергек; vert – шапшан, тік, бір бет т.б.

Ағылшынша care – қамкорлық, бас-көз болу, бағып-куту; сактық, назар аудару; diamond – металл: алмаз, бриллиант;

шыны кесетін құрал; ромб (геом.); картаның түрі (қазақша – қиық, орысша – бубны); американ, ағылшын тілінде care – бейсбол ойнайтын жер, алаң; care – жарыс, жүгіріс; at бәйгесі (бәйгеге қосу); тез, шашшан, жылдам жүру; ағыс, ағын; жасанды көл, көлшік, канал т.б.

Немісше Zug (цук) сөзінің оннан астам мағынасы бар: қозғалыс; жүріс; процесия; поезд; ұрттам; жұтым; ауаның тартылымы; мінез-құлық сиқы; әскери взвод; әскери эшелон; әскери қару т.б.

Полисемия – тіл-тілдің бәрінде бар құбылыш. Мәселен, орысша идти (жүру, бару) етістігінің – қырық шакты мағынасы, ағылшының do (істеу, орындау) етістігінің – 16, чехтың miti (ие болу, қолына алу) – 12, болгардың отбивам сөзінің – 7, башиния (Отан) сөзінің 5 түрлі мағынасы бар көрінеді.

Әдетте, тіл-тілде ертеден, ежелден қолданылып келе жатқан байырғы сөздер, сол негізгі түбірлерден өрбігендер көп мағыналы болып келеді.

Мәселен, Абай алу етістігін толып жатқан мағынада қолданады: 1) бір затты қабылдау, ие болу. (Қалбалактап түн бойы, алып бакты бұл сорлы.); 2) бір затты қолмен ұстau. (Орамалды қуанып қолына алды, сый алдым деп халқына кайта барды); 3) жұбайлы болу, үйлену. (Атанаңың қызметін, Алған жардың қарызын, Өтемей кеткен бейнетін.); 4) анды қолға түсіру, ұстau. (Құсы да, иесі де қоразданар, Алпыс екі айлалы тұлкі алғанда.); 5) бір елді шауып өзіне қарату, бағындыру. (Жердің жүзін алуға талап етті); 6) о дүниеге әкету, өлтіру. (Сәулемді құдай алған сон, сарнамасқа не шара? Жарымды алып кор қылдың, жас өмірде тасынған.); 7) күрделі сөз құрамында жұмсалып, косымша мағына үстейтін көмекші етістік (Сілкіне алмас жапырақ т.б.).

Алу етістігі бұл келтіргендерден басқа да сөз тіркестері ішінде толып жатқан ауыспалы мағынада қоданылады: асырап алу, атак алу, басты бұлт алу, бойды алу, ғибрат алу, есеп алу, еске алу, жазды алу – жазды өткізу, жау жағадан алу, көзге жас алу, көңілін алу, ләzzат алу, сәлем алу, шен алу, т.б.

Алу етістігінің орысшасы – брать. Орыс тілінде брать – полисемия; қолға алу, қолмен ұстау (беру перо в руки); тандау, талғау (беру тему для диссертации); қабылдау, асырау, бірге ерту (он стал брать мальчика на охоту; брать детей на воспитание); сатып алу (брать булочки в буфетс); оку, пайдалану (брать уроки) т.б.

Алу етістігінің ағылшыншасы – to take: to take a book – кітап алу; to take fish – балық аулау, балық ұстау; to take a prize – сыйлықты, жүлдені женіп алу; to take an offer – ұсынысты қабылдау; to take medicine – дәрі ішу т.б.

Алу етістігінің французшасы – prendre (алу, ұстау, қолдану, ішу, отыру, т.б. мағынада); немісше – nehmen: алу, ұстау, қатысу, айыру т.б. мағынада.

Полисемияның сөздің семантикалық варианты деп те атайды. Полисемияға жататын сөздердің мағыналары арасында мағыналық байланыс, жақындық болады. Мәселен, жоғарыда келтірілген ауыз, бас, голова, стол, муж сөздері мағыналарының арасында үзілмеген желі, мағыналық жақындық, ортақтық бар. Ондай жақындық, ортақтық, сайып келгенде, ауыз, бас, голова, стол, муж сөздерінің негізгі, тұра, номинативті мағынасынан шығады; басқа мағыналарының сыры бұл сөздерді бастапқы, негізгі мағыналарымен салыстыра қарағанда, айқындала, дәлдене түсіп, түсінікті болады. Мағыналық жақындық, ортақтықтың болу-болмауы – бір сөзді полисемияға жатқызу немесе жатқызбау үшін басты шарт (критерий). (Мейрам бұл іске бас болып келді). Аяғынды бас дегендегі бас – мағынасы жағынан басқа-басқа құбылыс. Жоғарыда болгар және француз тілдерінен келтірілген залез, vert сөздері де, сырттай қарағанда, бірдей дыбысталады және қазақша аударғанда мағыналық жақындықтары дәл анғарылмайды. Олай болса, бұлар да полисемия емес, лингвистикалық басқа-басқа құбылыстар (бұл жөнінде омонимдер туралы бөлімде толығырақ түсінік беріледі).

§ 6. Сөз мағынасының кеңеюі, тарылуды

Қоғамның, тілдің тарихи дамуына байланысты кейбір сөздер лексикадан мұлдем шығып қалады; ондайлар историзмге, архаизмге – көнерген сөздерге айналады; тілде

жаңа сөздер – неологизмдер жасалады; кейде лексикадағы кейбір сөздердің мағынасы кеңейс түсіп, кейде тарылып отырады.

Сөз мағынасының кеңеоі мен тарылуы, сөз мағынасын тұрлі-тұрлі амал-тәсілдер арқылы ауыстырып қолданып, молайта түсу – тілдің лексикасын сап жағынан емес, сапа жағына байытып, дамытудың өнімді жолдарының бірі.

Сөз мағынасының кеңеоі мен тарылуы құбылыстары полисемиямен де тығыз байланысты. Мәселен, жоғарыда келтірілген стол сөзінің алғашқы мағынасы – стлать (тәсеу, төсеніш); бұл сөз келе-келе жиһаз аты, тағам, тамақ (стол накрыт, диетический стол), белгілі бір айналысатын мекеме (паспортный стол, стол находок) деген үстеме, жаңа мағыналар қосып алды. Екінші сөзбен айтсақ, столдың мағынасы кеңейді; стол полисемияға айналды.

Сөз мағынасы кеңейгенде, алдымен сол сөзді білдіретін ұғымның, атаудың мәні кеңейеді; сөз абстракцияланған үстіне абстракциялана түседі; соның нәтижесінде сөздің бұрынғы бірер мағынасына көптеген жаңа мағына косылады; байырғы сөздің жаңа мағынасы өсіресе жаңа бір тіркес құрамында айқындалып, ашыла, дәлдене түседі; кейде осындай қоданыстар арқылы байырғы сөздер терминге де айналып кетеді; байырғы сөз немесе бұрыннан-ақ қолданылатын қарапайым, бытайынша айтқанда, «нағыз казақы» түбірлердің өзінен көптеген жаңа сөз, жаңа ұғым жасалады.

Мәселен, Сәкен Сейфуллиннің: Жоқшылықты жыр қылыш, Даңада қойшы зарлайды. Кімге айтса да сыр қылыш, Байына жылап бармайды, – деген шумағында бай – малы көп адам, қойшының иесі, әміршісі, малды, әлді қожа, басқа біреулерді жалдаушы – қанаушы, езуши, құлданушы.

Қазірде, біріншіден, бай сөзінің революциядан бұрынғы мағыналары (малды, әлді, қожа, ие, қанаушы, құлданушы т.б.) тарылған; екіншіден, бұрыннан бар бай сөзінің мағынасы жаңа ұғымдарға ис болып, кеңейген. Оны мына тәрізді тіркестерден айқын аңғаруға болады: бай колхоз, бай село, бай өлке, бай жер, жері байдың – елі бай, т.б.

Қазақта қонакқа мүше тарту, табақ тарту дәстүрі бар. Бұл жерде мүшесің бұрынғы тұра мағынасы – мал, аң-құс етінің жіліктері, бөлік, бөлімдері. Мәселен, Дәulet құсын бауыздап, аспазшы әйелге: «Бір мүшесін қалдырмай ас», - деді.

Қазақ ғұрпында табақ дегеніміз бас табақ, орта табақ, сый табақ, аяқ табақ деп бөлінеді. Күйеу табақ, құдағи табақ, қыздар табағы, келін табағы деген табақтар және бар. Олар өзінің атына, маңызына қарай еттің әр түрлі мүшесінен жасалады. Бас табаққа бас, жамбас салынуы шарт. Орта табаққа асықты жілік, кейде жамбас та түседі. Сый табаққа да бас, жамбас салынуы шарт. Күйеу табаққа бір сан жілік пен төс салынады; келін табаққа да төс және ұлтабар, жүрек түседі; қыздар табағына жүрек, бүйрек, жағымен тіл салынады; құдағилар табағында жамбас немесе асықты жілік пен сүбе болады (С.Қасиманов).

Академик Әлкей Марғұланның айтуынша, табақ – көп мағыналы сөз. Табақ ертеде дастарқан, шанырақ, өз алдына түтін түтеткен үй, қазан асқан орда деген үғымды да білдірген. Қазірде табақ сөзі – нақты ыдыс атауы. Ал бір табақты бір өзі жеді, – десек, табақ – метонимия.

Қазірде колхоз мүшесі, партия мүшесі, қоғам мүшесі, комитет мүшесі, кооператив мүшесі, академияның корреспондент-мүшесі (немесе мүше-корреспонденті) сияқты тіркестерде мүше – полисемия, кең мағыналы сөз.

Сондай-ақ, жарыс, күрес, құн, еңбек, тыныс, демалыс, өнеге, үлгі, шаруа, дәulet, топ, жетек т.б. сөздер бұл күнде мағынасын мұлде кеңейткен: бейбітшілк үшін күрес, косымша құн, өзіндік құн, еңбек тынысы, сінбек жемісі, көңілді демалыс, құрметті демалысқа шығу, мол байлық, мол дәulet, ірі шаруашылық, лекторлар тобы, өнерпаздар үйірмесінің жетекшісі т.б.

Жеке сөздердің озі тана емес, кейбір байырғы түбірге журнақтар қосылу немесе сөзден сөз жасаудың басқа да жолдары арқылы да жаңа үғымдар пайда болып, сөз мағынасы кенейе түседі: жарыс, күрес, ұйым (ұйы+м), жиналыс (жи+на+л+ыс), басқарма (бас+қар+ма), табыс

(тап+ыс), төңкеріс (төңкөр+ис), колғабыс (колқабыс), қолғанат (қол+қанат), қолжазба (қол+жаз+ба) т.б.

Жаңадан жасалынып, кейбір ұғымдардың терминіретінде қалыптасқан кейбір неологизмдер де кең мағыналы болып келеді: суреткер, қаламгер, талапкер, окулық, оқырман, көрермен, баяндама, аялдама, қондырғы, саяжай, т.б.

Кейбір кірме сөздердің бұрынғы бірер мағынасы қазірде кеңейіп, тіпті жаңа сөз, ұғым жасауға себепші болды. Мәселен, соңғы кездерде арабтың ұқімет сөзінің мағынасы казақша әрі кеңейіп, әрі нақтыланып, өкімет, ұқімет деген екі сөз-термин пайда болды; өкімет – орысша власть сөзінің; ұқімет орысша правительство сөзінің баламасы.

Сондай-ақ, арабтың илм деген сөзінің мағынасы кеңейіп, үш сөз-термин жасалды: ғылым – орысша наука; білім – орысша знание; ілім – орысша учение.

Бір сөздің орнына екінші бір сөзді ауыстырып қолдану жолдары, мәселен, метонимия, синекдоха амалдары арқылы да сөз мағынасы кеңеюі мүмкін. Мұның бір жиірек қолданылатын түрі – жалпы есімнің жалпы есімге, жалпы атауга айналуы. Мәселен, Қарабай, Қарынбай, Шығайбай, Қожанасыр, Алдаркөсе, Қодар, Жантық, Галефе, Маузер – кісі аттары; Шампан, Техас – топонимдер; апорт, херес, мадера т.б. – жеміс-жидек сорттарының аты.

Қазақ сараң адамды – Қарабай, Қарынбай, Шығайбай; мысқылшыл, сықақшыны – Қожанасыр, Алдар; дөрекі, қара күш иесін – Қодар., бір мей бірді атыстырып-шабыстыратын адамды – Жантық дей береді; галефе – шалбардың бір түрі т.т. Мұндайлар – сөз мағынасының кеңеюі.

Орыс тілінде донжуан (әйел баласы атаулыға қырындал, қырғидай тилюі мағынасында), меценат (өнерді жантәнімен қорғаушы, қастерлеуші), квислинг (саяси сатқын), донкихот т.б. – бұрынғы кісі аты; тар мағыналы қазірде мағынасын кеңейтіп, жалпы есімгс айналған сөздер.

Сөз мағынасының кеңеюі – этимондар өзгерістеріне де байланысты құбылыш. Мәселен, жоғарыда стол сөзінің полисемия екенін айттық; бұл стлатъ сөзінен шыққан дедік. Енді бір қызығы гректің трапезе деген сөзі де стол мағынасын білдіріпті. Ал бұл сөз – трапезе орыс тіліне

ауысқаннан кейін монастырьда тамақ ішетін ортақ стол, сондай-ақ ортақ столда тамақтану мағынасын білдірген; ертеде стол – астына аяқша орнатылған тақтай, латынның discus – диск сөзі (итальянша desco – стол) болып қолданылу осыған байланысты.

Латынның contio дегені – әрі жиналыс, әрі жиналыста сөйлеген сөз; роман тілдеріне ауысқанда, жиналыстағы салтанатты сөз (торжественная речь) ретінде қолданылатын болыпты; испанның осы мағынадағы – аренга, француздың харангүе сөздері латынның «харенга» сынан алғыншты.

Орысша коса (бұрым) ертеден-ақ, осы күндегідей, өрілген ұзын шаш, ал серб тілінде жалпы шаш атаулы мағынаны білдіріпті; чех тіліндегі Spatny сөзі немістің Spat (ат аяғындағы зақым), яғни тар мағыналы сөзінен алғана отырып, қазірде жаман, ұлгісіз, өнегесіз деген кең деген кең мағынаға ие болған.

Сөз мағынасының тарылуы – кеңеюге қарама-қарсы процесс. Сөз мағынасының тарылуы, негізінен, адам ұғымының жалпылықтан жалқылықты саралап, даралаудынан, заттар мен құбылыстардың ерекшелігін, қырсырын айқындај түсінен, нақтыладап, дәл білуінен пайда болады.

Мәселен, ұл сөзі – ертеректегі түркі тілдерінде адам баласына да, мал баласына да бірдей қатысты қолданылған полисемия.

Көне түркі тілдерінде бұл сөз оғылақ-қозылақ түрінде дыбысталған. Қазіргі әзіrbайжан, түркімен және солтүстік – шығыс түркі тілдерінде оғлақ-оғлах мағынасы – бала; хакас тілінде болақ – «мальчик» (әйтеуір ұл бала), солақ – «сынышка» (менің ұлым, кішкентай ұлым, қозым) деген мағыналарға сараланып нақтыланса керек.

Жұрағат – ертеде әйел баласы (әйел, қыз, келіншек) атаулыны білдірген полисемия. Махмұд Қашқарида ұрағат иіп ігірді – жұрағат жіп ірді сияқты сөйлем бар. Қазіргі қазакта жұрағат – үрпақ, тұқым, өрен-жаран, бауырлас, қандас, бір тектес, көбінесе әйел-ана жағынан таралған жақындар, туыстар. Жұрагатым еді, жұрагатына барып

келді тәрізді тіркес – бұл сөздің ертеректе әйел баласы атаулыны білдіргеніне бірер дәлел есепті.

Кейбір зерттеушілердің айтуынша, жылқы – ертеректе күллі төрт түліктің аты, киік – күллі жабайы андар; тары – дән біткеннің ортақ аты; тон – сыртқы киімнің жалпы атауы. «Тойда тонымды бер; той – тондінікі, ас – аттынікі» осындайдан сақталып қалуы ықтимал.

Кейбір лингвистердің айтуынша, өйткені, сондықтан, тәрізді шылаулар, бүгін, биыл, өйтіп, сүйтіп, бүйтіп сияқты күрделі сөздер шынтуайтына келгенде, аббревиатурашар (қысқаған сөздер) сөз мағынасының кеңеюін дәлелдей түседі. Біздіңше, бұл көлтірілгендер – сөз мағынасының таралуының мысал-деректері.

Бұл сөздер олай еткені, солай болғандықтан, бұл күн, бұл жыл, олай етіп, бұлай (былай) етіп тіркестерінен формаларын да ықшамдап, мағынасын да нақтыладап отыр. Олай болса, бұлар – сөз мағынасының тарылу құбылысы.

Кейбір көмекші есімдер мен шылаулар түрлері ертерек кезде дербес мағыналы жеке-жеке сөздер болған. Келе-келе олар дербес мағынадан айырылып, басқа сөздермен тіркесіп қана қолданылады. Бұл – сөз мағынасының тарылуы. Мәселен, алды, қасы, жаны, арты, арасы, бойы, кейін, соң, ма-ме, -ак, -мыс т.б көмекші есімдер мен шылаулар – осындай топ. Дегенмен, олардың кейбірі кей жағдайда дербестігін әлі де сақтайды: кейін кел; алдың – құз, артың – жар, арасы – ат шаптырым. Бұл тіркестерде кейін алд, арт, ара – дербес сөздер.

Кейбір лингвистер тілде сирек, көбінесе пассив лексика құрамында қолданылатын сөздерді де мағынасы тарылған сөздер деп қарайды. Шындығында олай емес. Кейбір диалектілік ерекшеліктер, әдеби тіл нормасынан ауытқушылықтар, профессионализмдер (кәсіби сөздер) – сол сөздер мағынасының кеңеюі не таралуының белгісі емес. Ондайлар – терриорияға, мамандыққа, кәсіпке байланысты тар көлемде, аймақта, ортадаған қолданылуының көрсеткіші. Әдеби тіл нормасына ене алмаған сөздерді, бір кәсіп өкілінің лексикасын басқа да мамандықтағылардан талап ету, әрине, орынсыз болар еді.

Мәселен, шиша, құбыр (шыны, бутылка мағынасында), көмбе, көмпес (табаға пісірген нан), тана (тайынша, торпак), атжүргіш (қамышы), кемпір ауыз (тістеуік) т.б. – мағынасы тарылған сөздер емес, тар көлемде белгілі бір аймақта ғана колданылатындар.

Сөз мағынасы зат, іс-әрекет аясының шектелуіне де байланысты таратылады. Орыстың страсть сөзі XVIII ғасырларда құмарлық, құштарлық дегендермен қатар, қауіп, корқыныш, азап, уайым-қайғы сияқты бірсыптыра кең мағынада қолданылып, кейіннен ғана алғашқы құмарлық, құштарлық мағынасында қалған; чехтың көп мағыналы пища сөзі қазірде мал азығы деген мағынаға ғана ие болып қалған: орысша наказание (жазалау) сөзі бұрын ұстаздық, үйретушілік (наставление, поучения) деген мағыналарды білдірген; обычай (әдет, салт) сөзі – бұрын тәсіл, образ мағынасында да, труд (еңбек) – қайғы, уайым, азаптану, ауыру мағынасында, хоронить сөзі жасыру, қорғау, сактау мағыналарында, гректің диэта (өмір тіршілігі, өмір бейнесі) сөзі диета – тағам режимі мағынасында тарылған.

§ 7. Сөз мағынасын ауыстырып қолдану жолдары мен түрлері

Тіл өз зандары бойынша қалыптастырылған амалдары мен сөз тіркестіру тәсілдері арқылы бір сөзге алуан түрлі үстеме, косымша, ауыспалы мағыналар тұғыза алады; кейде сол бір сөзді өзінің негізгі, тура нормативті мағынасынан мұлдем өзгеше мағынада қолданып та жібереді.

Мысалға екі-ақ сөз – *мал, кокірек* сөзінен туындаған кейбір мағыналарды қарастырып көрейік.

Мал – үй жануарлары. Бұл сөздің нормативті мағынасы – малды күту, мал өсірумен шұғылдану. Мұнымен қатар Абай шығармаларына мал созі әр түрлі тіркеске түсіп, түрлі-түрлі мағына береді: мал бағу – кәсіп ету, күн көру, мал айту – құдай жолына садақа беру; малға бөгу – кенелу, баю, мал біту – дәулет біту, баю; жеті атасын мал өлтірген – дүние қоныз, дүниекор; мал қуу – мал іздеу, пайда іздеу; мал құмар – дүниекор, мал жанды; мал табу – еңбек етіп

пайда табу; мал шашу – малын орынсыз жұмсау, шығынға бату (АТС).

Көкірек. Негізгі мағыналары – омырау тұс, кеуде, көңіл, қокей сыр, ақыл, сана-сезім; ауыспалы мағынасының бірі – менмен, өзімшіл, өр кеуде т.б.

Мұнымен қатар кейбір тіркестерде мынандай мағыналар туады: ақ көкірек – ақ пейіл, ақ көңіл, адап; ер көкірек – батыл, өр мінезді, айбатты; жар көкірек – тоң мойын, бір беткей; жел көкірек – не болса соған желігіп кететін желекпе; зор көкірек - өр ксуде, менмен; көр көкірек – еш нәрсенің паркын білмейтін санасыз, надан; қара көкірек – пиғылы жаман, арам ниет; қау (құр) көкірек – қолынан еш нәрсе келмейтін , бос кеуде; қу көкірек – бос дәме, құр кеуде; мал көкірек – надан, топас; өр көкірек – тәкаллар, менмен, өр мінезді; шер көкірек – қайғылы-қасіретті; көкірегі ашық – білімді, саналы; көкірегі байлаулы – көңілі бір нәрсеге орнығып, қорытындыға келген; көкірегі даңғыл – ойы анық, айқындалған; көкірегі дария – ақылы мол, ойлы; көкірегін жарды – қатты қоркытып, зәресін ұшырды; көкірегі жүйрік – сезімтал, тұсінігі мол, ойы ұшқыр; көкірегі жылады – ет жүрегі езілді, егілді; көкірегі кен – кен пейілді, дарқан; көкірегі қүйге толды – көңілденді, көңілі қуанышқа беленді; көкірегі қараңғы – надан, топас; көкірегі қарс (қақ) айырылды – уайымдады, қайғырып-қүйінді; көкірегімен кок тіреді – аспанмен таласты; көкірегін ашты – шын ықыласпен ақ көңілін, адап ниетін білдірді; көкірегінде желе бар – көңілі көтеріңкі, мактан құмар; көкірегінде оты бар – саналы, еті тірі, жігерлі; көкірегіне кірмеді – айтқанды тұсінбеді, санасына дарымады; көкірегіне кона кетті – көңіліне ұнады; ойына дәл келді; көкірегіне құйды – ойына тоқыды, тұсініп ұғынды; көкірегінен орын тепті – көңіліне ұялады; көкірегіне наң пісті – өзін жоғары санап, өз-өзінен ісініп-кебінді; көкірегіне тоқыды – есте мықтап сақтады, ұғып алды; көкірегі ояу – жаксы-жаманды тұсіне білетін, сауатты, саналы; көкірегі шайдай ашылды – көңілі көтеріңкі, денесі сергіді., көкірек бітті – менмендік пайда болды, менменсіді; көкірек көзі – ой, сана-сезім; көкірек көзі ашық – зерделі, ойлы, ақылды; көкірек көтерді – ел қатарына косылды,

дәрежеге теңелді; көкірек какты – мақтанып даңдайсыды, өзім ғана деп паңсыды, тәкаппарланды; көкірек сарайы – көніл күй, ішкі дүниесі (КТС, 5).

Бұ мысалдар мал, көкірек сөздерінің ауыспалы мағыналарының басым көпшілігі өсіреле тілде әбден қалыптасқан тұрақты тіркестер, яғни фразеологиялық еденициалар құрамына әбден сіңгендіктен айқынырақ көрініп тұр. Сонымен бірге бұл мысалдарда сөз мағынасын ауыстырудың басқа да жолдары бар. Мәселен, ак көкірек, өр көкірек, көкірегі ашық, көкірегі дария, көкірегімен көк тіреді, көкірегінде оты бар, көкірегіне тоқыды, көкірек сарайы, көкірек көзі т.б. - әрі метафора; жеті атасын мал өлтірген, мал құмар, жел көкірек, көк көкірек, көкірегі ояу т.б. – метонимия.

Сөз мағынасын ауыстыру, дәлірек айтқанда, бір сөздің орнына екінші бір сөзді қолдану немесе бір ұғым я бірнеше ұғымды бірер-ақ атаумен білдіру түрлі-түрлі себептерге байланысты болып келеді. Сөз мағынасын ауыстырып қолданудың лингвистикалық түрғыдан көбірек тараған мынандай жолдары мен түрлері бар: *сөз мағынасын қызмет бірлігі бойынша ауыстыру; метафора; метонимия; синекдоха; табу және эвфемизм*.

Сөз мағынасын қызмет бірлігі бойынша ауыстыру.

Қоғамның даму барысында белгілі бір заттың атқарған қызметін енді бір уақыттарда екінші немесе одан да көп зат атқарылуы мүмкін; бір кездерде белгілі бір зат накты бір материалдан жасалды да, кейіннен дәл сол зат қызметін атқаратын, яғни соның орнына жүретін екінші немесе одан да көп зат басқа бір материалдан, тіпті бірнеше, әр түрлі материалдардан жасалуы мүмкін; кейінгі шыққан заттың алғашқы, өзінен бұрынғылардан түр-түсі де, сапасы мен мазмұны да бөлек болуы мүмкін. Бірақ, соған қарамастан, кейін шыққан зат ертеректе пайда болған заттың орнына жүргендіктен, алғашқы затқа бірілген ат-атау тілде сақталып қалуы мүмкін. Мұндай құбылыс сөз мағынасының қызмет бірлігі бойынша аталуы немесе ауыстырылуы делінеді.

Бір сөз ертеректе пайда болған, бір сөздің орнына қызмет бірлігінің ортақтығына карай ауыстырылғанда,

метафоралар сиякты, белгілі бір ұқсастыққа негізделеді. Бірақ қызмет бірлігі бойынша ауыстырудың метафорадан басты айырмасы бар: метафоралар заттың, құбылыстың түртүсі, формасы, көлемі тәрізді адам сезімі мүшелеріне бірден көзге түсетін жақтарын негізгө алады. Соның нәтижесінде бір немесе ұқсас бірнеше зат, құбылыс бір атаумен немесе тіркеспен аталады. Ал, қызмет бірлігі бойынша ауысуда зат не құбылыс белгілері тек материалдық немесе түртүс, формалары ұқсастығына негізделмейді: заттар мен құбылыстар формасы, түртүсі, материалдық жағынан әр түрлі бола тұрып, атқаратын қызметтері бір болғандықтан ғана бір атаумен аталады.

Мәселен, ертерек заманда, ақша шыққанға дейін, адамзат әр түрлі затты малға айырбастап алатын; сирек кездесетін қымбат зат үшін малды көбірек беретін. Мал атаулы адамзатқа тамақ та болды; құш көлігі ретіндес де пайдаланылды; айырбас өлшемі ретінде де қолданылды.

Келе-келе мал атаулығының айырбас өлшемі ретіндегі қызметін ақша атқаратын болды. Ақша – латынша pecunia (pecus - мал) pecunia – орысша деньги; қазақша – теңге (кейбір зерттеушілердің пікірінше, орыстар бұл сөзді түркілерден алған; деньги түріктеге орыс тілінен теңге түрінде дыбысталып кірме сөз ретінде қайта өткен). Ақшаның единицасы – рубль (сом).

Рубль сөзінің этимоны жөнінде түрлі пікір бар. Кейбір пікірлерге қарағанда, орысша рубль – үнділіктердің рупий. Үндіше рупий – мал деген сөз; ақша единицасы. Ал кейбір тарихшылар рубль орыстың рубить (ұсақтау, майдалау) сөзінен шыққан деседі.

Ертедегі Русьте ақшаның негізгі единицасы – салмағы 200 грамрай келетін күміс кесек (гривна). Салмағына сай, ондай күмістің құны да қымбат болған (мәселен, бір күміске 200 тиін терісін сатып алуға болады еken.) Половецтер тұтқынына түскен Игорь князьды босату нарқы екі мың күміс кесек деп бслгіленген көреді. Қысқасы орыстың ертедегі күміс кесегі (гривна) – рубльдің арғы «атасы». Орыс жерін жаулаушылар орыс князьдары мен шаруалар тұнліктеріне ауыр-ауыр салыктар салғанда,

күміс кесектерді майдап, ұсақтай («рубили», пополам) бастаған.; бұл бір кездегі қымбат бағалы күміс кесектерді «құнсыздандырған» («девальвация»); соның нәтижесінде ақшаның жаңа единицасы – рубль пайда болған; орыс жазбаларында «рубль» сөзі XIII ғ. екінші жартысынан бастап кездеседі; орыстардың алым-берімінде алтын (түркіше - алты) ақша ретінде жүрген; бір алтын алты сомға (рубль) теңгерілген. Иван Грозный кезінде бір рубль (сом) хакы жүз тынға теңестірілген; монеталардың салмағы мен түрі бірдейлестірілген; ал бақыр тындарды айналымға шығарған – Бірінші Петр.

Сейтіп алғашқыдағы мал, аң терілері т.б. кейіннен ақша – күміс кесек, келе-келе қағаз ақша, металдан жасалған ақшалардың бәрінің атқаратыны – бір қызмет, алым-берім единицасы қызметі. Сондықтан, қағаздан немесе металдан жасалғанына қарамастан, атқаратын қызметі бір болғандықтан, орыс тілінде рубль сөзі сақталып қалды.

Сондай-ақ, ертеректе жазу құралы ретінде құстың кауырсыны (гусиное перо) колданылған; кейіннен бұл қызметті металл истро атқарды; бельс алғашында ақ матадан тігілген; мешок теріден (мех) істелген; жазу материалы сия – (чернила) ертеректе сұйық қара заттан (черная жидкость) жасалынған; ертеректе жер астынан, шахтадан көмір тасу үшін күш көлік ретінде иттерді пайдаланған; сондықтан немістердің көмір тиеттін вогонеткаларды Pund (собака) деп атағанына таңдануға болмайды; коньки – «везти» с конем – атпен тасу, жүргізу мағынасынан шықкан; XVI ғ. таң сәріде өз әріптестерін аралап жүріп оятатын монахтарды будильник деп атаған; сағат түрі – будильник содан қалған; орыстың стрелять етістігі «стрела» (қару, ок) мағынасынан алынған; мануфактура (латынша «қолмен токудан» шыққан) – ертеректегі бастапқы мағынасына сай, мата аты ретінде сақталынып қалынған; ағылшының sail – жүзу деген сөзі бастапқыдағы sail – парус сөзінен шыққан; флот – суда жүзетін кемелер атауы; келе-келе самолетке қатысты мағынаға да ие болған (аэрофлот); француздың дебаркадер деген сөзі – пристань; поезд келіп тоқтайтын платформа мағынасында; осыдан вокзал сөзі келіп шықты:

темір жол вокзалы, су жолы вокзалы (пристань), аэровокзал дегендердің атқаратын қызметі бір. Сондыктан бәрі де вокзал деген бір-ақ атаумен аталатын болған.

Метафора (гректің *metaphora* – ауысу, ауыстыру мағыналы сөзі) – белгілі бір ұқастықтарына қарай екі я одан да көп зат немесе құбылыстың бір атаумен аталуы. Бұл жерде ұқастық дегеннің ұғымы кең; заттар мен құбылыстар түртүсі жағынан ұқас болып келуі мүмкін; көлемі аумағы дәл бірдей болмаса да әйтеуір бір формасы ұқас болуы мүмкін; бір атаумен аталатын зат немесе құбылыстың бірі өмірде бар, нақты, ақиқат болуы, ал дәл сол атаумен беріліп, белгілі бір сөз тіркесі құрамында қолданылған екінші бір заттың өзі нақты болмауы мүмкін. Бірақ, екеуіне де ортақ жайт – жалпы бір ұқастықпен аталуы.

Мәселен, адамның басы дей отырып, тобениң басы, таудың басы, жұмыс басы, бұлақ басы дей береміз; көйлектің етегі дей отырып – таудың етегі; қыздың төркіні дей отырып, сөздің төркіні дей береміз. Мұндағы бірінші тіркестегі сөздер – өздерінің тұра мағынасында, соңғы тіркестегі сөздер ауыспалы мағынада тұр. Соңғылары – метафоралар. Оның себебі – соңғыларында екі немесе одан да көп зат, құбылыстар әр түрлі атаумен аталмай, бір-ақ сөзбен аталып тұр.

Шынтуайтқа келгенде, көлемі мен материалы, мазмұны жағынан тәбе мен таудың басын адам басымен ешбір салыстыруға болмайтыны түсінікті; ал жұмыста немесе бұлақта «бас» деген мүлдем жоқтығы аян. Сөйтсе де, мұндайлардың әрқайсысы әр түрлі сөзбен аталмай, бір-ақ сөзбен айтылуында бір заңдылық бар. Ол ұқастық заңдылығы. Мәселен, көйлектің етегі бір-екі немесе бірнеше метр-ақ болсын дейік, ал таудың етегі ондаған, жүздеген шақырымға созылады. Бірақ көйлектің етегі мен таудың етегіндегі сәл ұқастық – ексуі де екі заттың ең төменгі жағы, төменгі бөлігі.

Метафора – тілдің суреттеме, көркемдегіш, бейнелеуіш құралдарының ең бір өнімдісі. Мысалдар: Ақылыңа сөзің сай, Сіз – жалын шоқ, біз – бір май; Істық сөзің кірді ішке, май тұрама шыжымай?! Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі; мұндасқанда

қалмайды көніл кірі; көнілдің жүгін киял қып, ызаға тұтқан бой мен-зен; Сепісерге жан таба алмай, сенделеді ит жүрек; Дүғай сәлем жазамын Күйісбайға, Бермек болған айғырының көзі кайда? Көзді көрсөң – бересің, тайсан – таның, Алдамшы атанғаның несі пайда? Көніл құсы құйқылжыр шартарапқа, Адам ойы түрленіп ауган шақта; Жастықтың оты жалындал, жас жүректе жанған шақ (Абай).

Келтірілген мысалдардағы сіз –шоқ, біз –май, сөзің кірді ішке, дүниенің кілті, көніл кірі, көніл жүгі, ит жүрек, көз, көніл құсы, жастықтың оты – поэтикалық метафоралар, Абайдың өзіне тән көркемдегіш құралдары. Мұндай қолданыстар сөзге өң, көрік береді; ойды жерінс жеткізіп айтуға себепкер болады.

Метафора негізінде туған ауыспалы мағына тілде қалай болса солай қолданыла бермейді, тілдегі әбден орнығып, қалыптаскан нормалар шегінен ауытқып кесте алмайды. Дегенмен метафораларды, сондай-ақ жалпы тілдің бейнелеуіш және көркемдегіш құралдарын қолдануда әр автордың өзіндік тәсілі, шеберлігі болады.

Бұдан аңғаратынымыз: екі немесе бірнеше затты (құбылысты) бір ғана атаумен атайдын таза тілдік – лингвистикалық метафоралар болады (адамның басы – таудың басы); өмірде реальды түрде болмайтын, тілдегі сөздер мен сөз тіркестері мағынасын әрі дәл, әрі сапалы, әдсій астарлы, бейнелі түрде шындаған түсү мақсаты үшін қолданылатын таза әдеби – поэтикалық метафоралар болады. Соңғы келтірілген мысалдар, міне, сондай, көркем – әдеби, поэтикалық метафоралар.

Таза лингвистикалық метафоралардың қолданылу заңдылықтары мен себептері, негізінен мына төмендегі тәрізді болып келеді:

1. Тіл-тілде сөз (сөздер) заттар мен құбылыстардың түр-түлғасы (формасы) ұқсастықтарына қарай бір атаумен алмастырылады: адамның көзі – иненің көзі; адамның бері – сүтгің беті, істің беті; қайықтың тұмсығы – ит тұмсығы т.б.

2. Сөздер дыбысталу жақындығы жағынан да алмастырылады: вост волк – воет ветер (қасқыр да ұлиды, жел де ұлиды); барабанит солдат – барабанит дождь т.б.

3. Заттар мен құбылыстар әсері арқылы пайда болған эмоционалдық байқаулар мен аңгарулар нәтижесінде сөз атаулары алмастырылады: баран (дәл мағынасы - қой) – өштемеге көнбейтін, томаға түйік, ақымақ – айтқанға көнбейтін, айдауға жүрмейтін адам; змея – қырсық, зұлым адам (коварный, ехидный человек); зерно пшеницы – рациональное зерно; теплый день – теплый прием, теплый взгляд, светлый день – светлая мысль т.б.

4. Кейбір метафоралар әр түрлі, тіпті алуан-алуаш, кішігірім ұқсастық, сәйкестік негізінде де алмастырылады; кейде жан-жануар, аң-құс ұқсастықтары да метафора ретінде де қолданыла береді; зат пен құбылыстың табиғи ерекшеліктеріне, қызметіне қарай ұқсастықтарға сай мағыналық орталықтар да метафора ретінде пайдаланыла алады: орысша кузнецик (шегіртке) кішкентай, бала ұстаның (маленький кузнецик) еңбек-қималы үніне ұқсас дыбыстар шығаратынына байланысты аталған; украин тілінде коник (шегіртке) кішкентай, құртакандай ат тәрізді, дегеннен алынған; французша la sauterelle (скакунок) – шауып кететін деген мағынада, латын тілінде sieanzis (сенной козел) шөпте жүретін ешкі, текешік деген мағынадан шыққан; казақ-орыс тілдерінде серік (спутник – жердің жасанды серігі) – тілде бұрыннан бар сөздің жаңа мағынаға ие болуынан, онда да қызмет, сөз мән-мазмұны ұқсастығы негізінде пайда болған метафора.

5. Қазақ және орыс тілдерінде кейбір кісі аттары (ономалар), елді-мекен аттары (топонимдер) т.б. метафора негізінде қолданыла береді; Үміт, Үмбет, Ұмыттық, Ұлболсын, Тынышқұл, Вера, Надежда, Люда, Любовь, Қызытуған, Қамыскөл, Алтай, Қарпық, Куандық, Бегендік, Сайдалы, Бекбау, Мінәсін, Тұтқыш, Тойдым, Қараашаш, Шаңқұл, Миргородовско, Луговая, Дубовское, Савва, Пресенко, Яковенко, Романовых, Қыземшек, Бескемлір т.б.

6. Жоғарыда аталғандай, метфоралар көбінесе сөз мағынасын бейнелеуші, көркемдеуші құрал ретінде қолданылады. Онда да әйтеуір бір ұқсастыққа негізделеді: орысша змея – қырсық, зұлым адам дедік: казақша мұндай

мағына сұр жылан, қу адам – қу түркі сияқты тіркестерге сай келеді; немісше der Fuchs, ағылшынша - the fox, французша - le renard, полякша - lis, қазақша иненің көзі – адамның көзі, орысша ухо человека – учко иголки, ағылшынша – eye, французша oil, орысша горлышко – бутылки; ағылшын, поляк тілдерінде мойын (the neck szyika); нос чайника орыста адам мұрнына ұқсастығынан аталған, ал французша le bec құс тұмсығына ұқсатудан шыккан; шошқа (свинья) – кейбір тілдерде әрі ұқсынсыз адам; моральдық жағынан тұраксыз, азып-тозып біткен адам; болгарша дупка - әрі тесік, әрі шұңқыр, орысша схватить за руку – схватить мысль, ағылшынша to grasp (бұрын айтылған пікірді, ойды «қарман қалу»), взял книгу – взял за правило - to take, гнет (ауырпалық) – ағылшынша threat (ертеректе «бұқара халық», «әскер» деген мағыналары болған).

Метонимия (гректің metonymia атын өзгерітіп атап мағыналысөзі) – белгілі бір заттармен құбылыстардың сыртқы және ішкі мән-мағынасының реалды байланыстырығына қарай алмастыру амалы. Метонимияның метафорадан айырмашылығы мынау: метафора, негізінен ұқсас екі зат немесе құбылысты бір-ақ атаумен (сөзben) атаса, метонимия ойда сақталынып тұрған бірер сөзді айтпай-ақ, ол сөзді екінші бір сөз мағынасына сыйыстырып жібереді. Ондайда екі немесе одан да көп сөз мағынасын сол сөздер орнына қолданылған бір-ақ сөзден оп-оңай ангарылады. Оның себебі – метонимия халық тілінде ертеден бермен қарай қалыптасқан ұғымдарға сәйкес жасалынады.

Мәселен, Сәкенді оқыдым десек Сәкеннің шығармаларын оқыдым дегенді анғарамыз. Дина жеңгейдің дастарханы мол екен, – десек Динаның стол жапқышының көлем-мөлшерін айтпаймыз; тағамы мол екен немесе Динаның қолы ашық, барын аямайды деген мағынаны ұғамыз. Олай болса, дастархан сөзі ауыспалы, бейнелі мағынада қолданылып тұр. Сонда бұл сөйлемдердегі оқыдым, дастарқаны дегендер метонимия.

Ал сөйлемдерді Сәкеннің кітабын оқыдым, Дина дүкеннен үлкен дастарқан сатып алды, – түрінде күрсак,

оқыдым; дастарқан сөздері метонимия бола алмайды. Өйткені бұл сөздер өздерінің тура мағыналарында қолданылып тұр.

Қырда айқасты балға, орак! Құшактасты көп тұмак! Айқайласып тас атып, Жабылды өңшең жұлма тон (І. Ж). Ал тағы бір кезде үй-іші мәз-мейрам болып отырғанда, жабырқап, тұнеріп, мен-зен болып үндемей қалатын да әдеті бар, үй-іші осы әзілмен ілесе тегіс Эйгерімге қарады (М.Ә). Қайлашылар айна бір қара табатын көрінеді. Жалда жүргенде жылына бір қара таппайтын едік... деп күні бұрын тойып отыр (F.Мұст.). Бұл сөйлемдердегі метонимиялар – балға, орак, көп тымак, жұлма тон, үй іші, бір қара. Бұлар негізінен зат атаулары (ту, жалау), адамдар, кісілер, ата-ана, аға-іні, бір өгіз (жылқы) мағыналарында қолданылып тұр.

Заттар аты кеңістік немесе уақытқа қатысты байланысы негізінде де алмастырыла береді: бірінші курс – алғыр курс; шетінен «қасқыр», айтқаныңызы «қағыш алады»; бір сабаны бір өзі ішеді, екі кесені бірден тартып жіберді; бір табакты бір өзі жеді т.б.

Метонимия бойынша ауыстырғанда заттың өзі ғана емес, оның ұғымы да өзгеріске түсіу мүмкін. Мәселен, орыс тілінде бюро деген сөз мағынасының өзгеріс жайы мынандай: француздың bureau сөзі алғашында түйе жүнінен тоқылған мата деген мағынаны білдірген; одан соң бұл сөз сол матамен көмкерілген (сондай мата жабылған) стол деген, кейіннен сондай столдар қойылған бөлме, одан кейін сондай столдар қойылған мекеме, бөлім (машина бюросы, конструкторлық бюро), одан барып сол мекемеде қызмет етуші адамдар (бюро мүшелері түгел жиналды), ең соңында сол адамдардың мәжілісі деген метонимиялық қолданыска жетіп отыр.

Кейбір заттар мен бұйымдар алғаш рет қай жерде өндірілсе, сол жердің атымен аталған: Кащемир (мата аты) – Индиядағы қала, Тюль – Франциядағы tulle қаласының аты: Каленкор – Индияның Калькутта қаласы атынан алғынған; каракөл елтірісі – Бухарарадағы Қаракөл алқабының аты; бұл елтірінің француздар astracan дейлі: біздің Астрахань қаласының аты; Бастон (мата) АҚШ-тағы қала; Шевиот

(мата) – Шотландиядағы қала; Шампан – Париж маңындағы провинция; гавана (сигареттің бір сорты) – Куба астанасы Гавананың аты; панама (бас киімнің бір түрі) – мемлекет аты т.б. Мұндай метонимиялар географиялық немесе этнографиялық деп те аталады.

Кейде жалқы есімдер әсіресе кісі аттары және оның коғамдық мәні бар қызметі, ғалымның аты және оның ойлап тапқан жаңалығы т.б. метонимияға айналады: Карл (великий) – король; Цезарь – цесарь (царь-патша), батист (бәтес) – токымашы Батист Шамбрэнің, пастеризация – француз ғаламы Луи Пастердің, ампер – француз физигі Андре Мари Ампердің, гильотина (дарға асу, өлтіру құралы) – Гильотен деген дәрігердің, гобелен (көркемдеп, әшекейлеп тоқылған кілем) – париждық Жан Гобеленнің, реглан (киім пішу үлгісі) – ағылшын лорды және генералы Фицрой Регланнның, маузер, браунинг, форд, паккард, макинтош, френч, галифе т.б. – осы құралдар мен заттар авторларының есімдерімен аталады.

Орыс тілінде де сөз мағынасын метонимия негізінде алмастырудың түрлері өте көп. Мәселен, заттың өзі мен оның ішіндегі зат атауларының бірдей аталуы: разбить стакан – выпить целый стакан; деревянный дом – принять в свой дом; светлый класс – хороший класс т.б; соңғы бір зат алғашқы бір заттың атауымен аталуы: блюдо – ас ішетін ыдыс (посуда), блюдо – тағам; бумага – қағаз; бумага – ресми документ: немісше Blatt – бір парап қағаз; der Blatt – листок, газета; kragen – материал аты; kragen – анатомиялық атау (жаға); белье – ақ мата; белье – бұйым, киім т.б.

Қазақжәне орыстілдерінде асаса көн тараған метонимиялық ұғымдар мына сықылды тіркестерде көбірек ұшырасады; Әуезовті оқыдым; Құрманғазыны тартып отырып сөйледі; Пушкинді жатқа біледі; қолында – Сәбит Мұқанов; Третьяковканы аралап кетті; Айвазовскийді қызықтап тұр; Чайковский құлағының құрышын қандырды; спортшылар арманы – Медеу т.б.

Метонимиялық қолданыстар кейде сөз мағынасының кенеюіне немесе тарылуына себепкер болады; орысша квас – ертеректе ашыған тағамның жалпы атауы (ашыған

сүт, іріген сүт т.б.) қазірде бір ғана тағам аты; пиво – сусын атаулының атауы, қазірде сусынның бір түрі; немісше fahren – ертеректе «қозғалу», «жылжу», қазірде – «жұру», «бару» (ехать), ағылшынша meat – ертеректе «тағам», «тамақ», қазірде – «ет» (мясо); room – ертеректе «кеңістік» (пространство), қазірде – «бөлме» (комната), comrade – ертеректе бір бөлмеде бірге жататын адам, қазірде – жолдас, дос, серіктес т.б.

Синекдоха (гректің synecdoche – бірге жобалап, нобайлап, шамалап, түсіну мағыналы сөзі) – бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, үлкеннің орнына кішіні немесе керісінше, жалқының орнына жалпыны, бөликтің орнына бүтінді қолдану негізінде сөз мағынасын алмастыру амалы. Кейбір лингвистерше, синекдоха – метонимияның ең көп тараған түрінің бірі.

Мәселен бір адамда бір-ақ бас болатыны белгілі. Сөйтеп тұра, қазақ: – Басың нешеу? – деп сұрайды. Төрт-бес жанбыз ғой... – деп жауап береді. Төрт-бес тұяғымыз бар десе, төрт-бес қой, ешкім бар деген сөзі. Бас екеу болмай, мал екеу болмайды. Қазан басында киптаған ақ жаулық; көп бастар шұлғысып, көп сақалдар шошандасып қалды. Шекесі шығынқы домалак бастар, бүйірі созынқы ұзын бастар, өнерге біткен ашық мандайлар, өнерсіз еті қалың мандайлар екі жыл бойы алдынан кеткен жок (F.Мұс.). Жат хабарды Жігітек алғаш естіген жерде бірталай ақ сақал, кара сақал бол, Оралбайды қатты кінәлағанын да білді (М.Ә). Көп қорқытады, терен батырады; Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар (М.). Тұмсықтының тамағы шоқуменен табылар, өнер-білім дегенің оқуменен табылар (Ы.А.). Артымыздан қол жетті.

Бұл сойлемдердегі бас, жан, тұяқ, бастар, мандайлар, сақалдар, ақ сақал, кара сақал, көп, бірді, мыңды, тұмсықты, кол дегендер – синекдоха, олардың кейбірі мал (тұяқ), қалғандары негізінен, адам, адамдар, қарттар, жастар, әскер деген сөздердің орнына жүріп соларды алмастырып тұр; кейінде бүтіннің, тұтастың орнына бөлшек, кейінде жекеше мағына орнына көпші форма колданылып тұр.

Синекдоха да, метафора, метонимия сияқты, троптың – сөзді, сөз тіркестерін мәнерлеп, көркемдеу құралының бір.

Синекдоха негізінде алмастырылған сөздердің мағынасы кейде кеңейіп, кейде тарылуы мүмкін. Мәселен, ертеректе орыстар шеттен, басқа елден келгендердің бәрін – немістер, ашыған, ашытылған азық-тұлік атаулыны – квас, ішетін сусын атаулыны пиво деп атаған болатын дегенбіз; казірде неміс – неміс халқы адамы; квас, пиво – сусынның бір-бір түрінс ғана: орыс тілінде бұл сөздердің мағынасы тарылған; орысша Все флаги в гости будут к нам дегенде, флаги «корабльдер» орнында тұр, ағылшынша the foot (фут – аяқ; ноги) – жаяу әскер («пехота») деген сөз. Мұнда флаги, the foot сөзінің мағынасы кеңейген.

Синекдохада көпше форманы қолданбай-ақ, сөзді жекеше түрде айту арқылы көптік, жинақтық мағына білдіріледі: И слышно было до рассвета, как ликовал француз (Лермонтов). Мұнда әңгіме бір француз емес, көп француз, яғни француздар туралы. Покупатель! Будь вежлив с продавцом! Бұл мысалда да жинақтық, көптік мағына жекеше форма арқылы түсінікті болып тұр.

Синекдоха кей адамның психологиялық кезеңдеріне де байланысты ауыстырыла береді: Пора! Pero покоя прости... (Пушкин). Мұндағы пероның мағынасы – жаза-жаза шаршадым... Егерде сөз тіркесі писать пером (қаламмен жазу) түрінде қолданылса перо синекдоха болмаған болар еді.

Қазақтар: жақын жер, алыс жер, алыс смес деу орнына тиіп тұр, таяқ тастам жер, «әу» дем жер, – десе, орыстар: «Отсюда рукою подать» дейді. Бұл да синекдоха.

Синекдоха кейде сықақ-әзіл, қылжақ, қомсыну, ерсі көрү тәрізді мағына аңғарту үшін әдейі қолданылады: ондайда кейде адамның түр-тұлғасы, киім пішіні де еске алынады: Эй, дударбас! Эй, қисық! Эй, тұлқі тымақ, сен берірек келші... Вздыхают рыжие панталоны. Так контрабас пил чай вприкуску, а флейта внакладку. Флейта спала с огнем, контрабас – без огня (Чехов). Бұл мысалдардағы синекдохалар – дударбас, қисық, тұлқі тымақ, панталоны

– адамдар; контрабас, флейта – музыкалық инструмент түрінің маманы.

Орысша чуйка – погромщик (черносотинец, адам өлтіруші); гороховое пальто – патша күзетінің тыңшысы, красная шапочка – ертек, ертек аты; қазақша қызылбас, қарақалпақ – халық аты; алмұрт – жеміс, алмұрт өсетін ағаш; шабдал – жеміс, шабдал өсетін ағаш; қазак ұғымында сараң адам – Шығайбай, Қарынбай, Қарабай т.б.

Сөз мағынасын ауыстырып колдану амалдары (метаформа, метонимия, синекдоха т.б.) эмоционалды бояулар, сипаттармен, таңдану, жалыну, жалбарыну, сыйлау, еркелету тәрізді сезімдермен байланысты болып келеді. Соның нәтижесінде сөз мағынасы бірсындырығы өзгеріске түсуі, «қырланып, сырлануы» мүмкін.

Мәселен, кейбір славян тілдерінде лихой (желөкпе жігіт, әпербақан шофер мағынасында) – жауыз, мейірімсіз, ашулы, кекті, бақытсыз; чех тілінде – lichy «жалған», жасанды; осы түбірден шықкан – lichotiti – мадақтау, мақтау деген сөз; серб тілінде замука (мука – азап сөзінен шыққан) – табыс, жалақы, еңбек ақы (заработка); болгарша печал – қайғы, уайым, мұн; печа – қамқорлық, печеля – баю, қалтасын толтыру, тауып алу, чек тілінде nadobro (добро сөзінен шыққан) – мұлдем, бүтіндей толық; славян тілдерінен латыни тіліне ауысқан vesels (көнілді) сөзі таза, сай, денелі, зор деген мағынаға ие болған: ағылшынша sanctimonious сөзі алғашында киелі, қасиетті, әулие деген мағынада болып, келе-кеle жәдігөй, екі жүзді (ханжеский) мағынасына ауысқан; французша chetif – мансапқор, атаққұмар, даңғой; жүдеу, арық «қылдырықтай болып қатып қалған»; аянышты, құрттымдай, ал мұның төркіні - латынның captivus («тұтқын») деген сөзі; captive француздан ағылшыншаға caitiff түрінде өтіп, сорлы байқұс, бишара деген мағынада қолданылатын болған.

Сондай-ақ, орысша көп (много), өте (очень) сөздерінің арғы мағынасы – күш, қуат. Мәселен, қазіргі украинша в нього сила грошай – оның ақшасы көп; чехша – тос – «өте»; қуат, күш, өкімет (могущество, сила, власть) ертеректегі орыс тілінде гомоля – көп; өте; орыс диалектілерінде

огомоля – әлсіздік, талу, талып қалу; полякша да duzo – көп, өте; dozy – үлкен, күшті; duzacsie – күресу; латынша valde – көп; validus – күшті, зор, денелі т.б.

Бірсыныра тілде таңдану, қорқыныш, сүйініш ұғымдарының біразы алмастырылған мағыналы сөздер арқылы беріледі: серб тілінде чудо – бәле, қырсық, бақытсыздық; таңқалу, таңғалыс; орысша пропасть – (тұңғылғық, шыңырау) – терен, тұпсіз, ұшы-қыры жоқ; құру, жойылу, жоқ болу, опат болу; чех тілінде spousta – құрқол; полякша – huk (айғай-шу, тарсыл-гүрсіл мағынасынан алынған) – көп, үйме, үйінді; zgraja (айғай-шұлы) – үйме, үйінді; жиын, тобыр; немісше sehr «өте»; этимологиялық жағынан sehr сөзі versehren – жаралау, зиян келтіру мағынасынан шыққан.

Қазақша қозым, құлышым, құлышашым, қарашибым, көгершінім, сұмдық жаман, сұмдық қорқыныш, керемет жақсы, асқан сұлу, ғажап (Таңғажайып, бұл қалай хат...) т.б. осы сияқты тіркестердің калыптасуынан да сөздерді ауыстырып қолдану жолдарының әсері аңгарылады.

Табу және эвфемизмдер

... Баяғыда Аюбай, Тұлкібай, Итбай деген үш ағайынды адам өмір сүріпті. Бұлардың отырған ауылы терең сайдың ішінде екен. Күндердің бір күнінде ағайынды аксақалдар үйінде әнгіме-дүкен құрып отырады. Бір кезде ауылдың иттері жабыла үріп, шулап қоя береді. Төрдегі аксақалдың бірі босаға жақта күйбенде жүрген келінге – Шырағым, иттер неге үріп кетті, байқап келиші, - деп жұмсайды. Келін жүгіре басып далаға шықса, ауылдың арт жағында үлкен бір аю тұлкіні қуалап барады екен де, иттер соған үріпті. Үйге қайта енбек болған келін кенет: «Япыр-ау, мұның бәрі аталарымның аты ғой, қалай атасам екен?» – деп, қысыла ішке енеді.

– Иә, балам, иттер неге үріпті? – деп сұрайды аксақалдардың бірі.

Сасқалақтаған келін:

— Ауыл сыртында, аршалы бетте, атаекем тәтсекемді зыттыра қып бара жатыр екен, осы ауылдағы жәкемдердің бәрі соларға қарап үріп жүр, — депті («Қ.әйелд.») Бұл — табудың нағыз тамаша көрінісінің бірі. Мұндағы атаеке деп отырғаны — Аюбай ақсақал; тәтекесі — Тұлқібай қария; Жәкемдері — Итбай шал.

Ескі әдет-ғұрып бойынша, келіндер қайын ата, қайын інілерінің дәл атын атай алмайды, басқашалап келтіреді. Мұнданай әдет-дәстүр түркі халықтарында ертеректен бар: Сылдыраманың ар жағында, сарқыраманың бер жағында маңыраманы ұлымға жеп жатыр екен, жаныманы білемеге білеп-білеп жіберіп бауыздап келдім, — депті бір келіншек қайын енесіне. Мұндағы сылдырама — қамыс; сарқырама — өзен; маңырама — кой; ұлымға — қасқыр, жанымға — пышық; білеме — кайрақ. Сонда бұл келіншектің Қамысбай, Өзенбай, Қойшыбай, Қасқыrbай, Пышақбай, Қайрақбай тәрізді қайын ата, қайын інілері болғаны.

Табу — индонезия тілінен алғынған термин; тыйым салу деген сез. Меланезия мен Полинсияда бұл сөздің капу, тапу, тампу деген синонимдері бар. Олардың да мағынасы — тыйым салу. Табу құбылысы адамзаттың әлсіз кездерінде туған; ең алдымен этнографияға, адамзаттың діни наным-сеніміне, әлденеге сиынуына байланысты. Ерте замандардағы соқыр сезім мен сенім, адамзаттың әр нәрсеге, әр құбылысқа табынуы, олардың ең киелі, дүниедегі ең күшті құлдірет деп санауды тіл-тілде өз ізін қалдырған. Қазіргі кезде табу халықтар салт-санаты мен тілінен мұлдем шығып қалды деуге болмайды. Тіл-тілде, ел-елде, жер-жерде табу ізі әлі де бар. Бірак анық бір ақиқат: табу — тұптің түбінде, келешекте жойылатын құбылыс. Оған себепкер — қоғамның ілгері қарай дамуы, ғылым мен техниканың қарыштап алға басып бара жатқан прогрессі, адамзат сана-сезімінің оянуы мен жаңаруы, адамзаттың өмір талабына сай нық басуы.

Табу алғашқыда мифологиялық сенім-наным, қорқыныш — сезімдерге байланысты қорытынды тұжырымдар жасау нәтижесінде пайда болған. Осындағы белгілі бір себептерге сай, тіл-тілде кейбір сөздер мен сөз тіркестерін өзінің тұра

атымен атамай, басқаша екінші бір келтірінді сөздермен, кейде мұлдем тұспалдал, алмастырып жеткізетін болған. Ақиқаттың, ең басты принципі – сол құбылыс пен заттың өзінің дәл атын атауга тыйым салу.

Зерттеушілердің айтуынша, табудың алғашқы шыққан жері, түп-төркіні, «отаны» - полинезия тайпалары. Полинезиялықтардың қоғамдық өмірде бұл құбылыс күні бүгінге дейін мол етек алған; оның өзі полинезиялықтардың қоғамдық прогресске жетуіне, халқының көзі ояна тұсуіне қол байлаудың бірі болып отыр десе де, асыра айтқандық емес.

Мәселен, журналист М.Домогацких «Правда» газетінде (VI, 1972) мынандай бір хабар бар: Индонезия астанасы Джакартадан 150 шақырымдай жерде, Батыс Ява тауларында бадуй (қазақша бәдәүи болуы керек. - Ә.Х.) атты тайпа мекен тепкен. Бірақ Ява аралдарындағы тұрғындардың бірде-бірі: мен бадуйлықтарды немесе бадуйды көрдім деп өмірде бір айтпайды. Оның себебі бадуйлар тайпасының заң-дәстүрі бойынша, басқа сл (тайпа) адамдары өкілі бадуйлар жеріне аяқ баспауы, аттамауы керек; ал бадуйлардың өздері өз аулынан бір қадам аттап шықпайды; бір тәулікке болса да басқа жерге бармайды; тек өз қонысы – өз жерінде өсіп-өркендейді.

Бадуйлар бамбуктан жасалған үйлерде (лашықтарда) тұрады: оларды – үйлерін сваялар деп атайды; адамдары осы заманғы жаңалықтардың бірде-бірін қабылдамайды; ондайлардан үркे қашып, жиренеді. Мәселен, астыға төссенстін матрац, ас ішер тарелка, сусын ішер стакан, жағар керосин мен свеча сияқтылар – олар үшін тағы құбылыс. Бадуйлардың ежелгі заңы бойынша, төрт түлік мал ұстауға болмайды; жерінс ағаш не өсімдік отырғызып, егін егуге болмайды; жол салуға болмайды; ыстық тамак, яғни тамақты пісіріп жеуге болмайды; сң ауыр күнә – хат танып, қағаз оқи білу. Индонезия өкіметі бұл жерге мектеп салмақшы болып қаншама әрекеттенсе де, әзірше ештемес шығара алмай отыр.

Бұл – нағыз табуға байланысты құбылыс, артта қалудың табуға негізделген нәтижесі.

«Әр елдің заны басқа» дегендей, Британ Колумбиясы индеецтері тек қана балықпен күнелтеді; балық жеп жүріп, қарны тоймағандай, аштыққа ұшырағандай сезінсе, балгер (колдун) балық түрлес қарақшы (чучело) алып шығып, балық аулар жерлерге лақтырады екен; Мадагаскар аралында (казіргі Малыгаш республикасы) кірпікшешен етін жеуге тыйым салыпты; оның етін жесе, кірпікшешен сияқты, қорқақ та, қорғаншақ болып қалады; Австралияның аборигендерінше (ежелгі тұрғындары), өз ата-бабасының, тайпасының атымен аталатын, солардың атына байланысты болып келетін аң-жәндік етін жеуге болмайды; ондай аң-жәндікті атуға, өлтіруге болмайды; оның себебі оларша, өздері осы жан-жануарлардың арғы тегі, ата-бабаларынан жаралған.

Эвфемизм – гректің euphemismos – жақсылап, сыпайылап айтамын сөзінен алғынған термин. Сырттай қараганда эвфемизм – тілдегі табудың бір көрінісі, синонимі. Шынтуайтына келгенде, дәл олай емес, бірақ табуға жақын құбылыс. Эвфемизм – бір затты не құбылысты я болмаса бір уақиғаны сыпайылап айтып жсткізу амалы; адамның көңіліне келмейтіндей, жұқалап, жайдарылап, майдалап, іштей ренжіп тұрса да, рахаттана баяндағандай айта білу тәсілі.

Шынында, эвфемизм – мағына ауыстырудың сөз тапқырлыққа байланысты өнімді түрі. Табу – түптің түбінде, күндердің күнінде жойылатын құбылыс, ал эвфемизм – тілдің көркемдегіш, бейнелеуіш құралдары ішіндегі болашағы мол түрінің бірі.

Табу мен эвфемизмдердің бір кездерде діни ұғымдарға, наным-сенімдерге, қалыптасқан салт-санага, дәстүрге байланысты шығып, халық тілдерінде қалдырған іздері әлі де бар дедік. Солардың бір тобы – аң, жануарлар, түрлі ауру-сырқауларға, ат-ныспы (ономалар) атаулыға, түрлі зиян, киянат келтіреді-ау деген қорқыныштарға орай туғандар.

Мәселен, ертеректе ата-бабамыз корыққанынан қасқырдың дәл атын атамай – қарақұлақ, ұлым, итқұс; жыланды – түйме, түймебас, қамшы, ұзынқұрт; жолбарысты да қарақұлақ деп атапты; монгол қазақтары елік атып алдым

деу орнына жирип атып алдым дейтін көрінеді; казактар қандаланы «қызыл, сасық, кебек» деп те атайды екен.

Әлсіз, шарасыз адам әр аурудан корыққан. Сондықтан көбейіп кетпесін, жайылмасын дегендей, орысша корь (қызылша) ауруын – қызыл көйлек, мейман, қонақ, әулие, корасан т.б.; қатты кесел ауруды – бір нәрсе көрінген, бір нәрсенің салқыны тиген деп бүркемелейтін; шайтанды – теріс табан, шимұрын; жай тұсті – жасыл тұсті; құн батты – құн байыды; мал суалды – мал байыды дейтін.

Дінге сеніп, наным-сенімге берілгендейтін, әлсіздікке байланысты адамзат өз атын да тура атамай, басқашалаған кез болған: Жынды бала, Тентек бала, Жаман бала, Ұры бала, Қара шаш, Қой көз, Алтын шаш, Ұзын шаш, т.б. – әрі үқсату, әрі көз тимесін дегендік.

Кісі аттарына байланысты эвфемизмдер мына сықылды болып келеді: ауылдағы үлкен кісінің аты Жоламан болса – Соқпақ жол; Сұттібай болса – Желінді уыз; Бұқабай – Сұзебай, Өгізбай; Қарабас – Боран шеке; Сарыбас – Шикіл шеке; Сары – Шикіл; Бейсембі – Құн жұма аттас; Көжекбай – Коян ата; Үзікбай – Дәдсеге; Жамантай – Жайсыз тай; Ақбай – Қылаң ата; Тұңлікбай – Қайырма; Қозыбақ – Қене; Жусанбай – Сыбак; Қойлыбай – Жандық ата; Қамшыбек – Ат жүргіш; Бүйенбай – Жуан ішек; Еламан – Халық есен; Асубай – Тарпаң; Асыл – Бекзат ата; Ақылбай – Ой ата; Мергенбай – Атқышыл; Жылқыбай – Туар; Тышқанбай – Қаптесер т.б.

Жас әйелдер күйеуінің ағасының балаларын өз атымен атамай, жалпы есіммен атаған: молда жігіт, сылқым жігіт, тетелес, еншілес, әкежан, төрем, төре жігіт, мырза жігіт, бойжеткен, еркес қызы, кішкенем, аппағым, айдарлым, шырак, бөпежан, тұлымдым т.б.

Кейде адамның бет-пішін, кескініне, мінез-құлқына лайықты сөздермен де атаушылық болады: бауырсақ, айыр сақал, торт сақал, көк көз, сақау, қасқыр көз, теке сақал, ши бұт, косауыз мылтық, шегір көз, қисық, кекеш, құркілдек т.б.

Эвфемизмдер этикаға, сыпайыгершілікке, ұят сақтауға, моральдық нормаларға да байланысты болып келеді.

Олардың өзін бірнеше топқа бөлуге болады: соның ең бір көбірек тарағаны – ауру-сырқатқа, дене мүшесінің кемістігіне байланысты туған алмастырулар. Мәселен, құрт ауруы (туберкулез, чахотка) орына – жотел ауру, көкірек ауру, жінішке ауыру; қылтамақ (рак пищевода) – аты жаман ауру; соқыр, бұқір, ақсак, шолақ, керен, саңырау орына – құлағының мүкісі бар, кемтарлау т.б. қолданылады.

Адам өлімі – қай заманда болса да ең қорқынышты құбылыс. Сондыктан ерте кезден бастап-ақ адамзат өлім туралы естіртуге аса сақтықпен қараған. Өлімді өз атымен смес, тұспалдан айтатын болған. Мәселен, «Ақсак құлан» күйі – осының ертедегі бір айғағы. Ақку ұшып көлге кетті, Сұнқар ұшіп шөлге жетті. Ол адасып кеткен жоқ, Әркім барап жәнгे кетті, – түрінде естірту, көніл айту қазакта көптен бар.

Өлді деу орына жүріп кетті, аттанып кетті, қайтпас сапарға кетті, о дүниеге кетті, жаны жай танты, үйықтап кетті, демі бітті, кайындап кетті деп сойлейді.

Некеге, семьяға байланысты эвфемизмдер: қатын – ертеректе ханша, белгілі әйел, ауқатты әйел мағынасындағы сез. Қазіргі қазақ тілінде анайы мағынада қолданылады. Сондыктан оның орына – әйел, зайн, жамағат, жұбай, бәйбіше, нақсүйер; бай орына – күйеу, ер, жұбай, жолдас (кейде шалым); қатын алды орына – үйленді, құс қондырды, аяқтанды; күйсүден шықты (байдан шықты) – ажырасты; байдан шыққан қатын орына есік көрген әйел (адам) т.б. қолданылады.

Моральдық-этикалық кемшілікке, қомсынуға байланысты эвфемизмдер: бұзылған, бетімен кеткен, жүтепсіз, жезөкіше орына – көзіне шөп салу; арак орына – аңы су, тентек су, Ақмағамбет; ұрлықшы, ұры – қолының қымқырмасы (жымқырмасы) бар, қолының жиендігі бар; өсекші орына – аузы жеңіл .б.

Адам анатомиясы мен физиологиясына, адамдардың өзара жақындық қатынастарына байланысты эвфемизмдер. Мұндайлардың кейбірін оз атауымен атау дөрекі, қолайсыз, әдепсіз саналады: Қос түйме омырауга жарасып тұр, келіп ем ұстайын деп әуес етіп (Айтыс). Үлкен дәрет, түзге отыру

орнына туалетке бару: жүкті, екі қабат орнына – аяғы ауыр; туды – босанды, аяғы женілдеді т.б. – орынды, тапқырлықпен дәл түскен эвфемизмдер.

Кейбір эвфемизмдер кірме сөздер арқылы, кейбіреулері сөз ішіндегі дыбыстарды алмастыру арқылы (эллипсис), кейбір дөрекі делінетін сөздер – вульгариzmдер жазуда көи нұктемен белгіленіп, айтқанда (сөйлеп түрғанда ондай сөздер келіп қалса) интонация арқылы беріледі: кемпір – парсының қеюана деген, бюстгалтер, туалет, гарнитур, эпилепсия, рахит, диабет – орыс тілі арқылы енгендер; кісі аты Жақып болса – Мақып, Мәмбет – Сәмбет, Ахмет – Сахмет т.б. Бұл топқа Ақа, Сәке, Әлеке, Беке сияқты құрметтеулер де жатады. Бұлар эллипсистер. Сондай-ақ, ...Сөзіне әк Айманның шыдай алмай, жіберді Тенге... дамбалына (Айман-Шолпаннан). Асынды ішпейін, дағараңа т...ның кері болмай ма онымыз? (С.М.) Мұндағы көп нұктелер эвфемизмдер орнында тұр.

Троптар мен фигуralар – тілдің көркемдегіш, бейнелеуіш құралдары арқылы көптеген эвфемизм жасалады. Мәселен, эвфемистік метафора: он сегіз, он тоғызға келгеннен соң, алмасы өкпе болар қол батпаған (А.); эвфемистік метонимия: Енді сіздің үйден қорсылдақтың құлағын жейміз ғой (Ғ.Мұс.) Анау аңы бар ма еді? («Жалын»); эвфемистік синекдоха: өзіміздің де қарнымыз ашты; Біздің бәйбішенің жолға берген азын-аулақ азығы бар (С.М.); эвфемистік символ: Саясағы алтын сұңқарға ілдірейін деп келдім көлдегі үйрек-қазынды, Алтайы қызыл түлкіне қосайын деп ойлап ем күмай жүйрік тазымды. Тікбекке әк үй сұраймын ел қонбаған сазынды. («Б.Ж.»); эвфемистік ирония: көрінсін Біржан салға ай секілді, әк қүйрық көніл ашар шай секілді; ұсынса, кол жетпейтін аргымагым, Арынға баламаймын тай секілді. (Біржан-Сара); эвфемистік парафраза: Эй, қураған-ай!.. – деп, соған қосып аса қатты, сұмдық бір боктықты айтып қалды. Оспанға ұрсамын деп – Ұлжанды боктағаны еді. (М:Ә); фразеологиялық эвфемизмдер: боктасып қалды деу орнына тұс шайысты, сөзге келді, тіл тигізді, аузынан әк ит кіріп, қара ит шықты; иттің бірдемесі дәрі болса, дарияға бірдеме етеді т.б.

Эвфемизмдер басқа тілдерде де көп. Мәсслен, украин тілінде mimka (тетка) – безгек; сербше богине – шешек; латынша manes, «өлгендердің жаны» (жарықтық, аруак); сербше краса – жылан; божъя милось – найзагай, жай, жасыл; неміске potzblitz – божъя молния; сербше богме деу орнына сөз дыбысын ауыстырып борме дейді; немістің поэтикалық тілінде өлім орнына - Freund Hein (көңілдес, жақын, таныс, тамыр); түрлі аргодан да эвфемизм болады; купить – ұрлау; пришить - өлтіру; орысша қолданыстарда медведь (аю) – хозяин, ломака, мохнат, лесник, потапыч кейде қарапайым түрде – он; сипаттамалы, түсіндірмелі, эвфемизмдер: одна соседняя держава; один дипломатический представитель, завод, где директором дипломатический представитель, завод, где директором (имярек – фамилия орнына); одно значительное лицо; она в интересном положении (аяғы ауыр); не сочиняйте (өтірікті соқпа) т.б.

§ 8. Омонимдер және олардың түрлері

Омонимдер (гректің *homos* – біркелкі және опута – ат атау деген сөздерінен алған) Бірдей дыбысталып немесе бірдей жазылып, мағыналары басқа-басқа болып келстін сөздер. Мәсслен, ат – қолік, төрт түліктің, жан-жануардың бірі; ат- етістік (мылтықты ат); ат – ауыспалы мағынада айт, сөйле (сөзді атып-атып жіберді, айттып-айтып таstadtы, төпслетіп-төпелетіп таstadtы, лақ еткізді т.б. мағынада).

Бір ғана алғашқы ат (қолік, төрт түліктің бірі) сөзі түрлі тіркестерде, фразеологиялық единицалар құрамында қолданылып, түрлі-түрлі мағыналарға ие болады: ат байлар (казақ эвфемизм ретінде ер баланы осылай атаған); ат байлар – құда түсіп келгенде, құданың атын байлағаны үшін беретін кәде; ат байлады – сыйлады, тарту етті, ат мінгізді; ат басына күн туды – қынышылық шақ келді, сыналар мезгіл болды; ат басына соқты – шегіншектеді, жүрексінді; ат басын бұрды – бұрылды, бағытын өзгертті; ат басындаі алтын – колемді, үлкен алтын; ат басын тартты – тоқтады, аялдады; ат басын тіреді (ат тұмсығын тіреді) – қонақ болып түсті, тоқтады, белгілі бір жерге жетті; ат бауырна

алды – атпен қуып, өлімші етіп сабады; ат бойы – өлшем, ат жақты – бет әлпсті сопақша келген адам туралы айтылады; ат жалын құшты – еңкейе келіп ат мойнына асыла құлады; ат жалын тартып мінді – адам болды, ер жетті, азамат болды; ат кекілін кесісті – араздасты, мүлдем безді; сондай-ақ ат... мінгізді, атқа жем түсті, атқа жеңіл құдаша; атқа қамшы басты; ат қақты; ат қойды; атқа мінер; атқа қара тіл болғанда (ерте көктемде шықкан отқа жылқы аузы іліккен шақ деген мағынада); ат қойды; ат қойып, айдар тақты; ат қосты; ат қосшы болдың ба? Ат қүйрығын шарт түйді; ат құлағы көрінбейді; ат құлағында ойнайды; ат құрғатпай қатысты; ат майы – ат майын берді; ат мінгізіп, тои кигізді; атой берді – атой салды – ат қойды; ат ойнатты т.б.

Бұл келтірілген мысалдар алғашқы – бірінші ат сөзінің әрі коп мағыналығын (полисемия) әрі дәл осындай дыбыстас басқа да сөздермен омоним болып келетін көрінеді.

Дәлденкірей түссек, Атты әкелдің бе? Атың кім? Мылтықты кім атты? – деген сойлемдердегі ат сөздері – үшеуі үш басқа мағына білдіретін үш түрлі дербес сөз. Үшеуінің мағыналары арасында ешқандай семантикалық байланыс жоқ.

Омонимдердің полисемиямен бір ұқсастығы бар: омонимдер де, полисемия да бірдей дыбысталып, айтылады, жазылады. Мәселен, ат – көлік; ат – есім; ат – етістік; мұндағы сырттай ұқсастық: үш сөз (ат) бірдей дыбысталып түр.

Омонимдердің полисемиядан басты айырмашылығы бар: омонимдер бірдей дыбысталып, айттылып, бірдей жазылса да, әрқайсының, яғни әрбір сынарының мағынасы әр түрлі, басқа-басқа болады; ол мағыналар арасында байланыс жоқ. Келтірілген ат сөздері – мағыналары дәл осындай, басқа-басқа сөздер.

Ал полисемия, яғни көп мағыналы сөз, бірдей дыбысталып, бірдей жазыла отырып, мағыналары жағынан жақын, байланысты болып келеді. Мәселен, жүрек сөзінің номинативті мағынасы – кан айналу жүйесінің көкірек қуысының сол жағына орналасқан басты орган. Сонымен бірге жүрек – бірде кісінің жан дүниесі, рухани сезімі, кейде саяси-әкімшілік орын, орталық (Москва – Отанымның жүрегі) мағынасын білдіреді.

Сонымен катар ак жүрек, асай жүрек, жүрегі айныды, жүрегі алқынды, жүрегі алып ұшты, жүрегі аузына тығылды, жүрегі бұлк етпеді, жүрегі дуаламады, жүрегі дурсілдеді, жүрегі дір етті, жүрегі елжіреді, жүрегі жарылды, жүрегі жібімді, жүрегі зу ете қалды, жүрегі зырқ ете қалды, жүрегі көтерілді, жүрегі қалтырады, жүрегі күпті болды, жүрегі қарс айырылды, жүрегі қобалжыды, жүрегі лұпілдеді, жүрегі мұз болды, жүрегін тебірентті, жүрегінің түгі бар, жүрегі орнына түсті, жүрегі сазды, жүрегі суыды, жүрегі сыздады, жүрегі аттай тулады, жүрегі түршікті, жау жүрек, жүрек жұтқан, жүрек жалғады, жүрегіне ас батпады, жүрекке жара түсті, жүрегіне жара салды, жүрек қылын шертті, қоян жүрек, су жүрек, жүрегі алып ұшты, жүрегі бұлк етті, жүрегі жанды, жүрегі жұмсақ, жүрегі күпті болды, жүрегі май ішкендай кілкілдеді, жүрегіме жұдырықтай бол тұра қалды, жүрегіме инедей қадалды, жүрегінде оты бар, жүрегі тас түйін болды, жүрегіне дақ түсті, жүрегі өрт бол жанды, жүрегі су ете түсті, жүрегі талды, жүрек өзегі талды, жүрегі тас төбесіне шықты, жүрегіне жылы тиді, жүректі дерг алды т.б. Фразеологиялық тізбектерде жүрек сөзінің сан алуан семантикасы бар екеніне көз жетеді.

Сөйтіл омонимдер мен полисемияның ұксастығы – екеуінің де бірдей дыбысталғандығы, ал айырмашылығы – омонимдер бірдей дыбысталала отырып, мағынасы жағынан басқа-басқа болатындығы да, полисемияға жататын сөздер – мағыналары жағынан жақын болып келетіндігі.

Омонимдердің омоним екендігіне көз жеткізу үшін, ондай сөздерге синоним іздел көру керек. Профессор Галкина Федоруктың айтуынша, бірдей дыбысталатын сөздерге синоним мағыналы сөздердің ешқандай катысы болмайды. Мәселен, ат – есім, ат – жылқы; орысша ключ – есік ашатын кілт, ключ – бұлақ; коса – бұрым; коса – шалғы орақ; ағылшынша *bese* (бейз) – аласа; *bese* (бейз) – базис т.б. Бұл сөздер бірдей дыбысталып тұр, бірақ бір-бірімен синоним емес.

Қазақ тілінде ат – жылқы, тұлпар – дөнен, бесті, құнан т.б. сөздермен стилистикалық, контекстік синоним болып келеді, ал ат – жылқы, ат – есім, ат – мылтық ат деген етістік мағынада ешқандай синонимдік, ешқандай полисемиялық ортақтық, байланыс жоқ.

Құрамына қарай омонимдер екі түрлі – түбір омонимдер, туынды омонимдер болып келеді.

Түбір омонимдер – ешбір қосымшасыз (аффикссіз), негізінен атау тұлғада колданылатындар; қыз – зат есім (Ұлболсын - қыз); қыз – етістік (қыз, қызба, онда менің шаруам жоқ); жүз сан – есім (Жүз сом ақшан болғанша, жүз жолдасың болсын); жүз – зат есім (тұс-түр, бет-әлбет), Ақ тамақ, қызыл жүз); жүз – зат есім (ұстараның жүзі); бет-әлпет, түр-тұс (өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас) т.б.

Туынды омонимдер – белгілі бір түбірге аффикс қосылу арқылы жасалатындар: жас-тық – зат есім (жастыққа жантая кетті); жас-тық – сын есім (қайран жастық шак!); жас-а – етістік (Жаса, жаса, көкке – өрле, Acay тарпан тұлпарым!); жаса-н – етістік; жасан-ды зат есім (бұйым, зат, талшық); жасанды – сын есім (жасанды зат, адам); тартпа-тартпа, бөлме-бөлме, кеспе-кеспе т.б. әрі зат есім, әрі етістік, романист – романдар авторы; романист – роман филологиясының маманы; ударник – өндіріс озаты; ударник – мылтық шаппасының ұшы; қызық – әрі зат, әрі сын есім т.б.

Сырттай қарағанда, омонимдер тілдің лексикасын сан жағынан байыткан, көбейткен сияқты болып көрінеді. Шындығында, олай емес. Мәселен, ат деген сөз – мағынасы жағынан жеке-жеке сөз. Ал дыбысталуы жағынан олар бір-ак сөз. Омонимдер тілдің лексикасын саны емес, мағынасы жағынан ұлғайтады, кеңейтеді, көбейтеді. Дәл осы түрғыдан алғанда, омонимдердің жасалуында тілде экономия (үнемдеу) принципін сақтаушылық байқалады. Кейбір сөздер бірыңғай дыбысталады да, мағыналары сан алуан болып келе береді. Сондықтан, сырттай қарағанда ондай сөздерді алфавит тәртібімен реестрге (сөздікке) түсіргенде, сөз саны көбейген болып шығады.

Омонимдер түрлі жолдар арқылы жасалады:

1. Кейбір омонимдер сөз тудырудың лексика-семантикалық тәсілі арқылы пайда болады. Бұған бір себеп – белгілі бір сөздің көп мағынасының пайда болуы, тууы, яғни полисемия.

Дәлденкірей түссек, бір кездерде бірер ғана мағына білдірген сөз келе-келе сол мағынаны өрбіте, тармактата түсі мүмкін. Оған себеп - өмірдегі жаналықтар, табиғат қыр-сырының ашыла түсі, адамзаттың таным-білімінің кеңеңе түсінің тілдегі көрінісі. Әдетте, тіл – халық өмірінің айнасы. Халықтың тұрмыс-жайы, әдет-ғұрпы, құллі мәдени өрлеу дәрежесі, қоғамның карыштап алға басуы халық тарихына, ол халықтың тіліне із қалдырады.

Осы сияқты жәйттерге сәйкес, бір кездегі бір мағыналы сөз келе-келе бірнеше дербес мағынаға ие болып кетеді. Мұндай құбылысты полисемияның бара-бара омонимге айналуы деп атайды.

Мысалдар: Ай – планета аты; ай – бір ай, жыл сеебінің бір кезеңі. Қазір бұл – екі сөз. Бірақ бұлар – бұрынғы бір-ақ сөз. Мағыналары жакын, бірақ ол мағыналары сәл де болса бір-бірінен алшактап, семантикалық – сапалық, мазмұндық жағынан сараланған.

Ай сөзі толып жаткан фразеологиялық единица жасауға негіз болады: айдай әлем, айдай сұлу, айдай таза, айдан анық, айдай аузы, күндей көзі бар, айды аспанға бір-ақ шыгарды, айдың бір жаңасы, айдың күннің аманда, айдың қарандысы, ай-күні жақындады, ай қабак, алтын кірпік т.б.

Тамыр – өсімдіктің түбір тарамы (Жас қарағай тамыр жайып, Жапты қайта даланы. – (Сырб. Мәул.); қан жүретін жол; тамыр – дос-жар, көнілдес, сыйбайлас (Жақсы керер тамырдың атын алма, тайын ал); Сол поселкеде Семен деген тамырым бар еді); ауыспалы мағынада: себеп, түбір, негіз (Жасыбай елде істеген бірсыныра жолсыздықтың тамырын ашты (Б.М). Сонда бұрынғы бірер мағыналары тамыр сөзінен бірнеше жаңа – бір-бірінен азды-көпті айырмашылығы бар мағыналы сөздер, яғни полисемия пайда болған. Келе-келе олардың мағыналары алшактап, жеке-жеке, дербес сөзге – омонимдерге айналған.

Тамыр сөзінің бір кезде көп мағыналы болғандығын мына тәрізді тұракты тізбектер құрамында келуі де дәлелдей түседі: тамыр ұстады, тамырына балта шапты, түп тамырымен құртты, тамыр жайды (өсті), тамырын тартып көрді, тамыр тартқан тарықпас, тамыр болды, тамырымен

құртып жіберді, тамырына қан жүгірді, тамырын басып көрді, тамыры суалды (С.К.).

Осы сияқты, тең – буылған жүк (зат есім); тең – бірдей, қатар, құрбы-құрбылас, замандастар, үзенгілес (сын есім); біз кездегі бір-ақ сөз; қазір полисемиялық мағынасы алшактап, омонимге айналған екі сөз. «*Тең*» сөзінен *теңбе-тең*, *теңдей*, *теңделу*, *теңдес*, *теңестіру*, *теңдесу*, *теңдік*, *теңелу*, *теңелту*, *теңеу*, *теңселу*, *теңдік бермеди*, *теңеліп кетті*, *тең келмеди*, *тең корди*, *тең құрбы*, *тең түсті*, *теңін ақтарды*, *теңін тапты т.б.* сөздер мен сөз тіркестері жасалды.

Сөйтіп, ай, тамыр, тең сөздері – бұрынғы көп мағыналы, қазіргі омоним сөздер. Бұл мысалдар – омонимдердің сөз мағынасының лексика-семантикалық жақтан дами келе пайда болатына дәлел.

Мұндай құбылыстар басқатілдерде дебар. Мәселен, орыс тілінде худой – арық адам, арық-тұрық, имиген, аяғынан зорға тұрған адам. Д. Н. Ушаковтың сөздігінде бастапқы бір ғана полисемияның төрт түрлі сөз болып кеткені айтылады:

1. Тощий, сухощавый;
2. лишенный достатка, благополучия;
3. дырявый, с изъяном, испорченный
4. плохой, дурной.

Сондай-ақ язық – ауыз қуысындағы дене мүшесінің бірінің аты, язық – дыбыстық, сөздік, грамматикалық құрылымдар жүйесі, яғни тіл деген сөз, язық – тіл әкелу тұтқынға алып, дүшпан жағындағы жайды анықтау деген сөз, язық – ертедегі орыс тілінде халық деген мағынаны да білдірген («Нашествие двенадцати языков»). Бұл мысалдар язық сөзінің алғашқыда көп мағыналы екенін, келе-келе ол мағыналар бір-бірінен сәл де болса алшактап, омонимдерге айналғанын көрсетеді (Ю. С. Маслов).

В. Н. Перетрухин полисемия арқылы пайда болған омонимдерді семантикалық омонимдер деп атап мынандай мысалдар келтіреді: болтун – сөзуар; болтун – балапан болып шыға қоймаған жұмыртқа; лавка – скамья; лавка – кішкентай дүкен; образование – құрылу (мемлекет құрылуы); образование – халық ағарту ісі (синонимі – просвещение).

2. Кейбір байырғы сөздер тілдің даму барысында білгілі бір фонетикалық өзгерістерге ұшырап, соның нәтижесінде бірер сөз тілде бұрыннан бар екінші бір сөзben бірдей

дұбысталып ақырында омоним пайда болып кетеді. Мұндай құбылысты дұбыстық сәйкестіктер, алмасулар нәтижесінде пайда болған омонимдер деп атайды.

Қазақ тілінде алмасуға үшыраған дұбыстардың бірі – ғ-ғ, ш-с дауыссыздары. Мәселен, атқа салатын ер сөзінің ертеректегі дұбысталуы – егер, осыдан егерле (қазақша сртте), әзіrbайжанпа – иеһер; қырғызша – ээр, ұйғырша – егәр. Дәл осы форма (егер) Оңтүстік Қазақстан тұрғындары тілінде сақталған; олар кейде атты ертте деу орнына атты егерле деп айтга береді.

Қазіргі қазақ тілінде егер – дің «ғ» дұбысы түсіп қалғанда сөз, еер болу орнына ер болып ықшамдаған. Қазақпен туыстас қырғыз тілінде екі дауысты қатар Алатоо келе береді, ал қазақ тілінде екі дауыстының бірі түсіп қалады; Жаңа Арқа, Сары Арқа, Қарай ма Екен, Ала ма Екен (Жаңарқа, Сарапқа, Қараймекен, Аламекен т.б.).

Сол сияқты біз – зат есім; біз – есімдік; екеуі – бірбірімен омоним. Алғашқы зат есім біз – дің бұрынғы дұбысталуы – бігіз, қазірде де ұйғырлар бігіз, бегіз түрінде айтады, бігіз деу Оңтүстік Қазақстан тұрғындары тілінде де бар; әдеби тілде сөздегі г дұбысы түсіп қалып, есімдік біз – бен омонимдес болып шықкан. Сондай-ақ, зат есім мағынасындағы бас сөзіндегі с орнында кейір туыстас тілдерде ш қолданылады; қазақ тілінде ш (баш, бош, гөш т.б.) с дұбысына айналып, етістікпен омонимдес болып шықкан. Сары, торы (сын есімдер), бу (зат есім) сөздерінің бастапқы дұбысталуында да ғ (сарығ, торығ, бұғ, бұғ) болған көрінеді (К.Аханов).

А. А. Реформатскийдің айтуынша француз тілі омонимдерге аса бай. Соның біразы дұбыстық алмасулар арқылы жасалған. Оның бір себебі француз тіліне негіз болған латын тілі. Латын тілінің көптеген күрделі сөздері дифтонгтардың монофтонтарға айналуы нәтижесінде шыққан; әр түрлі дауыстылардың тіркесіп келуінен мұрын жолды дауыстылар (носовые гласные) пайда болған, сондай-ақ септік жалғау, флексияларының түсіп қалуы және сөздің морфологиялық құрылымының сінісп (опрещение) кетуі салдарынан естілмейтін қысқа-қысқа француз сөздері жасалған. Соның нәтижесінде бұрын фонетикалық тұрғыдан айырмашылығы ангарылып,

білініп тұратын ерекшеліктер көмескіленген; бұл жағдай дыбыстық сәйкестік-ұқсастықтардың пайда болуына, сөздің фонетикалық өзгерістерге түсіі арқылы омонимдердің жасалуына себепкер болған.

Мәселен, латынның *panis* – нан және *pīnīs* – қарағай сөздерінде *pe* (ре) – мен ә мұрын жолды дыбысы бірдейлесіп кетіп, соның нәтижесінде екі сөз – екі омоним пайда болған; фонетикалық алмасу арқылы 5-6 омонимдер де жасала береді; *saint* – перште (святой); *sein* – төс (грудь); *sain* – аман-амандық, дені-сау, күйлі-қуатты, еңгезердей, мығым келген т.б., *cīng* – бес; *ceint* – белдіктенген, белбеуленіп алған, белбеу буынған; *seing* – жазу т.б.

Ағылшын тіліндегі бірсыныра омонимдер ортағасырлар кезеңі кезінде дауысты дыбыстардың жылысы арқылы пайда болған. Дәлірек айтсақ бір кездегі айқын да анық естіліп басқа-басқа дербес деп есептелстін дауыстылар (кейде дауыссыздар да) кейіннен біркелкі айтылып, біркелкі естілетін қалыпқа жеткен. Мысалдар: *deer* (di:ə) – бұғы, *dear* (di:ə) – қымбат, қымбатты; *week* (wi:k) – апта; *weak* (wi:k) – әлсіз; *hour* (auə) – сағат; *our* (auə) – есімдік, біздікі деген сөз; *right* (rait) – право; *to write* (rait) – жазу т.б.

3. Кейбір омонимдер сөз түбіріне аффикстер қосылу арқылы жасалған. Ондайлар әдетте туынды омонимдер қатарына жатады; ондай омонимдердің жасалуына омонимдес аффикстер себепкер болады. Мысалдар: *шық+ыс* – *шығыс* әрі – зат есім, әрі етістік (ортак етіс); жел - ік – әрі зат есім, әрі етістік; *қызық*, *жабық*, *қырсық*, *былық*, *ентік* – әрі сын есім, әрі зат есім, әрі етістік омонимдер.

Омонимдес аффикстерді ономорфемалар дсп те атайды; тракторис, золот-ист- ый; ручка – руч-к-а, ков-к-а; зарываться – зарвяться т.б.

4. Бірсыныра омонимдер кірме сөздердің тілдегі байырғы сөздермен бірдей дыбысталып келуі арқылы жасалған. Мәселен, орыстың волость сөзі қазақша болыс (Болыс болым, мінекей, бар малымды шығындан – А.) болып өзгеріп, етістік болыс (көмектес, жәрдемдес) сөзімен омоним болып шықкан.

Сол сияқты орыстың кучер сөзі – көшір болып өзгеріп, етістік көшір, (үйді көшір, қағазды көшір) сөзімен, гирия сөзі – кір болып өзгеріп, етістікпен омоним болып шықкан,

сондай-ақ, мата (кездеме) – араб сөзі; мата – казақша етістік; ара – жәндік; ара – құрал (тәжікше appa); мақта – зат есім (иран сөзі), мақта – етістік т.б.

Орыс тілінде де кірме сөздер арқылы пайда болған омонимдер көп: балка – «жар-құз» деген мағынада түркі сөзі; балка – “бороне” неміс сөзі, пама (монах) – тибет сөзі; лама (жан-жануар) – испан сөзі, лук (садақ) – орыс сөзі, лук (пияз) – герман тілдері сөзі, град – шіркеулік славян сөзі, град – бұршақ араласа жауған жауын мағынасында орыс сөзі, клуб – бұлт, пар, өуедегі тұман (орыс сөзі), клуб – мекеме аты (ағылшының клаб – клуб сөзі), тур – ерте заманда болған өгіздің бір түрі; тур – би билегенде, мәселен, залды бір айналып шығу; тур – бір істі өткізу (конкурстың I туры, II туры) мағынасындағы француз сөзі (tou); люкс – алғашқыда шам жарығын білдіру единицасы (латын сөзі; люкс латыннан француз тіліне ауысып, ең жоғарғы сапа (luxe) деген мағынаны білдіреді, ағылшын тіліне base (бейз) – аласа – француз тілінен, base (бейз) – базис грек тілінен келген.

Кейде тіл омонимдерді көбейтіп жібергісі келмайді, кей жағдайларда оларға синоним табуға тырысады. Мәселен, орыс тілінде бор (сосновый бор – қарағайлы орман) сөзін лес (орман-тогай) сөзімен – синонимімен, брак (неке-некелену) сөзі орнына супружество – жұбайлар сөзін қолданады. Әдетте сөз мағынасы контексте ғана дәл аңғарылатыны мәлім. Мәселен, орысша бур – инструмент, бур – Оңтүстік Африкаға Голландиядан келіп қоныстанған отаршыл халық аты; гамма – грек тілі жазуының атауы; гамма – музикалық аспапта бір мезетте ойналатын сегіз тонды үн. Мұндайлардың қай мағынада қолданылғандығы сөйлем ішінде ғана айқындалады.

Омонимдердің түрлері көп. Бірақ оларға қатысты терминдерге лингвистика оқулықтарында ала-құлалықтар бар. Мәселен, К.Ахановлексикалық, лексика-грамматикалық, аралас омонимдер деп топтастырса, орыс тіліндегі оқулық авторларының бірі ондайларды – толық, жартылай, бірі – грамматикалық, бірі омофондар, омографтар т.б. түрде атайды.

Тіл фактілерін ескере келгенде біздіңше, омонимдердің негізгі түрлері мыналар: толық омонимдер, жартылай омонимдер (толық, жартылай ассимиляция т.б. деген

терминдерді еске ала кетейік) фонетикалық омонимдер, орфографиялық омонимдер, көп компонентті омонимдерге қатысты лингвистикалық басқа да құбылыстар (паронимдер, каламбурлар).

1. Толық омонимдерге жататындар – дыбысталуы жағынан бірдей, мағыналары жағынан басқа-басқа, барлық тұлғада омоним болып келетін біркелкі формаларда түрлене алатын сөздер. Мысалдар: тамақ – анатомиялық атау (Ақ тамақ, қызыл жұз; Қарағым, бетінді аш!). Тамақ – ас, тағам, қорек (Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын); саз – сыз; саз – үн, әуен, бірдеменің нақысы; жаулық – кимешектің бір түрі; жаулық – қастандық, дұшпандық (Жаулық салған басына, жаулық қылма қасына); сыр – адамның ішкі ойы, сыр – бояу; жаса - өмір сүр; жаса – бірдемені істе; қыста – мекенді қоныс қыл; қыста – қысым көрсет, қыспаққа (жауапқа) ал; уат – иландыр, қондір (Айғаныс Ілияс жанды уат); уат – ұсақта, майдала, бөлшекте (Айғаныс, қантты уат, Галиаштың тісі өтпей отыр) т.б.

Бұл келтірілген мысалдардың алғашқылары – зат есімдер, кейінгілері етістік омонимдер. Мұндайларға тән ерекшелік: зат есімдер – зат есімдердің күллі формаларымен стістіктер етістікке тән барлық категориялармен бірдей түрленеді. Формалануы, түрленуі бірдей. Сондықтан мұндай сөздер әрқашанда бір-бірімен омоним болады да, толық омонимдер делінеді.

Бұған көз жеткізе тұсу үшін, зат есім омонимдерді зат есімше, етістік сөздерден болған омонимдерді етістікке тән формаларымен түрлендіріп көрсек, олар сол өз категориясына ғана тән көрсеткішті қабылдайды да солайша түрленеді. Мысалдар: Аппақ кардай тамағың; Тамағың ән салғанда бұлкілдеген; Жаса, жаса, көккс өрле... Қайрат жаса құрыштан!

Толық омонимдерге орысша мысалдар: ключ – кілт, ключ – бұлақ, бұлақ көзі; лук – садақ, лук – пияз; вид – түр, тұс; вид – грамматикалық форма аты (совершенный вид); вид – оқу түрі (дисциплины вид (форма) обучения) т.б.

Ағылшынша host – кожа, host – көпшілік, тобыр, plane (плейн) – самолет, plane (плейн) – платон, чинара, saw (so) – ағаш кесетін ара, saw (so) – мәтел т.б. Немісше der Heuer – шалғышы, der Heur – кербез, сәнқой, der lauf – жүгіру,

der lauf – ататын қарудың стволы, der Sckimmel – өңез, зен, көгеріп кету, дымқылдану; der Skimmel – ақ боз ат; der Waise – жетім; die Weise – тәсіл, әліс т.б.

2. *Жартылай омонимдер* – кейбір формаларда ғана бір-бірімен омоним болатын сөздер. Өйткені ондай омонимдер сынарлары бір ғана сөз табынан жасалмайды, әр түрлі сөз табынан жасалуы мүмкін. Дәлденкірек түссек, ондай омонимдердің бір сынары зат есім болса, екінші сынары етістік болуы мүмкін. Мұндайда олар белгілі бір формада ғанабірдей дыбысталады, ал әрсөзтабынан жасалғандықтан, түрленгенде бір-бірімен омоним бола алмайды.

Мәселен, көш – зат есім, көш – етістік. Осы формада атау тұлғада бұл екеуі бір-бірімен омоним. Қаратаудың басынан көш келеді. Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді – дегенде, көш сөзі мен көшкен сөзі бір-бірімен омоним болудан қалады.

Сондай-ақ, той – зат есім, той – етістік, табыс – зат есім, табыс – етістік, желік, айтыс, қыс, ұста, көр дегендер – әрі зат есім, әрі етістік. Сол сияқты құла, торы, қара, жирен, ірі, аш, ауыр – әрі сын есім, әрі етістік, сен – жіктегу есімдігі, сен – етістік, жазық – әрі зат есім, әрі сын есім, тең – әрі зат есім, әрі сын есім. Мұндайлар жоғарыда айтылғандай атау тұлғада тұрганда омоним болып түрленгенде, омоним болудан қалатын сөздер, той тондынікі, тойда тойып алды, құла қасқа алда келе жатыр еді, омақаса құлады т.б.

Орыс тіліндегі оқулықтар авторы (мәселен, В. Н. Перетрухин) дәл осындай омонимдерді омоформалар деп те атайды, бей – зат есім, бей (бить) – етістіктің бүйрек формасы, печь – зат есім, печь (пісіру) – етістік; ағылшынша сап (кән) бірдемені істей ал; бірдемеге дайын болу мағынасында; сап (кән) – бидон (ыдыс); fry (фрай) – құртшабақ, уылдырықтан жаңа ғана шыққан балық, fry – пісіру, куыру; немісше dicht – қалың, тығыз; dicht – толық кірісіп кетті, айналысты мағынасындағы үстенеу; қыска, қысқаша (сын есім); kurz – қысқасынан (үстенеу) т.б.

Б. Н. Головин омонимдердің осы түрін – омоформаларды омоформы, омоморфемы деп, өзара екіге бөледі де, большой сөзі бірде атау септік, бірде творительный падеж, бірде предложный падеж көрсеткіш, ал кино сөзі үнемі бір формада тұрады деген тәрізді мысілдар келтіреді. А. А.

Реформатский, дәл осындай құбылысты конверсия (латынша – қарату, қаратпа) деп те атайды. Реформатскийше, орысша зло – краткое прилагательное среднего рода, зло – үстене, зло – зат есім, бұл үшеуі конверсия.

3. Көп компонентті омонимдер – кейбір сынары толық, кейбір сынары жартылай омонимдер болып келетін сөздер. Орыс тіліндегі оқулық авторлары омонимдердің мұндай түрін жеке алғып қарамайды. К. Аханов мұндайларды аралас омонимдер дең атайды. Шындығында да бұларды аралас деп те, көп компонентті деп те атауға болады: бірдей дыбысталатын бірнеше сөздің бірер қатары – толық омоним, бірер қатары ғана жартылай немесе барлық сынары, түгел алғанда жартылай омоним болып келеді. Мәселен, жаз – зат есім, антонимі – күз, жаз – етістік (хат жаз); жаз – етістік, синонимі – емде (ауруды жаз-смде); жай – жасыл наизағай (зат есім) жай – етістік (дастарханды жай), жай – мекен, орын, тұрак, жай-ақырын, зорға, әзер, қараптан-қарап, бостанбос, жай – кеш (үстене) жай келдің ғой; жақ – анатомиялық атау. Зат есім. Жақ грамматикалық категория аты (I жақ, III жақ), жақ – ұна (етістік), жақ – жандыр (етістік) т.б.

4. Фонетикалық омонимдер (омофондар) – біркелкі айтылып түрлішс жазылатын, мағынасы мән сыртқы тұлғасы басқа-басқа болып келетін сөздер. Мәселен, асшы – ас даярлайтын адам (зат есім); ашы – сын есім, антонимі – тұшы. Екеуде бірдей аиши түрінде айтылады, бірақ жазылуы да, мағыналары да басқаша. Сондай-ақ қара ала – сын есім; қарала – етістік, антонимі – ақта; қара ат – сын есім, қарат – көрсет (етістік); сары ала – сын есім; сарала – етістік т.б.

Орысша бал – би (танцевальный вечер); балл – баға, олшем; косный – кері-тарта, костный – сүйекке біткен (қатысты) ауру; луг – шалғын; лук – пияз; туш – қысқа ғана салтанатты пысса; туш – сияның бір түрі; пруд – тоған; пруд – шыбық; көкшыбық, талшыбық, гриб – санырауқұлак; грипп – ауру аты; порог – табалдырық, босаға, туған ел аға-мекен; порок – ақау, мүкіс; ұят, кемістік, кесел, кесір, бұзакы; рог – мүйіз, керней (музыкалық аспап), рок – тағдыр, жазымыш; везти – апару, алғып журу; вести – жаңалық, хабар, хабар-ошар т.б.

Ағылшынша flour – (флауа) – ұн, порошок; flower – (флауа) – گүл; Key (Ki:) – кілт; quay (Ki:) – жаға, өзен

жагасы; sail (сейл) – парус; sail (сейл) – сату; see (si:) – көрү; sea (si:) – теңіз; right (райт) – право; to write (райт) – жазу (тұйық етістік); to read (ri:d) – оқу (етістік); reed (ri:d) – қант тростнигі; hour (ауә) – уақыт, мезгіл (час); our (әуә) – біздікі (есімдік) т.б.

Немісше der Laib – астық (кравай); der Leib – дене; die Saite – шек (домбыра), гитара шегі; die Seite – бір жак, яғни екінші бір жақтағы; die Waise – жетім; die Weise – амал т.б.

Французша ку – cou – мойын; ky – coup – соққы; ru – ru – жылға; рю – rue – көшс; со – saut – секіріс; со - seat – бакыр, шелек; у – ou (u) – немесе деген сөз; у – ой (u) – қайда деген сөз; бэр – ver – құрт; вэр – vair – белгілі бір түсті ақ тиін терісі; vers – вэр – өлең; verte – вэр – шыны; vert – вэр – жасыл т.б.

5. *Орфографиялық омонимдер (омографтар)* – біркелкі жазылып, екпіннің әр түрлі түсүіне байланысты түрліше айтылатын сөздер. Мысалдар: алма – зат есім; алма – болымсыз етістік; тартпа, кеспе, бөлме, салма – әрі зат есім, әрі етістік; Барса-келмес – жер аты (зат есім); барса, келмес (етістік); Ешкіелмес – жер аты; ешкі өлмес - зат есім мен етістік тіркесінен жасалған анықтауыш; «Қалың мал» - роман аты; алдымызда қалың мал жатыр; бет алды – алдыңғы жағы, келе жатқан, бет түзеген жағы; бет алды – босқа , бекер т.б.

Орысша атлас - атлас (карталар жинағы – жібек мата түрі); замок – замок (бекініс, сарай – құлыш); мука – мука (ұн – азап); берегу – берегу (жағаға, сақтайман, сақтау); дорогой – дорогой (өз жолыңмен жүре бер – қымбат, қымбатты, қадырлы) т.б. Ағылшынша bufet (бафит) – соққы; буфет; bow (boy) – садақ; жұн тұтетін құрал; bow (бай) – ию, илу, сәлем ету, майысу; wound (wu:nd) – жора; wound (ваунд) – керней тартты т.б.

6. *Паронимдер* – дыбысталу жағынан жақын, негізінен бір түбірден өрбіген, бірақ мағынасы басқа-басқа сөздер. Дегенмен кейде ондай сөздердің жазылуы да, мағынасы да біршама жақындал қалуы мүмкін. Паронимдер – орыс тілінде көп; абонемент – белгілі бір жайда белгілі бір затпен белгілі бір уақытта пайдалану (мәселен, абонемент алыш бер – билет алатын қағаз алыш бер); абонент - сол қағаз, яғни абонемент иесі; **идеалистік** – идеализм

принципіне негізделген (бағыт); идеалды – үлгілі, күшті, басым, алып түсетін; парламентарий – парламент мүшесі; парламенттер – келіссөз жүргізуге өкілдік алған адам; эффективный – нәтижелі, тиімді; эффектный – көз тартарлық, қызықтыралық; значение – значимость; оплатить – уплатить; осваить – усвоить; проблемный – проблематичный проблематический; существо – сущность т.б.

Кейбір лингвистер орыс тіліндегі кампания – компания деген тәрізді омофондарды, экскаватор – экскаватор сиякты әр түрлі түбірлерден шыққанмен, дыбысталуы жағынан жақынырақ сөздерді де пароним қатарына қосады.

Орыс лингвистері дыбысталуы жағынан жақын, мағынасы жағынан әр түрлі екі сөзді қатарластыра қолдану тәсілін **парономазия** деп атайды; не глух, а глуп; муж по дрова, а жсна со двора; суд не осуд, а на рассуд; французша – Apprendre hest pas compreanere, немісше - wo der steilhang am Steilsten war т.б. Қазақ тілінде өкімет – үкімет, ғылым – білім ілім, хал – ахуал, халық – халайық, үкім - өкім, суару – суғару, киіз – үй – кигіз үй сиякты бастанқы бір түбірден өрбіген сөздерді де сондай-ақ, Ғабдолла – Абдолла - Эбділда, Ғали – Қали - Әли, Ғайша – Айша тәрізді омомаларды да паронимге жатқызуға болады.

7. **Каламбур** – француздың calembour (сөз әзіл) дегенінен алынған

термин. Ағылшынша бұл құбылысты рин (пан) деп атайды. Лингвистикада каламбур дегеніміз – не біркелкі дыбысталатын, не біркелкі жазыллатын әр түрлі мағыналы ойнақы сөздер, сөз әзілі, сөз қалжыны, сөз тіркестері. Каламбур тіл – тілдің бәрінде бар, әсіресе поэзияда көбірек ұшырасады. А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, В. Маяковский, Д. Минаев, қазақ қаламгерлері С. Торайғыров, Т.Жароков, Х. Ерғалиев, әсіресе М. Әлімбаев т.б. ойды көркем де бейнелі турде жеткізе түсу, күтпеген жерден дәлдей, айқындай кету мақсатымен толып жатқан каламбур жасаған.

Мысалдар: Аяғыңа қарамай, басып алдың кара май (Мәлім); Жадағай сөздің досы емен, Бұл жолы өтпей көшемен, Ауылға бардым – қары алды Былтырғы еккен жас емен (Т. Ж). Дәмді аспен қарным тойса деген арман, Мұршам

аз ой ойлауға онан арман; Қалқам, жаным, карагым, Бетіңе келмес қарагым (Сұлт.Мах); Тағы сынды жан едік, тағы келдік тар жерге, Таңдасаң тағы болар ма?! (М. Θ).

Каламбурда ойды астарлы түрде білдіру, тәпіштей түсу, сүйкей салу, қалай ұқсан, солай ұқ дегендеги иек арта тастау мағынасы басым болады. Каламбур – ойды дәл тауып, әсем де көлістіріп жеткізуғе себеші құралдың бірі.

Қазақ тілінде каламбур кез келген сөз табынан, біркелкі айтылатын, жазылатын сөздерді басқа-басқа мақғынада қолдану арқылы жасала береді. Мысалдар: “Қайрат” біздің етті қайрат, Аңы терін төкті «Қайрат», «Сыннан сынбай» етті «Қайрат!» (Θ. Т.) Ауыр екен қап, эттеген-ай, қаш! Ескек ескең Есентелді ағамыз, Асая Ертіс жағасында ағамыз (Мәлім).

Каламбур омонимнің барлық түрінен жасала береді: Қас batыр атты Жауына шапты. Біреуін атты, біреуін шапты, Қашқанын түйреп, Сасқанын сүйреп, Жыртқызып жесенді, Ақыры жесенді (Мәлік).

Каламбур кейбір сөзді әр түрлі саққа жүгірту, сөз мағынасын әдейі саналы түрдебұрмалау, кейде орфоэпиялық нормасын әдейілеп бұзу, сөзге ойыны-шыны аралас мән беру, кейде сөзге өзінше, өзіндік, «жалған» этимология – түсінік беру тәсілдері арқылы да жасалады; өтірік өлеңдер де каламбур тұғызуға себепші болады.

Мысалдар: Үшінші фермадағы Кемпіrbайдың сумұрын қатыны былтыр қызын ұзатқанда: «Сонау Шымкентке барып ырыстырандатып (ресторандатып дегені - Э. Х.) қайтты!» деп шал – қақсамады ма... Соғұрлым болмағаным ба? Ол Шымкентке барып ырыстырандатса, мен Алматының өзінде ырыстырандатам. Оның байы шабан болса, сен де шабан!

Кім деп отырсың мені?! Мұрныңды көтеріп көкиме! Сенің қолындағы анау алтын-күміс менде де бар. Бір шанаң болып үйде босқа жатыр. Мойынға салам десем, қара күшік те, қара қозы да бізде! («С. Қ.»).

Көлеңкені сойып жедім, Бір жегенде тоғып жедім.

Кызыл етке қарады да, Содан бері қойып едім...

Тауық саудым, тауық саудым, Ең сүттісін тауып саудым.

Балқаймакқа бекітірдім мен талайларын тамақсаудың
(Мәлім).

Кейбір жанылтпаштар, сөз ішіндегі біркелкі буындар мен ұйқас түрлері каламбур жасауға себеп болады: Шеше, кеше, кесе, сынды неше? (Мәлім). Талғамайтын бол кеттік буынды біз, буынсыз бол туып жүр туындымыз. Ақбұлактар, болмаса, көп бұлақтар, кейде өлең бол кетеді «төртқұлақтар». Көк жиекті көре алмай алдындағы қоятын бар леп белгі, көп сұрақтар (?) (А. Т.).

Жұртым-ау! Қамар қандай, Нұрым қандай!

Құрым сақал қоқыған мұрын қандай!

Нұр шашып, жалт-жұлт етіп жайнаған жұз

Қараши бүгін қандай, бұрын қандай (Сұлт. Мах.)

Каламбурмен жігі ажырамастай ұштасып жататын құбылыс – паронимдер мен пародиялар. Пародия – көркем шығарма, әсіресе поэзияда бір әдеби геройға, жанрға, ақын-жазушыға әзілдей еліктеу. Осындай ауыспалы ой желісінен кім және не туралы айтылып отырылғандар түсініктемесіз-ак ұғынылады.

Пародияның жақсы бір үлгісі – Илияс Жансүгіровтің Сәкен Сейфуллинің елу жасқа толған мүшелі тойына арнап жазған өлеңі:

Шырқа, шырқа, кекке өрле,

Қыран «Қызыл сұңқарым!»

Қуанамын бәйгіне

Тартаң «Асау тұлпарым!»

Жас күніңен жайсан тай.

Ұлы дуда жарыстың.

«Тар жолдарда» тайсалмай,

Жау қолында алыстың...

Алуан әсем күйменен

Әндеттің «Сыр сандығың».

Тәтті ой, өткір тілменнен

Кең даланы жарды үнің!

Мұндағы «Қызыл Сұңқарлар», «Асау тұлпар», «Тар жол» (тайғақ кешу), «Сыр сандық» – Сәкен шығармаларының аты.

Каламбур орыс тілінде де көп: Защитник вольности и нрав, В сем случае совсем не прав; Взять жену без состояния – я в состоянии, но входить в долги для ее тряпок я не в состоянии; Что же делает супруга. Одна в отсутствии супруга (Пушкин);

Сергеев – Ценскийдің «Севастопольская страда» атты романында мынандай диалог бар. Диалог Николай I патша мен юнкер арасында болады:

- Откуда идешь так поздно? – спросил его царь.
- Из депа, ваше императорское высочество! – громогласно ответил юнкер.
- Дурак! Разве «депо» склоняется! – крикнул царь.
- Все склоняется перед вашим императорским величеством! – еще громче гаркнул юнкер. Этот ответ понравился царю... Он вообще любил, когда перед ним склонялись...

§ 9. Фразеология және фразеологиялық единицалар

Фразеология – лингвистиканың үлкен бір саласы. Кейбір ғалымдар фразеологияны жеке пән деп те атап жүр. Олай деудің мән-мағынасы бар. Өйткені тіл-тілде фразеологияға қатысты мәселелер ұшан-теніз дерлік. Жеке пән деп атасақ та, лингвистиканың үлкен бір саласы деп атасақ та – бәрібір: фразалардың тілде атқаратын рөлі айрықша.

Фраза (гректің *phrases* – сөйлемнің мағыналы сөзінен алғынған) – сөйлеудің ең бір қысқа, әрі бүтін бір единицасы. Дәлденкірей түссек, фраза – тіл-тілде сөйлеудің (речь) ең бір мәнді де тұстастай қалыптасқан тізбектері мен тіркестері. Ондай тізбек пен тіркестер кем дегенде екі сөзден құралады, бүтіндей бір сөйлем болуы да, бірнеше сөйлемнен құралуы да мүмкін. Сондыктan фраза – сөйлеудің, яғни қарым-қатынас құралының ең бір мәнді единицасы деуге де болады. Осылай орай, фраза деген сөз фразеологиялық тізбектер (единицалар) ерекшелігін тұстастай қамтығанда, «сөйлем» деген терминмен пара-пар деуге болады.

Мәселен, сүттен ақ, судан таза; ақша беті; қызыл жұз, аузы алты қарыс; дырдай жігіт; қыпша бел; қиғаш қас; аузынан сұы құрып жүр т.б. – тұрақты тіркестер яғни фразеологиялық единицалар.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: фразеология – белгілі бір тілдегі сөздердің тұрақты тізбектері мен тіркестерін, яғни фразеологиялық единицаларды, фразаларды зерттейтін ілім.

Фразологияға қатысты терминдер де көп кездеседі: идиома, тұракты тізбек, тұракты тіркес, фразологиялық тұтастық, бірлік, екпін, оралым, фразеограмма, фонемалық фраза, фразеологизм т.б.

Кеңес лингвистикасында фразеологияға арналған зерттеулер мен басылып шыққан еңбектер көп. Кеңес лингвистикасында фразеология туралы ілімнің дамуына үлес қосқан ірі ғалым-академик Виктор Владимирович Виноградов. Бұл кісі Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары фразеология жөнінде проблемалық маңызы бар бірсыныра еңбек жазды. Мұнымен бірге А. И. Молотковтың редакциясымен жарияланған төрт мыңнан астам сөздік мақала бар «Фразеологический словарь русского языка» (1968) атты, Бабкин мен В. В. Шендельстің «Словарь иноязычных выражений и слов» (1981), Н. Н. Амосованың «Основы английской фразеологии» атты кітаптарын да атаған жөн. Ұлттық ғылым академиясының академигі I. Кенесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (1977) – қазақ лингвистикасының үлкен табысының бірі.

Фразеология және оның зерттейтіні – фразеологизмдер мәнін түсіну үшін, тұракты тізбек, тұракты тіркес және сөздердің еркін тіркесі деген ұғымдарды білу, бір-бірінің айырым белгілерін айындалп ұғу керек, олардың бір-бірінен ерекшелігін аңғару қажет.

Мәселен, Ілияс Жаныбектің екі езуін айырып жіберіпті, ал Айғаныстың екі езуі екі құлағында, Нұрбол болса – ат құлағында ойнап жүр – десек, осындағы ерекшелептерілгендер – тұракты тізбектер, яғни фразеологиялық единицалар.

Жаныбек үйге кірісімен екі езуін бірдей көрсеттің еді, карасақ, – дәрігерге апару керек екен... Айғаныстың екі құлағы бірдей, атасынікіне тартқан, – нағаз қалқанқұлақ... Нұрбол: Мен ат құлаған жемеймін, қозы құлағын бер!.. – деді де, отырып алды...

Бұл мысалдардағы екі езуі, скі құлағы, қозы құлағы – еркін тіркестер. Алғашқы топтағы тізбектердің орнында, сөздерін де ауыстыруға болмайды; соңғы топтағы тіркестердің сөздерін де, орындарын да басқа сөздермен алмастыруға болады.

Фразеологиялық единицаларды бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударуға болмайды, сол тілде бар баламасымен

ғана жеткізу керек; сөзбе-сөз аударылса, ондайлар тұрақты тізбек болудан да қалады, ой мағынасы мұлдем өзгеріп кетуі де мүмкін.

Мәселен, аузының сұы құрып жүр; мұрның көкке көтеріп жүр; мұртың балта шашпайды; тауы шағылып қалды; ұнжырғасы түсті; кежегесі кейін тартты; түлен түтіп отыр; қой үстіне бозторғай жұмыртқалайды т.б. дәлме-дәл орысшалауга келмейді.

Фразеологиялық единицалар түрлерін әр түрлі топтастыруышылық бар. Дегенмен, сайып келгенде, лингвистер оның негізгі төрт түріне тоқталыңқырайды: фразеологиялық тұастық немесе идиома, (фразеологические сращения немесе идиома) , фразеологиялық бірлік (единство), фразеологиялық тіркес (сочетание) фразеологиялық сөйлемше (выражение).

Фразеологиялық тұастықтар (немесе идиомалар) – семантикалық жактан бөлініп ажырамайтын, біртұтас мағынасы құрамындағы сыңарларының (компоненттерінің ішіндегі сөздерінің) негізгі, номинативті мағынасынан мұлдем алшақ, мұлдем басқа мағына беретін тізбектер. Мысалы, жүрек жалғау; жүрек жұтқан; жүрегінің түгі бар; аузы-мұрны қисаймастан; аузынан ақ ит кіріп қара ит шыкты; үріп ауызға салғандай т.б.

Фразеологиялық бірліктер – құрамындағы кейір сыңарлары мағынасынан бүтіндей тіркес мағынасы аңғарылатын тізбектер. Мысалдар: ауырдың үсті, женілдің асты; түймедейді түйедей ету; тайға таңба басқандай; соқырға таяқ ұстатқандай; тамырына балта шабу; мақтамен бауыздау т.б.

Фразеологиялықтіркестер–құрамындағысыңарларының мағыналары түсінікті, бірақ тілде тек сол қалпында ғана жұп жазбастан қолданылатын тізбектер. Мысалдар: аскар тау; айдын шалқар көл; ата мекен; қыпша бел; киғаш қас; су жаңа; сұттен ақ, судан таза; су қаранды.

Фразеологиялық сейлемшелер – семантикалық жактан бөлуге болатын, сырттай қарағанда, еркін тіркес сиякты болып келетін, бірақ тілде сол қалпында қалыптасқан тізбектер. Бұл топка жататындардың басым көпшілігі мақалдар мен мәтелдер, нақыл сөздер, қанатты сөздер, афоризмге айналып кеткен тіркестер. Мысалдар: Айдағаның

– жалғыз ешкі, ысқырығын жер жарады; шегірткеден корыққан егін екпес; көрпеңе қарай көсіл; өгізге өк деген - өлім.

Бұл топтың ішіндегі кенірек тарағандары – мақалдар мен мәтелдер. Белгілі ғалым-ақын М.Әлімбаев мақал-мәтелдерге мынандай анықтама береді: Мақал дегеніміз – өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін, бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысында шарт немесе жалпы пайымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтатын, бітімі бекем, өте ықшам, бейнелі әрі ырғақты халық накылы. Мәселен, мезгілі жетсе, мұз да ерір; ер жігіт үйде туып, түзде өлер т.б.

Мәтел дегеніміз – халық арасына кең тараған, қорытындысы болмайтын, тұжырымы тиянакталмаған, қарама-қарсы шенденестіруі жоқ, ықшам кестелі халық сөзі. Мәселен, көппен көрген ұлы той; апама жездем сай т.б.

М. Әлімбаев мақал-мәтелдер жөнінде бірнеше жинақ шығарып, зерттеу жұмыстарын жазды: «Маржан сез», «666 мақал мен мәтел», «Мақал – сездің мәйегі», «Шығыс халықтарының мақал-мәтелдері», «Ер айнасы – еңбек», «Мақалнама», «Денсаулығынды ойласан», «Орыс халқының мақал-мәтелдері», «Өрнекті сез – ортақ қазына», «Халық – қапысыз тәрбиеші» т.б.

Халық мақал-мәтелдерін қазақшаға аудару – үлкен өнер. М.Әлімбаев сондай аудармалардың кейбір жақсы ұлгілерін келтіреді: жалғыз ақыл жақсы, бірақ екеу болса, бекем болар (ум хорошо, а два лучше; М.Әуезов аудармасы); каламның ұшында найзаның сұзы бар (на кончике пера – сила меча); тіл – тіліп тұсер наркескен, сез – өткір жебе тау тескен (язык – это секущий меч, слово – это пронзающая стрела); Сәуір – суымен, Мамыр – ғұлімен (Апрель с водою, а Май с травою); тауық – құс емес, жалқау – кісі емес, бос сез – іс емес (курица – не птица, лодырь – не человек, болтун – не работник); жұмыла көтерген жүк жеңіл (дружно, да не грузно); алып кеме алысқа жүзер болар (большому кораблю – большое плавание); үйренгім келмейді, үйленгім келеді (любви все возрасты покорны - Пушкин); қызметтің жөні бір басқа, достықтың жолы бір басқа (служба – службой, дружба – дружбой) т.б.

Неміс мақал-мәтелдері: «А»-ны айтсаң, «б»-ны да айт; өмірдің тәттілігін өлерінде білерсін; қартайған уақытша үйленеді; шошқаға алтын жапсаң да, – шошқа; өсер елдің ақыны көп, өшер елдің әкімі көп; қысқа сөз – қымбат сөз; асыл сөз арнап берген сыйдан артық т.б.

Ағылшын мақал-мәтелдері: тіазар істі тілімен тындырады; акылды пікірінен қайта алады; қас дұшпаның сый ұсынса – хаяїптен; бүгін ойлап, ертең айт; жының ұстаса – жүзге дейін санап шық; сыз семсерден бетер сілейтер; табандылық – табыс кілті т.б.

Француз мақал-мәтелдері: ашуға жендерген әділ бола алмас; акылдылар алдына акымақты ертіп барма; жақсылықты білмеген – жалмауыз; қараңғылық қара түннен де сорақы; суайттың сыры көзінде; татымсыз көже таусылмас; адам алғаш алданса, алдағанның айыбы, қайта алданып қор болса; иесі құтылғысы келсө «жітім құтырды» дейді т.б.

Фразеологиялық единицалар түрлі-түрлі себептер нәтижесінде пайда болады. Соны бірі – фольклор, халықтың бай ауыз әдебиеті нұсқалары, мифология, қиял-гажайып көріністер: жатқанға жан жуымас; көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра; өзін көр де, ісін көр; басы ауырмаданың құдаймен ісі жоқ; жамансыз жақсы жоқ.

Кейбір фразеологиялық единицалар белгілі бір кәсіп, мамандық жаргондарынан, сойлеу тілдерінен енеді: довести до белого каления (ұсталар жаргоны); на всех парусах (моряктар, тенізшілер сөзі); попасть в тон, пустить петуха (музыканттар, әншілер сөзі); студент способен за одну ночь овладеть китайским языком (студенттер өмірінен) т.б.

Кейбір ғылыми-публицистикалық, саяси және көркем шығармалар афоризмдері фразеологиялық единицаға айналып кетеді: «Лучше меньше, да лучше» (В.И.Ленин); «Человек – это звучит гордо» (Горький); «Любви все возрасты покорны» (Пушкин).

Абай сездері мен өлендерінің көшілігі афоризмге айналып кетті: Бакпен асқан патшадан мимен асқан қара артық; сақалын сатқан кәріден енбегін сатқан бала артық; талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым – ойлап қой, - Бес асыл іс көнсөніз: тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, – Аздырар адам баласын т.б.

ЭТИМОЛОГИЯ

Этимология (гректің *etymologia* – ақиқат, шындық туралы ілім деген сөздерінен алғынған) – тіл білімінің жеке сөздер мен морфемаларының шығу тарихын зерттейтін саласы. Этимология – этимондар, яғни сөздің ақиқат мәні, мағынасы туралы ілім деп те айта береді. Сөз тарихы, мағынасы тіл тарихымен, сол тілді жасаушы, қолданушы халық тарихымен тығыз байланысты болады дегенбіз. Халық өмірінде, халық түрмисында бар нәрсе сол халық тілінен орын алады. Мәселен, солтүстікте саамдар (лопар халкы) тұрады. Жері сүйк. Мұз бен қар аралас. Мұздан басқа тау деген жоқ. Соған орай, саамдарда мұз түрін білдіретін – 20 шақтың сөз, сүйктың қандайлықты екенін байқататын (айтып жеткізетін) – 11 сөз, қардың түрін білдіру үшін жұмсалатын 41 сөз бар екен.

Сөз тарихын зерттеу – қызық құбылыс. Сөз сырын білу үшін асқан шыдамдылық пен терең білім қажет. Бұл жөнінде Маркс пен Энгельс – лингвистер үшін ұлы үлгі-өнеге. Мәселен, Маркс пен Энгельстің бір-біріне жазысқан хаттарында тілдің шығуы, тілді зерттеу методы, кейбір грамматикалық формалардың дамуы, қолданылуы, санскрит, ағылшын, гот, литва, герман тілдерінің бірнеше сөздерін салыстырған этимологиялық зерттеулер көптеп кездеседі.

Фридрих Энгельс біраз сөздің мән-мазмұнын, семантикасын, этимонын ашып та берген. Энгельстің айтуынша, халық тілдерінің бәріне де тән әке, апа, ұл, қыз, аға, іні, немере, жиен, нағашы т.б. – орынсыз айтылған атаулар емес, алыс, жақындық жөнінде, қандас, бауырластықтың бірдейлігі, бірдей еместігі жөніндс іс жүзінде үстем болып отырған көзқарасты көрсеткендік. Кейбір сөздер мағынасының кеңеюі, қайдан, қалай шыққаны Ф. Энгельс еңбектерінде тәптіштеліп баяндалады: фамилия (ағылшынша семья) деген сөз – римдіктерде алғашқы кезде құлдарға ғана айтылатын сөз; *familus* – үй құлы, ал *familia* – бір адамның қолына қарайтын құлдардың жиыны деген сөз. Энгельстің айтуынша, бұл – егіншілік кәсібі еніп, құлдық

заңды болып орнағаннан кейін, итальяндықтар гректерден бөлініп шыкқаннан соң пайда болған сөз. Сондай-ақ, казіргі сенат сөзі ертедегі римде ақсақал, ақсақалдар кеңесі дегеннен шыққан; қазірде мағынасы кеңейген. Маркс пен Энгельс сөздердің атауы мен оның жаратылысында ортақ ештеңе болмайды деп үйретеді.

Қазақ тіл білімінде этимологиялық зерттеулер соңғы жиырма шақты жылдан бері ғана қолға алынып келеді. Соның бір айғағы – «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (Ғылым., 1966). Бұл сөздікте 337 сөздің этимоны талданған. Олардың қөвшілігі – қазақтың тол созі; сөздікте иран, араб, монғол, орыс т.б. тілдерден енген біраз сөз беріледі: іш-тон – орыс тіліне – штан болып, чуен, шовген, шойын – чугун болып, йулук, шұлық сөздері чулок, чулки, татардың ортақ ел сөзі – артель боп кіріпті. Сөздіктің авторларының айтуынша, қазақтың тайпалық дәуірдегі кейбір сөздері қос сөздер сыңарының бірінде сакталыпты: тоқты-торым, қыз-қырқын т.б.

§ 10. Ғылыми этимология

Этимология, негізінен екі салаға бөлінеді: ғылыми этимология, халықтық этимология. Ғылыми этимология – сөз төркінін, морфемалар тарихын, дамуын дәл анықтап, көз жеткізсе, қоюлғанда сөздің түсіндіру. Ал халық этимологиясы, жоғарыда айтқанымыздай, кейбір адамдардың кейбір сөз мағынасын өзінше түспалдап, өзінше тошылау жасап түсініктеме беруі.

Ғылыми этимологиялық зерттеудерде белгілі бір сөздің – морфеманың алғашқы мағынасын, сырын, қандай өзгерістерге түскенін айқындау үшін бес түрлі принцип – зерттеу тәсілі қолданылады: генеалогиялық принцип, фонетикалық принцип, морфологиялық принцип, семантикалық принцип, этиологиялық принцип. Бұлар бір-бірімен тығыз байланыста болады, бір-бірін толықтырып отырады. Бұлар тарихи фонетикамен, тарихи лексикологиямен, семасиологиямен, ономасиологияның барлық салаларымен, тарихи грамматикамен де қоян-қолтық

бірлікте, байланыста болады. Дегенмен, этимологиялық бес принциптің әрқайсының сөл де болса өзіндік ерекшелігі де бар.

Генеалогиялық принцип – жүйелілік принцип деген сөз. Бұл принцип бойынша сөз төркінін айқындағанда, тілдердің генеалогиялық классификациясына сүйеніледі, тілдердің туыстығы еске алынады. Мәселен, қазақ сөзінің бірінің шығу жайын қазақ тілімен туыстас қырғыз, ұйғыр, әзіrbайжан, чуваш, тува, якут т.б. тілдердің материалдарын салыстыра, соларды ескере отырып іздестіру керек. Сонда ғана сөздің жалпы мағынасы айқындала түседі, комескі мағынасының сырты ашылады.

Мәселен, жоғарыда қазақта тоқты-торым, қыз-қырқын тәрізді қос сөздерді келтірдік. Осылардағы тоқтысы, қызы, түсінікті; торымы мен қырқынының не екенін скінің бірі біле бермейді. Сөйтсек, торым – көне түркі тілінде түйенің ботасы; монғолда торым – тайлақ деген сөз; чувашта қырқын – қыз деген сөз.

Сол сияқты, ұзын-тұра дегенде, тұра – монғолша туруу (тұяқ) деген сөз; байқап қарасақ ұзын-тұра, «ұзын тұяқ» дегендегі болып шығады; қызыл шақа, бала-шаға дегендердегі шақа, шаға – әзіrbайжан, түрікмен тілдерінде сәби, кішкентай бала деген сөз: жора-жолдастағы «жора» – қырғыз тілінде жолdas; жамау-жасқау дегендегі жасқау – монғолша жамау деген сөз; қуғын-сүргін дегендегі сүргін – әзіrbайжан, түрікмен тілдерінде қуғын мағынасында; соқыр адамды су қараңғы дейді қазақтар. Қарағы – көне түркі тілінде шынында да соқыр деген сөз екен т.б.

Кейбір сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, тұрақты тізбектер құрамында да түсініксіз сөздер кездеседі. Ондайларды да туыстас тілдерден іздестірсек, мағынасы айқын болып шығады. Мысалдар: қол қабыс дегендегі қабыс – хакас тілінде көмек, жәрдем; сеспей қатты дегендегі сес – түрікмен, әзіrbайжан, хакас тілдерінде үн, дыбыс, сыйыс; каруы қайтты дегендегі қару – ұйғырша жауабы, ессі деген сөз; қылдырықтай болып қатып қалыпты дегендегі қылдырық – бидайдың қабығы, кебегі деген сөз; шыр жұқпайды, шыр бітпейді дегендегі шыр – май (май жұқпайды, семірмейді) деген сөз; кежсем кейін тартып түр дегендегі кежеге – желке деген сөз; көктемде жілік жүгіреді, күздс күлік

жүгіреді деген мәтелдегі сәйгүлік, сайгулік аттың аты, жүйріктің жүйрігі, асылдың асылы деген мағынада; күлік, кулуг – казак, қырғыз тілдерінде жүйрік деген сөз; ел жатса да, енекем жатпайды деген жұмбактың шешуі – сиырдың мүйізі. Үйғыр, тува, қарачай, балқар тілдерінде енеке – сиыр деген сөз. Бұл мысалдар – сөз этимонын айқындағанда туыстас тілдер фактілерін ескеру керектігінің бір дәлелі.

Фонетикалық принциптің мәні – сөздің шығу тегін, төркінін айқындағанда, тағы да туыстас тілдерде қалыптасқан дыбыстық заңдылықтарды, сәйкестіктерді, ұқсастықтарды ескеру қажет деген сөз. Мәселен, қазақ тілінде сөз соны у дыбысына бітіп отырады: тау, бау, су т.б. Үйғыр тілінде керісінше – тағ, әзіrbайжанша, түрікменше, туваша – дағ. Қазақ тілінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді, ал қырғызда ол – зан; тау – too, болмайды – болбоит т.б. Сондай-ақ, қазақша ж дыбысынан басталатын сөздер кейбір туыстас тілдерде й-ден басталады: жыл – йыл, жас – йаш, бас-баш, бош-гөш, т.б. Қазақ сөздері көбінесе с дыбысына аяқталса, кейбір тілде сөз ш дыбысына бітіп отырады; орыс тілінде бес (беситься, бешенный) жүгіру, шайтан сияқты, жындану, алас ұру деген мағыналарында қолданылады; ал орыс тілімен туыстас украин тілінде бег (бегать), бес сөздері біг, біс болып айттылады; мағыналық жақтан айырмашылық жоқ.

Оқулық авторы В.Н.Перетрухин орыс сөздерінің кейбірін туыстас славян және индоевропа тілдері мысалдарымен салыстыра отырып, кейбір ортақ сөздер этимонының дыбыстық ұқсастықтарын толып жатқан мысалдар арқылы түсіндіреді. Мәселен, орыс тіліндегі бес, бег, дед сөздеріне украин тілінде, жаңа ғана айтканымыздай, біг, біс, дід сөздері сай келеді еken; жалпы славян тіліндегі бес сөзінің литван тіліндегі дыбысталуы – *baisa*, мағынасы – қорқыныш; *baisus* десе, керемет қорқынышты, жиіркенішті мағынаға ие болады. Сөйтіп, сайып келгенде, орыстың бес сөзінің түпкі төркіні – қорқыныш, сүмдық пәлекет дегенге саяды; бұл сөз орыстың боязнь, бояться сөздерімен төркіндес болып шығады.

Морфологиялық принцип бойынша сөз, морфема, этимонын, даму, өзгеру жайын анықтағанда, тіл-тілдің сөз тудырушы, сөз өзгертуші элементтерін салыстыра зерттеу

жағына көбірек коңл болінеді. Онда да туыстас тілдер жайы ескеріледі, солардағы бар формалар карастырылады. Мәселен, ертеде индоевропа тілдерінде сөздердің көпшілігі үш морфемадан құралыпты: бірінші – түбір; екінші – жүрнақ, үшінші – жалғау. Бұл – ол кез үшін бұлжымастай заң; келе-кеle бұл шарт бұзылған. Ал қазақ тілінде кейбір сөздер қазіргі кезде не түбір, не қосымша дей аларлықтай ажыратылмай, бүтін бір түбір сөз қалпына айналған: жалғыз, жалқы, жалаң, өксі, өкір, қайт, қайыр, оян, ояу, той, тоқ, қисық, кисай, қиғаш, қыңыр т.б. (К.Аханов). Бұл сөздердің алғашқы түбірі – жал, қай, қы, ки; көмекші морфемалары қыз – ғыз, қы, ан, қай, сық, ғаш т.б. Бірақ қазірде негізгі морфема мен комекші морфема (түбір мен қосымша) бірігіп-кірігіп кеткен.

Семантикалық принцип бойынша да белгілі бір сөздің туытас, тіпті туыстығы алыстау тілден аудықсанда, оның мағыналық жақтан кейбір өзгеріске түсуіне нesmесс жақындығы ескерілуінс көніл бөлінеді. Ондай сөздердің дыбысталуы басқаша, ал бірақ мағынасы сай келуі ықтимал. Мәселен, Кежегем кейін тартып отыр, кейін тартып жүр дегендегі көжетем туыстас тілдерде дәл желке мағынасында, бір нәрсені дауаламай, соған ықыласым, ынтызарым болмай деген тәрізді мағынада; сағы сынып жүр; сағы сынып қалды десек, көңілсіз, беті қайтты, беттей алмай қалды, жасканып қалды мағынасында; осындағы сағы – хакасша қүш, қуат, әл мағыналы сөз; саам сыйхты – әлім бітті; сағ чох – күш жоқ дегенді білдіреді; қазақша сақай-сақаю – күшею, тәуірлену, ірілену мағынасына да ие болған.

Орыс тілінде лебедь – аққу сөзінің негізі, түбірі – леб; ель – жүрнақ; леб түрінің алғашқы мағынасы, этимоны – ақ (белая) деген сөз. Леб түбірінің арғы тегі – ертедегі славян тілі. Праславянша сөз түбірі – *eld*; грекше бұл соз – *alphos* (белое пятно – ақ дақ) деген сөз; латыниша *albus* – ақ; немішше – Эльба, чехша – *laba* (ақ). Сонда бұл сөз ақ деген мағынадан аққудың түр-түсіне қарай агаудан шыққан болады. Бұл – сөздің семантикалық жағын ескеру үлгісінің бірер ғана мысалы.

Этимологиялық принцип (гректің *aitia* – себеп, себептілік мағыналы сөзі) нақты бір сөздің нақты қандай жағдайларға, қандай себептерге байланысты шыққанын терен де жан-

жакты білуді кажет етеді. Осыған орай, этимология тарих, этнография, археология, фольклор және басқа ғылымдар деректерін де арқау етеді, соларды басшылықта алады. Мәселен, қазақ тілінде етік тігетін біз сөзінің алғашқы дыбысталуы бігіз екенін айтқанбыз. Бұл форма бірсыныра тілде сақталған. Ал осы сөздің түпкі мағынасы мүйіз (орысша рога) сөзімен байланысты екен; соған қарағанда, біз алғашында мүйізден жасалуы да ықтимал. Мүйіз сөзінің көне формасы – мұнұз ұйғыр тілінде сақталыпты. Алғашқы *bīgīz* – *mīgīz* кейінгі мүйіз формалары мен мағыналы сөз қазіргі қазақ тілінде біз болып ықшамдалған.

Ағылшын тілінде Alsation (қарыздар) деген сөз бар. Бұған бір синоним ретінде эльзасец – эльзастық сөзі қолданылады. Эльзас – Лондондағы квартал аты. XVI - XVII ғасырларда ұры-қарылар тұратын мекенге қарыздарлар да (должники) барып панарап жүреді екен. Бірак Alsation сөзі эльзастықтардың бәрі шетінен қарыздарлар дегеннен емес. Эльзас, яғни Alsation кварталы деген мағынаға байланысты шығыпты.

Сөйтіп, бұл айтылғандардан шығатын бір қорытынды: лингвистиканың негізгі объектісі – ғылыми этимология. Әйткені ғылыми этимология тарихқа, ақиқатқа, шындыққа негізделеді, сөз мағынасын дәл түсіндіріп, айқындайды. Ал этимондар сырын ашу онай емес. Қыр-сыры мол сөздер тілтілде өте көп. Олардың көпшілігінің қалай, қайdan шыкқаны – күні бүгінге дейін жұмбак. Дегенмен лингвистер мұндай мәселелерге айрықша назар аударуда.

Мәселен, қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов қазактың кейбір сөздерінің этимонын, семантикасын ашуға көніл бөлген. Шоканиң айтуынша, қазақтағы аластай ерте заманда пәле-жаланы, зұлымдық-жауыздықты от арқылы, отпен үркітіп-қорқытып қашыруға байланысты шыкқан; қорқытып көшіру сеніміне байланысты туған; қазакта баласын айналайын деген сөз о баста жас нәрестесі ауырған әкенің өз белбеуін өз мойнына салып, не істерге білмегендіктен, не жәрдем беререп амалын таппағандықтан, шарасыздықтан өз үйін өзі айнала беруіне байланысты шыкқан. Келе-келе бұл сөздердің мағынасы кенеje түскен: аластай – қуып шығу, көзін жою, жоғалту, құрту, бездіріп жіберу, қайтып жоламастай сту дегенлі білдірсе, айналайын

– өте жақсы көру, мейірлену, құптап-қолпаштау, тәтті сезімін, шынықыласын білдіру мағынасында қолданылатын болған.

Ғылыми этимологияның объектісі – кейбір жеке сөздер, кейбір ономалар т.б. этимоны. Мәселен, абжылан дегенді кейбірсулер су жыланы дегі түсіндіреді: аб – парсыша су. Шындығында, абжылан – улы жылан деген сөз: якут тілінде аба, ап-у-ащы дәм, суда өсетін улы шөп тамыры; сикыр тылсым, арбау, жадылау, бас айналдыру; адактау сөзінің түбірі – адак. Бұл – монголша адағ – бір нәрсенің соны, ақыр аяғы; алтай тілінде – төменгі бөлік; әзіrbайжанша адахшаг – баланың бірінші қадамы.

Алаш деген сөз туралы академик В.В.Бартольд: «Алачи» – кісі өлтіруші деген сөз дейді. Алаш туралы Абай да жазған: ... «Қазақ ханы Ахмет қалмақты көп қырыпты, көп шауыпты. Қалмақ ракымсыздығына қарай мынау бір алашы болды ғой, – депті «жан алушы» болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атанипты». Бұл сөзге Сәкен Сейфуллин де түсінік берген: «...Калай болғанда «алаш», «алашы», «алаша» дегендер – бір сөз; қалмақ, монгол тілдерінде «кісі өлтіргіш», «қан құмар», «жау» деген сөз екендігі дұрыс». Өзбек тілінде алаш – «сабау» деген мағынаны, монголша – «жендет», қалмақша «қанішер» деген мағынаны білдіреді екен.

Жазушы Р.Токтаровтың түсіндіруінше құман (кумандар) аты – немістің ман (адам) деген сөзі мен құ (акқу текстес адам), аққу текстен шыққан; «Құдатқу білік» – құдышетке жету тәсілі жайлы ілім; аққу – қазіргі алтай тілінде ак сипатты, инабатты адам; қымыз – тәңірі сусыны; құрылтай – тәңірі талкысы; құт – жан, өмір құші; қытай – асыл жібек; құзғын – қудың азған түрі, өлімін ешкім көрмеген құс; шебер – сак; Сахара – сактар мекендеген дала, ку дала, ку медиен, ку сахра; сака – құлжа, мықтылықтың белгісі т.б.

Кейбір медицина терминдерінің этимоны да қызық: тіл түрғысынан қарасақ, орыс тіліндегі сон мен спать (үйықтау) сөздері төркіндес; немісше шляfen, софа сөздерімен орыстың «слабый», «слепой» сөздері жақын; ал ертедегі грек тілінде хюпнос (қазіргіше «гипнос») сөзі сон (үйкү) дегенді білдірген; темперамент және температура сөздерінің түбірі – темперо: әлін білу, байқау, шектен

шықпау, жұмсарта, байланыстыра, араластыра, лайықтай білу деген мағынада; хиургия – грекше қол жұмысы деген екі сөзден құралған; хейр – қол, жұмырық, жан-жағы, жақындық, күш, өктемдік деген, эргон – энергия, организм деген сөз; ертедегі гректерде хиургия – медициналық термин ғана емес, кез келген қол жұмысы деген ұғымда жұмсалған; шприц – медициналық аспап-құрал аты; бұл шпроты (балықтан жасалған тағам) сөзімен байланысты шыққан неміс сөзі; алғашқы мағынасы бойы өссін дегенге келеді.

Жер-су, елді мекен аттарына байланысты этимондар қырсыры да өте көп. Қазақ жерінде Ақтау, Қаратай, Қаратал, Аксусиякты мағынасы түсінікті атаулармен бірге Нарынқол, Қарақол, Тұрген, Абыралы, Нұра, Алтынемел; Қотанемел тәрізді қазіргі кезде алғашқы мағынасы ұмытылған атаулар да бар.

Арғы тегі мен этимондарын салыстыра, қарастыра келгенде, нарын – қырғыздың еттен өте ұсакталып, туралып жасалған ұлттық тағамы; әзіrbайжанша нарын – ұсақ, ұсақталған, ұнтақталған, жақсылап түйілген дегенді, түрікше – жінішке, жұқа, нәзік, көрікті; монғол, қалмақ, бурятша – саран, қатты деген мағынада; ол қол – гол – монғолша ойпат, өзен деген сөз. Сонда Нарынқол, Қарақол – жінішке өзен, ойпат, аңғар, қара ойпат, өзен деген сөздерден алынған болады; Тұрген – жылдам, шапшан, тез ағатын өзен; Нұра – монғолша нуур (өзен); Абыралы – тува тілінде абыра – қорға, қалкан бол, бөгет, тоқсауыл дегеннен, емел монғол, бурят, қалмақ тілдерінде эмэл (ер, ер-тоқым, бел, асу мағыналы) деген сөзден шыққан.

Жоғарыда айтқанымыздай, этимондар сырын біле түсү үшін, басқа да тіл фактыларына үңілген жөн. Мәселен, орыс тіліндегі грамота – гректің әріп (буква) деген сөзінен алынған.

Деревня сөзін кейбіреулер үйлерін ағаштан салғандықтан, осылайша атаған болар деп ұғады. Шындығында, деревня сөзінің орыстың дерево сөзіне ешқандай қатысы жок. Дерево сөзі литваның derva (сосна – қарағай), бретон тілінің dericnn (дуб – емен) сөздерімен байланысты; деревня сөзі – алғашқыда поле, кейіннен жер участесі, келе-келе селение – ауыл, коныс, құрылыш, қоныстану, ну орман – тоғайдан,

ағаштардан арылып, тазартылған ашық жер, яғни открытое поле деген ұғымды білдіретін сөзден шыққан.

Орыс тіліндегі дитя (бала) ертедегі үнді тілінде – *dhena* (сауын сиыр), грекше – *denion* (сүт), иран тілінде – *dinum* (емемін), гот тілінде *daddjan* (емшекпен тамақтандыру) дегендермен мағыналас, яғни емемін, сүт ішетін, сүтпен коректенетін деген мағынадан шығыпты.

Керінше де бола беретін көрінеді: бірсыптыра тілде бір мағына беретін бір сөз әр тілде әр түрлі этимоннан, әр басқа сөзден шығуы мүмкін. Мәселен, әйел (женщина) – латын тілінде *femina*, бұл тамақтандырушы, тамақ беруші (кормящая) дегеннен, грекше *potnia* – үй қожасы әйел (хозяйка) дегеннен, ағылшынша *woman* – ойлаушы, ойға батушы (думающая) дегеннен, неміске *weib* – еңбеккор, еңбек етуші, еңбектенуші (труженица) дегеннен, орысша женщина – туушы, босанушы (роженица) деген мағынадан тарапты.

Кейде бір сөздің этимоны бастапқыда бір бола тұра, кейіннен басқа-басқа мағына білдіріп те кетуі мүмкін. Мәселен, орыстың берег сөзімен немістің *Berg* сөзінің этимоны бір. Бірақ қазіргі мағыналары басқаша: неміске *Berg* – тау; орысша берег – жаға; сондай-ақ, орыс тіліндегі вить (сплетать – шаш өру) сөзімен этимондас болгар, серб тілдерінің витица сөзі керінше, бұйра (кудри) мағынасын білдіреді.

Академик Н.Я.Марр орыс тіліндегі сумерки (ымыртта, күн бата) сөзін ертедегі шумер тайпасының атынан шыққан деп түсіндірген-ді; ал А.А. Реформатскийдің айтуынша, су – ертедегі приставка; сөз түбірі – мерк (меркнуть); и – флексия; сонда бұл сөздің морфемалары – су-мерк-и.

Кейбіреулер орыс тіліндегі зонтик сөзін, рот-ротик, стол-столик сөздеріндегі сиякты, зонт түбірінен алынып, оған кішірейткіш ик жұрнағы жалғанған деп ойлады. Ғылыми түрғыдан алғанда, олай емес: бұл сөз Петр I тұсында голланд тілінің *Zonnedeck* (күнкағар) сөзінен ауысыпты; кейін ғана, келе-келе зонтик сөзінен зонт ықшамдалған.

Р.А.Будаговтың айтуынша, ағылшын тіліндегі *butterfly* – (көбелек) екі морфемадан құралған *butter* – май, *fly* – шыбын; сонда бұл сөз май (сарымай) тәрізді шыбын дегеннен біріккен; орыстың окорок сөзі, украинның крок

(адым) дегені, болгардың крак – аяқ сөздерінен, трус (қорқақ) – трясти дегеннен, дошлый сөзі – это тот, кто «до всего доходит» дегенінен, предмет сөзі – брошенное перед нами дегенінен алғынған.

Халықтың этимологияны ағылшынша – polk (popular) etymology, французша – étymologie populaire, немісше – Volksetymologie деп атайды; кейбіреулар мұны жалған («ложная»), ағылшынша false etymology – этимология деп те атайды. Шындығында, бұл – «жалған» емес, сөз мағынасын бірсыдырығы түсіндіретін тәсілдің бірі. Дәлденкірек түссек, біз жоғарыда: «халықтық этимология кейбір адамдардың кейбір сөз мағынасын өзінше топшылау жасап түсініктеме беруі», - дедік. Шындығында да солай: халықтық этимология – тіл-тілдегі кездейсок, басы артық, «ешбір пайдасызы» құбылыс емес; бұл тіл-тілде тапқырлыққа мезгейтін, сөз мағынасын дәл түсіндіруге немесе қабылдауға талаптанушылықтың бір көрінісі.

Деэтимологияланған құбылыстар да болады. Бір кездерде түбірлес, туыстас создердің мағына жағынан алшақтап, алғашқы жақындығы, бір негізден шыққандығы білінбестей дәрежеге жетуін деэтимологияланған құбылыстар деп те атайды. Деэтимологиялануға сөздің дыбыстық өзгеріске түсіп, өзі тараған түбірден алшақтауы, бір кездегі жақындығын танытпастай қалыпқа түсіру, дыбыстық қалпымен қатар морфологиялық құрылымын да басқаша түрге келтіруі т.б. себеп болады.

Мәселен, орысша обруч (сақина) және рука (кол) сөздері бір түбірден (қол) өрбіген; қазірде сақина мен қол сөздерінің жақындығы ұмытылған, яғни деэтимологияланған. Сондай-ақ, орысша долина және ладонь сөздерінің түбірі – дол (төменгі жақ); қазірде алқап, алақан мағыналарының о бастағы бір екендігі танылмastaй дәрежеге жеткен.

Егіз сөзінің түбірі – екі; кор, көз сөздерінің бастапқы түбірі - кө; қазірде түбір ортақтығы мүлдем аңғарылмastaй десе де болады.

Осындай ерекшеліктерді ескере келіп, кейбір лингвистер деэтимологизацияны фузия құбылысынан байланысты карастырады.

Мәселен, окно (эйнек, шыны) сөзінің түпкі төркінің ока (көз – глаза); қазіргі окно дегендегі Н – «қатып қалған»

жүрнәк; око сөйлеу тілінен шығып, тек кітаби тілде сақталған; мошенник (алаяқ, алдамшы, залым) сөзінің алғашқы мағынасы – карманщик (қалтага түсетін ұры, кошелок ұрлаушы); қазірде бұл екі сөз мағынасы – екі басқа; завтра деген сөз утро сөзімен байланысты шықкан; ертедегі бір формасы – заутра; горький сөзі «гореть» етістігінен алынған; қазір екі мағынада – азы, жану мағыналарында қолданылады.

Орыс тілінде кейбір зат есімдер деэтимологияланған: вилканың түпкі төркіні – вилы (айыр); мешок – мех; порошок – порох; крыльцо – крыло; сын есімдер: голубой – голубь, коричневый – корица, плотный – плот, прочный – прок; етістіктер: красить – краска, нравиться – нрав, сердиться – сердце, уметь – ум т.б.

Мұндай ерекшеліктер орысша – оправдание, казақша сіңісу құбылыстарымен байланысты болып келеді.

Тілде кейбір сөздердің алғашқы мағынасын ұмытқандықтан, бір кездегі түбірлес, этиноны бір создерді қатарлап, тіркестіріп қолданушылық та болады. Мәселен, белое белье, белые лебеди, кислый квас, черные чернила деп айта береді. Шындығында, бельенің өзі бастапқыда ақ матадан жасалғандықтан, белье деп аталған; акқудың өзі – ақ; квастың өзі – азыған тағам; мешоктың өзі алғашқыда меҳтан, чернила кара сұйық заттан жасалып, осылайша аталған. Мұндай қолданыстарды қатахрез (грек сөзінен алынған, орысша – злоупотребление, казақша – қиянат ету, теріс пайдалану) деп те айтады.

Тілдегі сөздердің қыр-сыры өте көп екенін айттық. Оларды әркім әр түрлі мағына бере қолдануы мүмкін. Сөздер сөйлеуші мен жазушының ырқына көне береді, былайша айтқанда, «қалай айдаса, солай жүреді». Сондықтан ойды дұрыс құрып, оны дұрыс түсіну керек.

Сөз мағынасына жетеп түсінбеушілік немесе сөзге басқаша мән беру салдарынан болатын қателіктер жөнінде тілімізде көптеген азыз әңгіме бар. Соның бірі – Алдаркөсенің Бізбикешті алып кетуі жөніндегі азыз.

«...Бай кетісімен, Алдар бәйбішеге жүгіріп келіп:
– Ал қызыңды киіндір! – деді.
– Е, не үшін?

– Баймен келісіп, Бізбикешті алатын болды... Эйтпесе өз құлағыңмен естіп қал! – деп, сыртқа шығып, көп жерге барып қалған байдың артынан айғайлайды.

– Эй, бай! Бізбикешті бермей жатыр бәйбішен! – деп, «Бізін» қаттырақ айтып дауыстады.

– Эй, бәйбіше, бер, бер. Жоғалт соның көзін! – деп айқайлайды бай.

Алдар анау-мынау дегенге көнбестен, жасауын буыш, қызды атқа мінгізеді» («К.Е.»).

Екіншісі – шанғақ туралы аңыз. Ертедс бір ұры ұсталып қалады. Астына мінгені өгіз екен. «Айналайындар, өзімді ұстасаң ұста, шанғақ еді өгізім, мұрнынан ұстайкөрмендерші!» – деп безек қағады ұры. «Бұл не сандырактап тұр» дегендей, ұрыны ұсташылар ұрының өгізінің мұрнына жармасады. Сол кезде ұры өгізін тебініп қалады. Өгіз ата жөнеліп, жаяуға да, аттыға да жеткізбей кетеді. Сөйтсе, ұрының өгізі шанғақ екен. (Шанғақ – сиыр тұқымдастың ең жүйрігі деген сөз). Ұры сөзінін мағынасын түсінбегендіктен, оның қашып құтылып кетуіне ұсташылардың өздері себепкер болады.

Үшіншісі, күйеуінің «Соғымыңның кобін ұзын сарыға сақта» (ұзын сары – қазақ ұғымында ақпан, наурыз айлары, «көк өзек уақыт») дегенін түсінбеген әйел бір күні үйіне ұзын бойлы сары адам жолаушылап келгенде, бар-жоғын түгел асып бергені туралы аңыз.

Төргіншісі – «Тапқыш» әңгімесіндегі Отарқұлдың басынан өткен жай. Отарқұл екі рет ханның жоғалған мал-мұлқін тауып беруге себепші болып, «Тапқыш» атанады. Бір күні хан осы шын тапқыш на екен, жок өтірік пе екен, сынайыншы деген ойға келеді де, далаға көгалға шығады. Бір шегіртке кетіп бара жатыр екен. Хан бір ұмтылады, – ұстай алмайды; скі ұмтылады, – ұстай алмайды; үшіншіде барып қолына түсіреді. Отарқұлды шақырып алып: «Шын тапқыш болсан, колымдағы не? Соны айт. Эйтпесе мал-мұлқімді үрлап жүрген өзіңсің. Басыңды алам!» – дейді.

Шын қысылған Отарқұл ағынан жарылып: «Тақсыр-ай, бір секірдім – құтылдым, екі секірдім – құтылдым, үшіншіде – тұтылдым-ау!» - дейді.

Отарқұлдың сөзіне өзіншіе мән берген хан мәз-мейрам болып, қолындағы шегірткесін босатып жібереді де, Отарқұл олім тұзағынан құтылады.

§ 11. Халық этимологиясы

Халық этимологиясы күбылышын ағылшындар polk (popular) etymology, француздар - etymologie populaire, немістер welksetymologie деп атайды. Кейбір лингвистер мұны жалған (орысша – «ложная», ағылшынша false) этимология деп те атайды. Шындығында, бұл – жалған емес, сөз мағынасын бірсұйырғы ерекшеліктермен қолданып, түсініп-түсіндіру тәсілінің бірі.

Халық этимологиясы – тілдегі кездейсоқ, басы артық, «ешбір пайдасыз» күбылыш емес, бұл – тіл-тілде сөз тапқырлықта мезгейтін, сөз мағынасын өзінше дәл түсіндіруге немесе қабылдауға талаптанудың бір түрі.

А.А.Реформатский мынандай бір мысал келтіреді: «Молочница рассказывала, что муж у нее солист. На вопрос: «В каком же он ансамбле?» – недоуменно отвечала: «Нет, он у меня по – капусте, раньше он был по огурцам»...

Сонда тұздаушы (қияр, капуста тұздайтын адам) дегенді әйел итальянның soloist – солист сөзімен шатастырып алған да, солить сөзіне орыстың ист жұнағын қосып, тұра мағынасында қолданған. Ал оны тыңдаушы екінші әйел солист сөзін кірме, терминдік мағынасында қабылдаған.

Сәбит Мұқановтың «Сырдария» романы кейіпкері Сыrbай экскаватор дегенді – «іске батыр», less (құнарлы боз топырақ, минералды тыңайтқыш) сөзін «үлес» деп, қазақ ұғымына жақындастыра сөйлемді. Сәкен Сейфуллинің бір кейіпкері сөзінде: «Осы Сатекен сөзді өзгертіп ала қоядый! «Осоавиахим» деген сөзді ылғи естіп, біліп жүрсе де, «Асаубай әкім» дейді, – деген сөйлем бар.

Бұл текстердегі солист, іске батыр, үлес, Асаубай әкім – халық этимологиясы бойынша жасалған сөздер. Бұл мысалдарға қарағанда, халық этимологиясын кейбір адамдардың кейбір сөз мағынасын өзінше, түспалдалп, өзіншетопшилау жасап түсініктемеберуі деп тұжырымдауға болады.

Лингвистикалық әдебиеттерде халық этимологиясы деген не деген сұраққа әр түрлі анықтама-түсініктемелер беріледі.

Мәселен, А.А.Реформатскийше, сөздегі дыбыстық зандылықтарды, сондай-ақ, сөз мағынасындағы және сөздің грамматикалық құрамындағы өзгерістерді ескермей, бұрын өзіне белгісіз немесе мағынасы жете түсініксіз сөздерді алғашқы естілуіне ғана қарап өзіне танысырақ сөзге жақындатып алу және сол мақсатпен сол бейтаныс сөздің дыбыстық құрамын өзгертіп жіберу халық этимологиясы деп аталады.

Перетрухинша, шығу тегі жағынан әр түрлі сөздерді әркімнің өз ұғымы-түсінігіне жақындастып қолдануы халық этимологиясы немесе жалған этимология деп аталады.

Будаговша, халықэтимологиясы дегеніміз – ішкі формасы түсініксіз көрінген сөзге белгілі бір адамның өзінше мән-мағына беріп, оны ұғынықтырақ ету амал-тәсілі.

Розенталь мен Теленковаша, халық этимологиясы дегеніміз – кірме сөздерді өз ана тілі сөздерінің дыбысталу қалпына салып алу және соған орай, өзіне түсініктірек мағынаға жақындату, кейде ол сөзге өзінше мән-мазмұн беру. Мұндайда халық этимологиясын қолданушының кірме сөздің шығу тегінің реалды факторлары дегенде шаруасы жоқ, - кірме сөздің тск сыртқы пішін-тұлғасы, дыбыстық жағынан кездейсоқ ұқастырылуы; ондай сөздерге басқашалау мән-мағына берілуі: сөздің сыртқы түр-тұрапатының өзгеріліп қолданылуы. Шындығында, халық этимологиясы халықтың фольклор сияқты нағыз шығармашылығы десе де болады.

Жоғарыда келтірілген анықтама-сипаттамаларға қарағанда халық этимологиясына жатқызылатын құбылыстар: генетикалық жақтан бөтен тіл лексикалық единицасы дыбыстық құрамының ассоциациясы негізінде кездейсоқ ұқастырылуы; ондай сөздерге басқашалау мән-мағына берілуі: сөздің сыртқы түр-тұрапатының өзгеріліп қолданылуы. Шындығында, халық этимологиясы халықтың фольклор сияқты нағыз шығармашылығы десе де болады.

Халық этимологиясы адамның өзіне таныс сөздері қалыбына салынып түсіндіріледі. Адам өзіне тосын сөзді алғаш естігендеге, ол туралы жалған ұғым-әсер алып да мүмкін; осыдан келіп оны өзіне мәлім байырғы топ сөздің біріне ұқсатуы да мүмкін.

Мәселен, орыстың ауызекі сөйлеу тілінде пиджак сөзін спинджак деп қолданушылық бар. Ондағы дәлелі: бұл сөз спина сөзінен шыққан деп түсінуден. Сондай-ақ, полуверді

– полувер деп айту полу, половина (жарты, жартылай) сөздерімен байланысты деп ұғудан.

Қазірде халық этимологиясы – тіл-тілде айтарлықтай орын тепкен, тіпті әдеби тілдің әр саласына-ақ кіріп алған құбылыс. Сөйтсе де, қауым мүшелерінің сауаты мен жалпы сейлеу мәдениеті арта бастаған сайын халық этимологиясы құбылысы бірте-бірте жоғала бастауға тиіс. Дегенмен бұлар әзірше бар және олар тез-ақ жойылып кетеді деу ертерек.

Керек десеңіз, халық этимологиясы – ұлттық тілдің дамуы мен байи түсінің, лексикасын толықтырудың бір көзі (бір жолы). Халық этимологиясы – лексикалық единицалардың сыртқы (формалды) және семантикалық ұқсастықтарын құрделі байланысының көрсеткіші. Халық этимологиясы процесі тіл қызметі заңдылықтары мен тіл жүйесіндегі сөздер өзгерісінің көп қыр-сырын ашып беруге де көмектеседі.

Мұны халық этимологиясы туралы айтылыш жүрген мынандай пікірлерден айқын аңғаруға болады: халық этимологиясы – «тіл жүйесінің сезімі («чутье систем»); халық этимологиясы – «қалыптасқан дәстүрлер мен салт-санага байланысты тіл өмірін бағыттаушы этимологиялық табиғи инстинкт» (Х.Касарес. Введение в современную лексикографию. Изд.иностр. лит.-ры. 1958, стр. 56).

Халық этимологиясы сөз мағынасы мен оны жеткізу формасы арасында бұзылған тепе-тендікті қалпына келтіруге көмектесе алады.

Көп жағдайда халық этимологиясы сөздің сыртқы формасын өзгерте отырып екінші бір номинацияның бір түрі ретінде көрінеді деуге болады. Сондықтан халық этимологиясы құбылыстарын жүйелі функциясы тұрғысынан қарастыру керек. Сондай-ақ, халық этимологиясы құбылыстарын онымен сырттай ұқсас, аралас құбылыстар – **аналогиямен, паронимдермен шатастырмая** керек; фонетика-мағыналық **контанимациядан** ажырата білу керек.

Мәселен, халық этимологиясы мен аналогияны біріктіретін, ұқсастыратын, ортактастыратын бір нәрсе: бұл екі құбылыстың екеуінде де адаптациялық сипат болады. Мәселен, спинджак, гульбар дегенде, бұлардың пиджак, бульвар прототиптері ойда тұрады десе де болады.

Дұрысында, мұнда сөздің шын атауынан аса көп ауытқу жок, – соның негізгі мағынасына жакындаушылық бар.

Халық этимологиясы және фонетика-мағыналық контаминация процесі бойынша лексикалық бір единица элементі екінші бір лексикалық единица құрамына өтіп кете алады.

Дәлірек айтсак, фонетика-мағыналық контаминация, яғни бір-біріне жақын келген мағыналас лексемалардың бірігуі мен халық этимологиясының үндесуі жана бір сөз тууына экеп соғады. Мәселен, орыс тілінде шамкатъ және чавкатъ етістіктерінің бірігуі нәтижесінде шавкатъ етістігі – сөзі пайда болды; уважать және обожать сөздерінен убажать пайда болған; преподаватели және педагоги сөздерінен преподагоги пайда болған.

Халық этимологиясы мен паронимдерді де бір-бірімен шатастыруға болмайды. Мәселен, орыс тілінде котироваться мен кодироваться, сбитый мен взбитый дегендер жеке-жеке сөздер. Бұлар – паронимдер. Сондықтан мұндайлар халық этимологиясы құбылысына жатқызылмайды, дұрысы, паронимдерді халық этимологиясымен шатастыруға болмайды.

Әдетте, халық этимологиясына жатқызылатын сөздер бір сөзді екінші бір сөзге ұқсату-үндестіруден пайда болады; ондайда ол сөздердің формалдық ұқсастығы да басымдық етеді. Мәселен, керосин – карасин (қазақша кәрәсін) сөздерін дауыстылардың буын аралық ассимиляциясы деуге де болады, карась сөзіне ұқсатудан пайда болған деп қарауға да болады.

Сондай-ақ, кретон (французша cretonne – қалың макта, мата) орыс диалектісінде – Харитон, динамит – демит, Леонид – Левонид, Радион – Радивон, паук – павко, паква, павел түріне өзгертіліп, халық этимологиясы принциптері бойынша жасалған.

Әдетте, халық этимологиясы қатарына жатқызылатын сөздер бойында, негізінен, басты-басты үш түрлі ерекшеліктің кем дегенде бірі табылуға тиіс. Ол ерекшеліктер мыналар: біріншіден, сөз белгілі бір дәрежеде фонетикалық өзгеріске ұшыраған болуға тиіс; екіншіден, сөздің семантикасы айтушының (қолданушының) өз ұғымы мен тілінің ерекшелігіне бірсыдырғы: сәйкестендірілген

булуға тиіс; үшіншіден, ол сөзді қолданушының сол сөзді дәл солай айтуының өзіндік дәлелдемесі (мотивация) болуға тиіс.

Мәселен, жоғарыда келтірілген экскаватор – іске батыр, лесс – үлес, осоавиахим – Асаубай әкім, пиджак – спинджак сөздеріне қайта бір оралайық: біріншіден, экскаватор терминінің дыбыстық құрамы іске батыр түріне ауысып, фонетикалық өзгеріске ұшыраған; былайша айтқанда, сөздің сыртқы формасы «қазақыландырылған»; екіншіден, экскаватор терминінің бастапқы семантикасы негізінен сакталына отырып, осыған қосалқы, ұстеме мағына жапсырылған, былайша айтқанда, сөз семантикасы «ұлттық ұғымға жақыннатылған»; үшіншіден экскаваторды «іске батыр» түрінде қолдану дәлелдемесі: экскаватор – күшті техника, ол тындырмайтын жұмыс жок, былайша айтқанда, «алып та жығады, шалып та жығады» сияқты түсініктерді бадырайта түсу. «Үлес», «Асаубай әкім», «спинджак» халық этимологияларының жасалу амалдары мен дәлелдемесі де осы тәріздес.

Тіл-тілде халық этимологиясы кірме сөздерде, диалектизмдерде, ауызекі сөйлеу тілінде, ономастика мен топономика салаларында, балалар лексиконында көбірек кездеседі. Халық этимологиясының экспрессивті-эмоционалды және стилистикалық ерекшеліктері басым болады; халық этимологиясы ұлттық, халықтық реалилерге аса бай келеді; халық ауыз әдебиеті үлгілерімен астасып, қабысып жатады; адамның ой-өрісі, ақыл-парасаты жақтарын да қамти отырады; әзіл-оспак, юмор-сатираға, сөз тапқырлық пен дәлдікке толы болады.

I. Белгілі бір кірме сөздер мағынасын кейде әдейі бүрмалап, кейде әдейі өзіндік мән-мағына берушілік тіл-тілде халық этимологиясын туғызады. Сондай-ақ, тіл-тілде кірме сөздер мағынасын алғашында жете түсінбеушіліктен, оның этинонын басқаша, бірақ соған дыбыстық ұқсастығы бар сөздермен алмастыруышылық та халық этимологиясына жатады.

Мәселен, **ростбиф** – ағылшының roast beef (куырылған ет) деген сөзі. Ауызекі тілде халық мұны розбив деп атайды; оның себебі: бұл сөз орыстың разбить дегенінен шыққан деп түсінеді.

Сондай-ақ, орысша верстак немістің Werkstatt сөзінен алынған. Кейбіреулер оны верстать, разверстать дегенмен бірдей деп ойлады. Ал plutokratia – гректің байлық (плутос) деген сөзі; қазірде plutokратия – капитал үстемдігі дегенді білдіреді. Бірак оның қайдан, қандай мағынадан шыққанын білмеген адам бұл сөзді орыстың plut (алдамшы, өтірікші, мұттайым, жылпос, алаяқ) сөзімен төркіндес деп ойладап, осы мағынада түсінуі мүмкін. Сол сияқты палисадник – латынның palus (столб, столб-садик) мағыналы сөзі; оның этимонын білмегендер бұл сөз полусадик – жартылай кішкентай бақ дегеннен шыққан немесе кішкентай бақ деп үгады.

Кірме сөздер мен атауларға бұрма түсінік беріп, нобайлап айту қазақ ауызекі сөйлеу тілінде де кездеседі және ондайлар көркем әдебиетке де еніп кеткен: – Ойдойт дерсің, бізден де демеугөк шықты ма? – деп, Жұмабай мырсылдаپ тағы құлкіге басты... Қыстау күзетіп, балық сатуды кәсіп қылған Пуркепи дейтін орыс та көшіп келді (Б.Майлин). Жаудырса зомды әуеден, жауынан қорқып бұқпаған (Жамбыл). Экулай келіп, тағы да таставактай қағыстырса, шынымызды айтқызады, – дсп, ең жақын тұрған қауіптерін айтты. Қазынадан ол өгіз, алты ат, бес бірішкі, екі тілді үш соқа берді. Бенке, сенке, реске деген машиналарымыз және толып жатыр (F.Мұсірепов). Жиын Семей оязының бар қазақ болыстарынан жиылған «Шербешнай сияз» деп аталады (М. Әуезов).

Бұл сөйлемдердегі демеугөк – демагог; Пуркени – Прокопий; Экелай – Иван Акула; бірішкі – бричка (арба); бенке – веялка; сенке – сеялка; реске – резка; шербешнай сияз – чрезвычайный съезд. Сондай-ақ, ертеректе орысша нашар билетін қазактар мұжық (мужик, мужчина), мақан (мясо), бараншік (сын, сынок), мәтүшке, маржа (матушка, Мария т.б.) деген түрде айта берген.

Кірме сөздер мен әсіресе бөтен халық өкілінің атесімі ғана емес, қазақтың төл созінің озі де белгілі бір қолданыстарда халық этимологиясы болып шығуы мүмкін. Мәселен, – Бармайды, – деді Қалтөре. – Қарқаралық жағдайды тындалап отыр. Одан кейін оп-пері болады, оп-пері! (Байғұтов – Болатова материалынан).

Мұндағы халық этимологиясы халықаралық деу орнына – топоним Қарқараны қолдану арқылы, опера орнына оппері деп қазақшалау нәтижесінде жасалып отыр.

II. Ертерек кездерде орыстар ауызекі сөйлесу тілінде кооперативті – куператив, капиталды – копитал деп қолдана беретін. Ондағы дәлелі (мотиві) мен өзінше беретін ұғымы: купиравтивтен бірдеме сатып алуға (купить можно) болады; ал копитал дейтіні – ақша жинауға (копить деньги) болады деп ойлайтыны. Ондай адамдар бұл сөздердің ғылыми этимологиясын білмегендіктен, олардың мағыналарын өзінше топышылаған. Шындығында, кооператив – латынның opus, operis (ic) және cooperare (бірлесіп істеу, қызмет ету) сөздеріне, ал капитал – capititis (бас), capitalis (негізгі) сөздерінен шықкан.

III. Халық этимологиясы кейде сөзге ирониялық сипат береді: соған орай, сөзді әдейі, көне-көріне бұрмалап қолданушылық та кездеседі: фельетон – клеветон; микроскоп – мелкоскоп; бульвар – гульбар; поликлиника – полуклиника; серъезный – суръезный; губернантка – губернянка; молоток – колоток; лопатка – копатка т.б.

Мұндай құбылыстар жас балалар тілінде (лексиконында) де бар. Мәселең, тілі орысша шықкан казақ баласынан балмұздакты неге жей бересін деп сұрағанда, аузыңа салсан болды, тез тайып кетеді деп жауап бергеніне таңдануга болмайды. Өйткені ол бала орысша быстро растағып дегенді казақшаға дәлмс-дәл аударып тұр.

IV. Халық этимологиясының ономастика саласындағы көріністері. Халық этимологиясының экспрессивті-стилистикалық қызметі айырықша. Олар кірмс кісі аттарын қазақ тілі дыбыстық зандары мен қазақ ұғымына жақыннату әрі шығарма геройының әсіресе жағымсыз ic-эрекетін бадырайта түсү үшін де көбірек қолданылады. Ондайда халық этимологиясы сөздерге ирониялық, сарказмдік сипат, кейде портреттік пішін, геройлардың кәсіби және қызмет бабына байланысты қылыштарына өзіндік баға-сипаттама, астар береді. Көп жағдайда белгілі бір термин немесе сөз бен сөз тіркесі оны қабылдаушы – қолданушы өзіне таныс сөзімен түсіндіріледі, өзінің білім дәрежесі деңгейінде ұғындырылады.

Мәселен, Шыңыс Айтматов «Жан пида» романының геройыныңаты – Бостон. Америкада Бостон деген қаладабар. Бұл екі сөз – бұл жерде бір-бірімен омоним. Ал оны, Бостон деген есімді атаған адамды екінші біреу Америка қаласын, яғни американ салт-сана, дәстүр-саясатын дәріптейді деп айыптағысы келеді. Шыңдығында, бұл омонимдер – нағыз халық этимологиясынша түсіндіру, сәйкестеу принципі бойынша жасалғандар. Ал қарастыра келгенде, қырғызша бостон – сұр тон деген сөз. Сондықтан оны кісі атымен де, қала атымен де шатастыруға болмайды.

Орысша генерал сөзінің қазакша жандарал, жанарап, жаналар болып өзгеруі: – сөздің дыбыс құрамының халық тілі заңын бағындырылуы әрі халықтың бұл атауға деген өз ұғым-бағасын қоса түсу салдары.

Пресонаж-кейіпкердің ішкі-тыскы ерекшеліктері мен көзгетүссернегізгі белгілері – халық этимологиясын жасаудың бір жолы. Мәселен, Сәкен Жунісовтің бір геройы Остапты қазақтар Ұстап деп атайды; Әbdіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен терінде» Селиванов фамилиясы қазакша Сілейбанов түріндес аталады. Екі ат-есімнің екеуінің дс «қазақылану» дәлелдемесі – алғашқының әкіренде, әркімді бір ұстап, азаптап, жәбірлеуі болса, соңғысы сілейту (сілейтіп ұру) мағынасына ие болудан.

Сондай-ак, қазақтар революциядан бұрынғы кездес орыстардың қанаушы, езуші тобының аттарын қызмет бабы мен профессионалдық белгілеріне қарай түрлеп-түстеп, халық этимологиясына айналдырған: Сойкин – Сойқан; Борис – Барыс; Обручев (ояз) – Обырыш (озбыр – казакша жемқор деген мағынада); Федор – Шодыр (тентек, ұрдажық деген мағынада); Тевкелев – Теуіпкел; Александр – Әлексалды; Коновалов – Қанабал (қанаушы); Карбышев – Қарапұшық; Карательный отряд (жазалаушы отряд) – Қарі кылыш; Сибир – Сімір т.б.

Жоғарыда, айтылған пікірімізді дәлелдеу мақсатымен бірер мысал келтіре кетейік: 1. – Шодырың (Федор дегені) балық керек деп шолтаңдал жүр... Мінезіне қарай ел арасында «тентек Шодыр» атаған кісі (Ә. Нұрпейісов). 2. – Бұл указды 1731 жылы А. И. Тевкелев әкеліп таңсырды. Қазақ жерінде Тевкелевті «Теуіпкел» атап кеткен.

– Жарайды, Теуіпкелдің келе жатқанын естідік. Ол неге келе жатыр екен?

Кайсымызды теуіп кетпек (Есенберлин). 3. Аканның сазайын тартқызған Қанабал мен ел әкімдері екен (Жұнісов). 4. Әлгі ақ көз Жебірелі мен Әлексалдысы көзге түспеді ме? (Есенберлин). 5. Сендерге не болды? Қалеңді Сімірге (Сибирь дегені) айдатсам қайтеді деп отырмын, – деді Құдайменді шытынап (Нұрлайісов).

Ономастикага байланысты халық этимологиясы орыс тілінде де айтарлықтай. Мәселен, Қобыш фамилиясынан – Қабан, Кабанчик, Кабануха антропинимдері, Васильевтен – Сельд Иvasи, Маслоковтан – Масло, Маслак, Масалыга, Маслик, Садриевтен – сарделька, сосиска, Бородиннан-Борода аттары пайда болған.

V. Халық этимологиясының пайда болуының енді бір жолы – сөз ассоциацияларының логика-фонетикалық сипатқа ие болуы. Мұндайда да сөзге экспрессивті астармін беріледі. Мысалдар: – Сен христианынды айтасың. Мұнда хуторлардан келген неміс баптистері де бар, – деп мұжық күлді.

– Мә, саған! Баптас дегені де бар ма еді тағы? – деп, оған Ыбырай қосыла күлді (С.Жұнісов).

Мұндағы дәлелдеме: баптас - «баптау» етістігінен шыққан деп топшылау.

Әзіл-оспақ ретінде қолданылған кейір сөздер халық этимологиясымен ұласып жатады. Мәселен, параллелограмм термині параллель және грамм сөздерінен күралған болар деп ұғынылады; қазақша мендуана сөзі мен – дуана (орысша «ведьма»), ашқарақ – аш жәns қарак (қаракшы сөзімен төркіндес деп үкқандықтан) сөздерінен таралған деп түсіндіріледі.

Сондай-ақ, «Әй, осыны тостағанмен ішейікші. Тостаған деген сөздің өзі «тост», «тост айту»-дан пайда болған той. Сосын тосты айтып-айтып ыстықтаған кезде ыстақандап ішеміз» (ауызекі сөйлеу тілі). Бұл текстте тостаған таза қазақ сөзі екенине қарамастан, тостан, стакан – ыстықтан шыққан екен деп топшыланады. Дәлелдемесі жаңсак. Бірақ, солай бола тұра, сөздер мағынасы халық этимологиясы принциптері бойынша қолданылып та, түсіндіріліп те отыр.

VI. Халық этимологиясының топонимикасы саласындағы көріністері. Қазақта ономаларды жер-су аттарын әркім өзінше топшылап, мұғдарлап, тұспалдап, түсіндірушілік бар. Ондай түсініктеменің кейбірі – дұрыс, кейбірі шындығанда да нобайлау, тұспалдау болуы, ал енді бірі ғылыми этимологиямен қабысын жатуы да мүмкін.

Мәсслен, С.Мұқановтың «Мәлдір маҳаббатында» Қостанай қаласы атының шығуы былайша түсіндіріледі: «Қайракбай ексуімізге «Қостанай» аталатын себебі: Қыпшақта Қанғожа, Балғожа дейтін атақты адамдар болған. Солардың шешесі Қостанай деген кемпірдің қалаға түскен жерде үлкендігі обадай зираты бар. Қалаға соның атын қоя салған. Қостанай егіз туса керек. Сондықтан әке-шешесі: «Қостанай», яғни «екі ай бірдей туды» деп, алғаш туған қыздың атын «Қостанай» қойса керек.

Қазақ халқы атының этимоны жайында пікір, талас, жорамал өтс көп. Кейбіреулер қазақ сөзін қазақ – қашақ – кезбек сөздерімен байланысты қарауға тырысады: Қашағы – Дон қазактары; Кезбегі – Казбек; Қазақ – қайсақ дегендегі қайсақ – парсы тілінде патшаның сактары, жасауылы деген сөзі; Қапсақ – Қап тауының сактары, Кавказдан ауған жұрт деген сөз; Ақсақа – Қарасақа – Құбасақа – Бауырсақа дегендегі Қарасақасы – қазіргі якуттар; Бауырсақа – тұрандықтар; егіншілікпен айналысқан халық; Ақсақасы – Темір (Өмір Темір, ақсақ Темір) әuletі; Сахи сөзі – такуа, шөп адамы, дала философиясы деген сөз. Будди діні негізін қалаған Сақия Муни – осы даланың перзенті деседі. Ал қазақ, қаздай ақ – көшпелі жұрт, тіркесіп, тізіліп көшетін халық дегенге келеді. Қазақ сөзінің осындағы мағынасын Абай да тұспалдап жасаған.

Топонимдер – реалийгс толы құбылыс. Ұлттық, халықтық сипат топонимдерден айқын корінеді. Былайша айтқанда, олар анадайдан «мен мұндалап» тұрады. Ондайда топонимдер лексикаланады: Бестоғай, Шешенбай, Ақтам, Арланқойған, Асубайқарақышы, Найманқашқан, Шалсүрінген, Тақайқазған, Құланқырған, Қызтуған, Кемпірөлген, Қарасай т.б.

Көптеген топонимнің шығу жайы халық азызы арқылы түсіндіріледі: Моншақты, Баянтау, Таракты, Домбыралы,

Қарқаралы, Оқжетпес, Барсакелмес, Жұмбактас, Сабындықөл, Жамантау, Ерқатын, Арықбалық т.б.

Халық этимологиясы **Шажағай** атты кішкентай өзен атын Шажы ағай сөздерінен шыққан деп түсіндіріледі. Шындығында, түркіше чажа – найзагай, ал қай – кішірейткен жүрнақ.

Қарағанды қаласы маңында Ялта атты елді мекен бар. Мұның Қырымдағы Ялтаға ешбір қатысы жоқ. Шынтуайтына келгенде, бұл қазақтың алты үй деген сөз тіркесінен шыққан топоним. Бұл тіркес алтуй түрінде айтыла келе, орыстар үшін **Ялта** болып шыға келген.

Атбасар топонимі ат – басар сөзінен шыққан деп түсіндіріледі. Шындығында, бұл жер о баста ат базар болуы да ықтимал. Базар мен басар омоним ретінде ұғынылуы да мүмкін. Көп жағдайда халық этимологиясы «автор еркіне» байланысты болып келеді. Былайынша айтқанда, автор: «Пәлен сөздің түпкі төркіні пәлен екен» дей салуға бар. Ал бұл, сайып келгенде, кейбір сөздерді халық этимологиясынша түсініп- түсіндіруге әкеп соғады.

Жамбыл облысында Аса, Талас атты елді мекен, өзен бар. Ғылыми тұрғыдан қарағанда, ас-су, өзен деген сөз; тал – ағаш тұқымдас өсімдік. Ал азыз бойынша, аса таяқты жерге бойлата тығып жібергенде, астынан су ытқып шығыпты; содан алдымен бұлақ пайда болыпты-мыс; келе-келе өзенге айналыпты. Халық этимологиясы бойынша, Аса топонимі осылайша пайда болған. Ал Талас топонимнің Тал және ас – тал суы, тал өзені дегендерден шыққаны құдік туғызбасқа керек.

Қатынкамал топонимнің шығуын азыз былайша түсіндіреді: жаудан қорғану, балаларын аман сақтап қалу үшін қамалды, бекіністі жасаған өңкей әйелдер екен.

Ал **Қатынақ** топонимі **қатын** сөзі мен ақ жүрнағы қосындысынан шыққаны қындық туғызбайды.

Шу қаласы, Шу өзені дегендегі топоним Шу, кейбір ғалымдарша, Қытай – Тибеттің шу, чу –су, өзен сөзінен шыққан. Ал шындығында ертедегі қазақтар бұл өзенді Суяб, Чуяб деп атапты. Шелек топонимі – чсл (жел) және ек жүрнағы қосындысынан (желді – ден) шыққан.

Қазақтың кейбір топонимдерін орыстар да өз тілі нормасына сәйкестендіріп алған. Мәселен, Саратов – сары

тау, Кокчетав – көкше тау, Калагир – құла айғыр (саврасый, жеребенок), Карагино – кара егін (черный посев), Кандагач – қанды ағаш (кровавое дерево), Боровое – Бурабай т.б.

Топонимдердің шығуын халық этимологиясы принципі бойынша түсіндіру орыс тілінде де жиі ұшырасады: Архангельск облысында Шеговары деген жер бар. Анызға қарағанда, бұл жерде I Петр аялдаған екен. Аспазхохол I Петрден: «Шеуо варыти?» - Не тамақ істейін? – деп сұраптымыс. Содан бері бұл жер Шеговары атанып кетіпті.

Анызға қарағанда, сол Архангельск облысындағы Няндома қаласының аты Нян есімді жігітке байланысты шыққан көрінеді: сол жерге сә бірінші болып Нян үй («дом») салған екен де, жер аты Няндома аталып кетіпті. Тағы да сол облыстағы Шалакуша деревнясы алғашында шалашта (құркеде) тұрган Күш деген адам атымен аталған. Мұндай мысалдар өте көп.

Топонимдер, негізінен экстралингвистикалық факторларға, дәлірек айтқанда, тарихи оқиғаға, мәдени паралельдерге, тұрмыстық құбылыстарға т.б. байланысты туады. Мұндай ерекшеліктер топонимдердің құрылымдық жақтарына әсер етеді.

VII. Халық этииологиясының балалар тіліндегі көріністері. Эдетте, зерттеушілер балалартілінің түрлісалада дамитынына назар аударады: бала тілінің фонетикалық жақтан дамуы; бала тілінің грамматикалық құрылымы жағынан дамуы; бала тілінің семантикалық жақтан дамуы. Бала тілі творчествалық сипатка толы болады. Бала тілінің творчествалық сипаты ең алдымен семантикалық деңгейден айқын көрінеді. Бала естігенін қайталап қана қоймайды, мүлдем жаңа құбылыс ашуга, жаны құмар келеді.

Мәселен, шешесінен гастрит, радикулит, холецистит сияқты ауру атын естіген бала: – бұлардың бәрі иттің ауруы ма? деп сұрайды.

Балалартілінің экспрессивті-эмоционалды, көркемдегіш, бейнелсуіш мәні айырықша. Мәселен, балалар норканы – норамен (үнгір), раковинаны – ракпен (раковь – қабыршақ) байланыстырады. Мұндай қолданыстар – сөз мағынасын алмастырудың метонимия түрі.

Бала тілінде антонимдер көбірек қолданылады: ірі-қара және кішкентай қара мал; қыста сыйлықты Аяз- ата, жазда Ыстық ата береді: ашық сабақ – жабық сабак; қара су емес, ақ су (не чорная вода, а белая вода) т.б.

Балалар тұракты тізбектер – фразеологиялық единицалар құрамындағы сөздер мағынасын тұра, номинативті мағынада түсінеді және өздері де солай қолданады: «Тіліңен айналайын, – деген әжесіне бала: – Әже, тілімнен қалай айналасың, аузыма сыймайсың ғой, – деп жауап береді.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|------------|
| Тілдің лексика жүйесі мен құрамы..... | 3 |
| § 1. Лексикологияның негізгі объекті – сөз..... | 7 |
| § 2. Лексиканың қорлану жолдары..... | 13 |
| § 3. Тілдің актив және пассив лексикасы жөнінде..... | 27 |
| § 4. Тілдің стильдік қабаттарына байланысты лексика..... | 46 |
| Семасиология..... | 51 |
| § 5. Полисемия..... | 52 |
| § 6. Сөз мағынасының кеңеюі, тарылуды..... | 54 |
| § 7. Сөз мағынасын ауыстырып қолдану жолдары мен түрлері..... | 60 |
| § 8. Омонимдер және олардың түрлері..... | 81 |
| § 9. Фразеология және фразеологиялық единицалар..... | 97 |
| Этимология..... | 102 |
| § 10. Фылыми этимология..... | 103 |
| § 11. Халық этимологиясы..... | 114 |

Әмеди ХАСЕНОВ

ТІЛ БІЛІМІ

Редакторы *Жанғали Хасенов*

Техникалық редакторы *Ерлібай Қадырбай*

Компьютерде терген және корректоры *Марал Сахиева*

ИБ № 97

Теруге берілген күні 20.10.2007 ж. Басуға кол койылған
күні 25. 11.2007 ж. Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$ Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі “Times New Roman. Офсеттік басылыс.

Есептік баспа табагы 8. Таралымы 2000 дана.

Тапсырыс № 1153

“Ер-Дәulet” ақпарат агенттігі” ЖШС.

Астана қ., 9-мамыр көшесі, 24/36. тел: факс - 38-43-43.

ISBN 9965-436-43-6



9 789965 436437

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
“Атамұра корпорациясы” ЖШС-нің Полиграфкомбинатында басылды.
050002, Алматы қ., Макатаев к., 41.